

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
ДІН ІСТЕРІ КОМИТЕТІ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК-КОНФЕССИЯЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР**

ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ

Мемлекеттік қызметкерлер үшін

Астана – 2014 ж.

УДК 348
ББК 67.400.1
Қ 18

Жауапты редактор:

Ғ.Н. Шойкин,

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Дін істері комитеті Төрағасы,
саясаттану ғ.к.

А.П. Әбуов,

Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы директоры,
филос. ғ. к., профессор

Құрастырушылар:

Қ.Т. Қалилаханова,

Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы директорының
орынбасары, п.ғ.к., доцент, ХПБҒА (РФ) корреспондент мүшесі

Б.Н. Алмурзаева, МДХО жетекші сарапшысы, дінтану магистрі

Ғ.Төлеу, МДХО аға сарапшысы, дінтану магистрі

А.Қ. Иманбаева, МДХО аға сарапшысы, дінтану бакалавры

А.А. Ахметова, МДХО аға сарапшысы, заңтану бакалавры

Қ 18

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынастар // Мемлекеттік қызметкерлерге арналған әдістемелік құрал – Астана: МДХО, 2014. – 106 б.

ISBN 978-601-80-503-1-2

Берілген басылымда мемлекеттік қызметкерлерге арналған «Қазақстан Республикасындағы конфессиялық қатынастар» тақырыбындағы арнайы семинардың негізгі сұрақтарын қамтитын материалдар жүйеленген және ұсынылған.

Әдістемелік құрал – дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруда нәтижелі әрекет ету мақсатында, мемлекеттік қызметкерлердің діни сауаттылығын арттыру мәселелерімен айналысатын арнаулы семинардың дәрісшілері мен ұйымдастырушыларына арналған.

УДК 348
ББК 67.400.1

ISBN 978-601-80-503-1-2

©Мәдениеттер мен діндердің
халықаралық орталығы, 2014

МАЗМҰНЫ

I Бөлім.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ – ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ..... 6

§1.1 Зайырлылық және зайырлы мемлекет: түсінігі және мағынасы..... 6

§1.2 Қазақстан – зайырлы мемлекет: конституциялық құқықтық аспект..... 8

§1.3 Мемлекет және дін арасындағы қарым-қатынаста зайырлылық қағидаттарын сақтау..... 11

II Бөлім.

КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ..... 12

§2.1 Қазақстанның діни әр алуандығы: діни бірлестіктер туралы қысқаша шолу, дәстүрлі діни бірлестіктердің орны және рөлі, дәстүрлі емес жаңа діни қозғалыстар..... 12

§2.2 Конфессияаралық келісімнің Қазақстандық моделі..... 19

§2.3 Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Съезін өткізу жөнінде Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың жаһандық бастамасы. Тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық және аймақаралық ұйымдардағы Қазақстанның қатысы мен рөлі 21

III Бөлім.

ДІН САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ. 28

§3.1 Дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың негізгі қағидаттары..... 28

§3.2 Дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға жауапты орталық және жергілікті мемлекеттік органдар..... 30

§3.3 Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы..... 46

§3.4 Діни саланы реттейтін нормативтік құқықтық актілер (Үкімет қаулылары, жергілікті атқарушы органдардың қаулылары, бірлескен ведомствоаралық бұйрықтар және т.б.)..... 39

§3.5 Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктер қызметінің құқықтық негіздері..... 41

§3.6 Дін саласындағы заңнамаларды бұзғаны үшін жауапкершілік шаралары..... 46

IV Бөлім.

ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ..... 50

§4.1 Дін және құндылық жүйесі. Дін – рухани мәдениет

	феномені.....	50
§4.2	Дін және құқық. Зайырлы және діни құқықтық қағидаттардың үндестігі.....	53
§4.3	Дін, білім және ғылым. Діндегі ізгі тәрбие.....	56
V Бөлім.		
ДІН ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ РУХАНИ- ӨНЕГЕЛІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР.....		59
§5.1	Қазақ мемлекеттілігінің дамуы: мемлекет пен дін қарым-қатынасының тарихы.....	59
§5.2	Ислам және ұлттық дәстүрлер.....	62
§5.3	Дәстүрлі рухани-ізгі құндылықтар және зайырлы қоғам.....	66
VI Бөлім.		
ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ ЖӘНЕ ТЕРРОРИЗМ: ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ СИПАТТАРЫ.....		69
§6.1	Экстремизм және терроризм: түсінігі, мағынасы, көріну формалары.....	69
§6.2	Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылда мемлекеттік органдардың өзара әрекеттестігі. ҚР Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру.....	75
§6.3	Діни экстремизмнің алдын алу және конфессияаралық келісімді сақтаудағы жергілікті атқарушы органдар мен дін саласындағы уәкілетті органдардың қызметі.....	77
§6.4	Қазақстан Республикасының аумағында сот шешімімен тыйым салынған террористік және экстремистік ұйымдар.....	81
§6.5	Қазақстан Республикасының аумағында қызметіне тыйым салынған оккульттік-мистикалық ұйымдар.....	90
VII Бөлім.		
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ РАДИКАЛДЫҚ, ЖАЛҒАН ДІНИ ЖӘНЕ ТЕРІС ПИҒЫЛДЫ АҒЫМДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАУІПТІЛІГІ ЖӘНЕ КӨРІНУ ФОРМАЛАРЫ.....		93
§7.1	Қазақстандағы радикалдық діни ағымдар.....	93
§7.2	Жалған діни және теріс пиғылды діни ағымдар.....	96
ҚОСЫМША		
«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-конфессиялық қатынастар» тақырыбы бойынша мемлекеттік қызметкерлерге арналған семинар Бағдарламасы.....		105

I БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ – ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ

§1.1 Зайырлылық және зайырлы мемлекет: түсінігі және мағынасы

Зайырлылықтың түсінігі және болмысы туралы

«Зайырлылық» термині – бұл қазіргі Қазақстандағы қоғамдық-саяси және мемлекеттік өмірдегі жаңа түсінік.

Қазіргі мағынасында «зайырлылық» ұғымы:

- мемлекеттің кез келген дінге қатысты бейтараптық қатынасы;
- мемлекеттің кез келген діннен тәуелсіздігі, сол сияқты діннің мемлекеттен тәуелсіздігі;
- ар-ождан және сенім бостандығы, дінді зерттеу және дінге сын айту еркіндігі;
- мемлекетте қандай да бір ресми діннің болмауы, осыған байланысты әрбір жеке адам өз таңдауы бойынша кез келген дінді ұстануына немесе мүлде ұстанбауына құқығы бар;
- кез келген діннен/конфессиядан мемлекеттік мектептердің еркіндік сипатын білдіреді.

Зайырлылық болмысын үш сөзбен білдіруге болады, бұл:

- бейтараптық (мемлекет пен мектептер),
- тәуелсіздік (мемлекеттің діннен және керісінше),
- еркіндік (ар-ождан және діни сенім).

Зайырлылық дегеніміз бұл діндарлыққа қайшылық емес. Зайырлылық діннің мемлекетті өзіне бағындырып алуына рұқсат бермейді, сонымен бірге ол мемлекеттің дінді өзіне бағындырып алуына да рұқсат бермейді.

Мемлекеттік-құқықтық салаға сәйкес, зайырлылық – бұл мемлекеттік немесе қоғамдық институттардың сипаттамасы, олардың жалпы азаматтық бағытын көрсететін қоғамдық өмір саласы, діни бірлестіктерден немесе оған бағынушылықтан, діни санкциялаудан немесе қысымнан тәуелсіздік.

Зайырлылық түсінігіне ұқсас **басқа діндерге төзімділік, оның өмір сүру құқығын мойындауды көрсететін «діни төзімділік»** түсінігі бар. Сондай-ақ «әрбір адамның басқа дінге сенетіндерге деген риясыз қарым-қатынасы» деп айтуға болады.

Жоғарыда баяндалған ойлардан төмендегідей қорытынды жасауға болады: зайырлылық, қоғамның зайырлы сипаты – сенімдерінде, ой-пікірлерінде айырмашылық бола тұра, адамдардың қатар өмір сүруіне мүмкіндік беруі. Сондықтан болар, қоғамның зайырлылық сипаты – бұл игілік және қажеттілік.

Зайырлы мемлекет: түсінігі және мағынасы

Қазіргі әлемде зайырлы және теократиялық (Ватикан, Сауд Арабиясы, Иран және басқалары) деп аталатын мемлекеттің екі түрі бар екені жалпыға мәлім.

Зайырлы мемлекет – бұл мемлекеттің конституциялық сипаты:

- барлығына міндетті, ресми діннің болмауы;
- құқық көзі ретінде діни заңдар мен ережелерді мойындауды теріске шығару және олардың мемлекеттік органдар қызметіне ықпалы;
- дін мемлекеттен бөлінген, сонымен қатар олар бір-бірімен өзара әрекеттеседі;
- дінге қатысынан тәуелсіз жеке адамның, қоғам өмірінің түрлі саласындағы мемлекеттің және діни бірлестіктердің мүдделерінде тепе-теңдікке жету мақсатында діни бірлестіктердің теңдігін, азаматтардың ар-ождан бостандығы мен тең құқықтығын қамтамасыз ету;
- дінге деген кез келген қатынасты қалыптастыруды мақсат етпейтін, мемлекеттік білім беру мен тәрбие жүйесінің зайырлылық сипаты;
- барлық діни сот азаматтарына өзінің заңды құқығын таратушылардың болмауы.

Жалпыға міндетті діннің болмауы – зайырлы мемлекеттің негізгі өлшемі болып табылады.

Зайырлы мемлекетке қарама-қайшы, бұл – теократиялық мемлекет.

Теократиялық мемлекеттің анықтаушы ерекшеліктері:

- барлығына міндетті діннің болуы;
- діни ұйымдар саяси жүйеге кіріп қана қоймай, сонымен қоса оның орталық бөлімін құрайды.
- мемлекет басында діни көшбасшы немесе діни көшбасшылар тобы болады, олар мемлекеттік билік органдарын басқарады, саяси мемлекеттік билік өкілеттіктеріне ие болады;
- діни бірлестіктер мемлекеттен бөлінбеген;
- діни ұйымдар мемлекеттік органдар қызметіне қатысуға немесе олардың қызметіне ықпал ету құқығына ие.

Қазіргі Қазақстан үшін оның зайырлылық сипаты, егеменді мемлекетте қандай да болсын міндетті дін жоқ және болуы мүмкін емес екендігін білдіреді. Сонымен қоса ар-ождан бостандығына, діни сеніміне, діни ұйымдардың еркіндігіне кепілдік беріледі және қамтамасыз етіледі.

Зайырлы мемлекет: белгілері

Зайырлы мемлекеттің белгілері болып:

- діни бірлестіктер және олардың иерархиялары мемлекеттік билік және жергілікті басқару органдары жүйесіне енгізілмеуі;
- мемлекет өзін құқықтық деп жариялап, өз азаматтарына ар-ождан, пікір, діни сенім бостандығына кепілдік беруі;
- ар-ождан бостандығына, діни сенімді таңдау және таратуға қатысты сұрақтар рухани еркіндік және адамның жеке өмірінің саласы болып табылады, оған мемлекет те, жеке адамдар да араласпайды. Мемлекет идеологиялық әр алуандықты жариялайды және қоғамның рухани саласында монополизмді теріске шығарады;
- қоғам мүшелері дінге қатысына, қандай болсын діннің құрамында болуынан/немесе болмауынан тәуелсіз, тең түрде құқық пен еркіндікке ие болады;
- бірде-бір діни бірлестік мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылмайды;
- мемлекет діни бірлестіктердің ішкі құрылымын басқаруға қатыспайды;
- діни бірлестіктер басқарушы органдарының шешімдері көпшілік-құқықтық немесе жеке-құқықтық нормалық және актілік күшке ие емес;
- діни бірлестіктер иерархиялары мемлекеттік рәсімдерге және басқа да ресми іс-шараларға діни сенім өкілі ретінде қатысады;
- білім беру жүйесі кез келген діни пәнді міндетті оқытуды енгізбейді, діни бірлестіктермен ұйымдаспайды және бақылауға алмайды.

§1.2 Қазақстан – зайырлы мемлекет: конституциялық-құқықтық аспекті

Мемлекет зайырлылығы – бұл төмендегілерді көрсететін және бекітетін конституциялық-құқықтық сипат:

- әлеуметтік және формалды түрде діни немесе идеологиялық бастаулардан мемлекет заңдылығының тәуелсіздігі;
- мемлекеттік тәртіптің абсолюттік егемендігіне алдыңғы немесе жоғары тәртіпті қарсы қоюға жол бермеу;
- жалпыға ортақ міндетті діннің немесе идеологияның болмауы;
- мемлекеттің және мемлекеттік-құқықтық қарым-қатынастардың тәуелсіздігі;
- діннің немесе оның идеологиясының санкциялаудан немесе қысым көрсетуінен,

– мемлекеттік қызметтің діни бірлестіктерге бағынуынан немесе идеологияны тартуға бағытталған ұйымдардың қызметінен,

– олардың қатынастары саяси-құқықтық, ресми-өкіметтік, мемлекеттік биліктің құрылымы мен қызметі, өзге мемлекеттік органдар мен бөлімдер, сонымен қатар құқықтық және қоғамдық-саяси институттар тұрғысынан реттелген.

Мемлекеттің зайырлылық сипаты оның діни бірлестіктермен бірлесе әрекет етпейтіндігін анық байқатады.

Зайырлы мемлекет азаматтардың діни сенім бостандығы мен діни бірлестіктердің қызметін іске асыруды құқықтық реттеуді жүзеге асырады.

Мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы қарым-қатынастар жүйесі басқа барлық қоғамдық қарым-қатынастардан бөлінбеген.

Діни бірлестіктер қазақстандық қоғамның бөлігі және институттары, ал дінге сенушілер – Қазақстан Республикасының толық құқылы азаматтары болып табылады.

Мемлекеттің зайырлы сипаты діни бірлестіктердің қоғамдық өмірден, әлеуметтік үдерістерден, ең алдымен мәдениет, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және сол сияқты басқа да салалардан оқшаулығын білдірмейді.

Жоғарыда баяндалған контекспен байланысты, зайырлылық сипаты – қазіргі құқықтық қазақстандық мемлекеттің құрылу және қызмет атқаруының негізгі қағидаттарының бірі.

Қазақстан Республикасы Конституциясы (Негізгі заң) I бабы 1 бөлімінде «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», – деп көрсетілген. Бұл – Қазақстан мемлекетінің құрылу және қызмет ету қағидаттарының бірі болып есептеледі.

ҚР Конституциясында бұл тезистің жариялануы, республикада ресми мемлекеттік діннің жоқ екендігін және діни сенімнің бірде-бірі міндетті немесе артықшылыққа ие емес екендігін анық білдіреді.

Өз кезегінде, мемлекеттік құрылымның зайырлы негіздері республикадағы ар-ождан бостандығы қағидаттарына қарсы келмейді.

Мемлекет пен діни ұйымдардың өзара қарым-қатынасы, мемлекет институттары және діни бірлестіктер арасындағы тарихи қалыптасып және өзгеріп жатқан арақатынас түрінің жиынтығы ретінде, Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының ерекше саласын көрсетеді.

Зайырлы Қазақстанның конституциялық-құқықтық нормаларын талдау, мемлекеттің діни ұйымдармен өзара қарым-қатынасы көрінісінің жеті (7) қағидаттары мен түрлерін жіктеуге мүмкіндік береді:

– діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлінуі;

– республиканың діни-құқықтық кеңістігінде заңды түрде әрекет етуші барлық діни бірлестіктердің теңдігі;

– мемлекеттік қызмет пен жергілікті өзін-өзі басқарудың зайырлығы;

– білім беру жүйесінің зайырлығы;

– мемлекеттің діни ұйымдарды тікелей қаржыландыруына жол берілмеуі;

– діни ұйымдардың саяси күреске тікелей қатысуына тыйым салу;

– діни тұрғыдан да қасиетті және құнды болып есептелетін тарихи және мәдени жәдігерлерге ерекше жүйе белгіленуі.

Конституция саяси партиялардың діни негіздегі қызметіне жол бермейді.

Мемлекеттік билік органдары канондық құқық негізінде емес, Қазақстан Республикасы Конституциясының (Негізгі Заңының) негізінде құрылады және қызмет атқарады.

Қазіргі таңда, Конституцияның іргелі ережелерінің негізінде, адам құқықтары жөніндегі халықаралық актілер мен Келісімдерде бекітілген азаматтардың ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асырудың механизмі болып табылатын, 2011 жылы қабылданған, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңы әрекет етеді.

Бұл заңның кіріспесінде: «Осы Заң Қазақстан Республикасының өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратынын, әркімнің ар-ождан бостандығы құқығын растайтынын, әркімнің діни нанымына қарамастан тең құқылы болуына кепілдік беретінін, халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өмірінде Ханафи бағытындағы исламның және православтық христиандықтың тарихи рөлін танитынын, Қазақстан халқының діни мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтінін, конфессияаралық келісімнің, діни тағаттылықтың және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танитынын негізге алады», – деп көрсетілген.

Аталған заңнама, Республика Конституциясымен, сонымен қатар адам құқығы туралы халықаралық актілері және келісімдерімен, Қазақстан азаматтарының құқықтарын жүзеге асыруды реттейді.

Басқаша айтқанда, берілген құқықтың іске асырылуы, мемлекет алдындағы азаматтардың жалпы адамдық құқықтары мен міндеттерін шартталмауы немесе шектелмеуі тиіс. Сенім немесе атеизм мәселесі – әрбір адамның жеке өмірінің мәселесі. Сонымен бірге мемлекет дінді ұстанатын немесе ұстанбайтын азаматтар арасында және әр түрлі діни бірлестіктер арасында өзара төзімділік және сыйлау қарым-қатынасын орнатуға ықпал етеді.

Сөйтіп, Қазақстан Республикасының зайырлылық сипаты конституциялық құрылымның бірден-бір негізі ретінде, идеологиялық және саяси плюрализмді рухани әр алуандылықпен толықтырады.

§1.3 Мемлекет және дін арасындағы қарым-қатынаста зайырлылық қағидаттарын қадағалау

Біздің еліміздің Конституциясының (Негізгі Заңы) I бабы 1 бөлімінде «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» екендігі тура айтылған.

Ресми мемлекеттік діні жоқ және ешқандай сенім «міндетті» немесе «басқасына қарағанда артық» саналмайтын, Қазақстан мемлекетінің зайырлы мемлекет ретінде құрылуы мен қызмет етуінің негізге алатын қағидаты осындай конституциялық тұрғыда бекітілген. Ал республиканың мемлекеттік құрылымның зайырлылық қағидаттары діни бостандық және ар-ождан қағидаттарына еш қайшы келмейді.

Өзін зайырлы мемлекет ретінде орнықтырған Қазақстан Республикасы өзінің Конституциясында және заңнамада негізгі қағидаларын бекітті: Осыған сәйкес, мемлекет пен діни бірлестіктердің қарым-қатынасы құрылады: Діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлінуі, білім және тәрбие берудің мемлекеттік жүйесі қағидаларының діни бірлестіктерден бөлінуі – заңдылық қағидасы.

Діни бірлестіктердің мемлекеттен бөліну қағидаты зайырлы Қазақстан үшін басым мағынаға ие, сондықтан:

- діни бірлестіктер саяси қызметтің субъектілері болып табылмайды;
- мемлекеттік басқаруға, мемлекеттік органдардың қалыптасуына қатыспайды.

Төмендегідей маңызды ойды былай түйіндеуге болады: мемлекеттің діни бірлестіктерден бөлінуі, зайырлы билік қарым-қатынасын құрудағы басты қағида болып табылады.

Мемлекеттің діни бірлестіктерден және қызметі идеологияны таратуға бағытталған бірлестіктерден бөлінуі – мемлекеттік қызметтің діни бірлестіктерге бағынуынан және діннің санкциялауынан және қысым көрсетуінен мемлекет пен мемлекеттік-құқықтық қатынастардың тәуелсіздігін білдіретін немесе бекітетін мемлекет зайырлылығының елеулі белгілерінің бірі.

* * * * *

II БӨЛІМ. КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ

§2.1 Қазақстанның діни әр алуандығы: діни бірлестіктер, дәстүрлі діни бірлестіктердің орны және рөлі, дәстүрлі емес жаңа діни қозғалыстар туралы қысқаша шолу

Қазіргі уақытта еліміздегі әртүрлі конфессиялар, соның ішінде Қазақстан үшін дәстүрлі саналатын (Ханафи бағытындағы Ислам діні мен Христиандық православие бағыты) сенімімен қатар, жаңа діндер мен конфессиялар елдегі бейбітшілік пен келісімді және қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз етуде.

Әртүрлі көзқарастар, дәстүрлер мен мәдениеттердің алуандығына қарамастан, Қазақстан дін негізінде шиеленістері жоқ мемлекет болып қала беруде.

Республикамызда көп этникалық және көп конфессиялы Қазақстан халқының діни мүддесін білдіретін 18 конфессияның өкілдері бейбіт қатар өмір сүреді және өзара қарым-қатынаста болады.

Қазақстандағы діндер діни тәжірибелерімен және көзқарастарымен ерекшеленетін, әртүрлі діни сенімдерді ұстанатын түрлі ұлыстар, тілдер, мәдени және әлеуметтік топтағы адамдардан тұрады.

Республикамыздағы қоғам мәдени және тарихи жағынан негізінен екі дәстүрлі дінге: сунниттік ислам (Ханафи мазхабы) мен христиандық православие діндеріне бағытталған. Олар еліміздегі барша діндар адамдар санының үштен екісін құрайды. Сонымен қатар, саны жағынан ең көп діни ғимараттар да осы дін өкілдеріне тиесілі (2405).

Қазақстанда діни сенім өкілдерінің саны жағынан екінші орынды Орыс Православие Шіркеуі (ОПШ) алады, ол 310 діни бірлестіктерден тұрады.

Қазақстанда көп таралған келесі діни бағыт – Римдік-католиктік шіркеу (РКШ) болып табылады, оның құрамына 84 діни бірлестіктер кіреді.

Қазақстанның конфессиялық кеңістігінде ауқымды орынды протестанттық діни бірлестіктер алады, елімізде олардың саны 600-ден астам.

Жоғарыда аталғандардан басқа, 6 иудейлік қауым, 2 буддизм діни бірлестігі, сондай-ақ бірқатар басқа да диноминациялар қызмет етеді.

Қазақстандағы Ислам

Ислам – біздің заманымыздың VII ғасырының басында пайда болған әлемдік діндердің ішіндегі ең жасы.

Ислам Қараханидтер мемлекетінде Х ғасырдың соңында мемлекеттік дін ретінде бекітілген болатын. Ислам дінін насихаттауда аймақтағы түркі тілдес халықтар арасында Қожа Ахмет Яссауи үлкен үлес қосты (1166 жылы қайтыс болды).

1923 жылы Уфа қаласында өткен ІІ Бүкілресейлік мұсылмандар Съезінде Ішкі Ресей мен Сібір мұсылмандарының Орталық діни басқармасының құрамына Қазақстан бөлімі (қазиаат) енгізілді. Уақыт өте «қазиаат» деп аталатын мұсылмандар діни басқармасы – 1941 жылы құрылған, орталығы Ташкент қаласы болып табылатын Орталық Азия және Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының құрамына берілді. Қазақстанда Орталық Азияның Кеңес бөлігіндегі басқа республикалардағы сияқты қазиаат құрылды.

1990 жылы Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы құрылды. Өз алдына жеке ҚМДБ-нің бірінші басшысы болып Рәтбек Нысанбайұлы болды. 2000 жылы Республикамыздың мұсылмандары Съезінде Қазақстанның Бас муфтиі болып Әбсаттар қажы Дербісәліұлы сайланды.

2013 жылдың 19 ақпанында Республикамыздың мұсылмандары Съезінде жаңа Бас муфти болып Е.Ж. Маямеров сайланды.

2012 жылдың 19 маусымында «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» Республикалық діни бірлестігі қайта тіркеуден өтті.

2014 жылдың екінші тоқсанынан бастап республикада 1 республикалық діни бірлестік – ҚМДБ және оның 2405 бөлімшелері жұмыс істейді.

Діни ғимараттардың саны 2404 құрайды.

ҚМДБ-нің құрамы:

- ҚМДБ-нің төрағасы, Бас муфти;
- ҚМДБ-нің Наиб-муфтилері;
- ҚМДБ-нің орталық аппараты;
- ҚМДБ-нің ғалымдар кеңесі;
- ҚМДБ-нің сараптау комиссиясы.

Бас муфти бес жылдық мерзімге сайланады, Құрылтайдың шешімімен қызметіне қайта сайланады немесе босатылады.

Құрылтай 5 (бес) жылда бір рет, ал кезектен тыс талап етілген жағдайда ҚМДБ-ы төралқасының бастамасымен шақырылады.

Қазақстанның православиелік шіркеуі

Қазақстандағы православие дін ұстанушылары саны жағынан Исламнан кейінгі екінші діни бағыт болып табылады. Еліміздегі православиелік дінінің тарихы Қазақстанның Ресейге қосылуы негізінде пайда болған алғашқы әскери қоныстармен байланысты.

Оңтүстікте алғашқы әскери тұрақтар (шағын шіркеу, ғибадатханалар) 1866 жылы Түркістан және Шымкент қалаларында пайда болды.

1871 жылы Түркістан епархиясы құрылды.

Православиелік Шіркеудің діни ілімі Көне және Жаңа Өсиеттің Қасиетті жазуларына, Қасиетті Апостолдардың іліміне, Вселендік, Поместиелік және Архиерейлік Соборлар анықтамаларына, Шіркеу әкейлерінің жазуларына негізделеді.

Православиелік діни ілім ережелеріне мынадай сенім түрлері жатады:

- Қасиетті Үштікке – болмысы жағынан жалғыз және Үш келбетті Құдайға;

- Иисус Христос Тұлғасының Құдайлық және адами табиғатына;

- Құпияшылдық жасайтын және ішкі иерархияға ие Бірегей, Қасиетті, Соборлық және Апостолдық Шіркеуге сенім.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін, республиканың православиелік христиандары өздерінің рухани-мәдени құндылықтарын қайта жаңғырта бастады.

Республикадағы православиеге құрылымдық реформа жүргізілді.

2010 жылдан бастап Қазақстан және Астана Метрополиті Александр Могилев болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда 310 православиелік діни бірлестік және 279 діни ғимараты қызмет етеді.

Қазақстандағы Рим-католиктік шіркеуі

Католицизм – қолдаушылары мен діни бірлестіктері саны соңғы жылдары кему тенденциясына ие болып отырған Қазақстандағы дәстүрлі конфессиялардың бірі.

Бұл кему – діни қауымның көп бөлігін құрайтын немістер мен поляктардың тарихи Отанына қоныс аударуымен байланысты.

Мемлекеттің Рим-католиктік және Грек-католиктік шіркеулермен өзара қарым-қатынасының көп жылдық тарихы бар.

1992 жылдан бастап Қазақстан және Әулие Престол арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнатылған.

1998 жылы Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Ватиканға ресми сапары барысында Қазақстан және Әулие Престол арасындағы 1998 жылдың 24 қыркүйегінде қол қойылған өзара қарым-қатынас келісімі қабылданды және 1999 жылы 19 мамырда Қазақстан Республикасы Президентінің №141 бұйрығымен бекітілді.

2003 жылдың мамыр айында Қазақстандағы Рим-католиктік шіркеуінің ұйымдастырушылық құрылымы бекітілді.

Қазіргі уақытта Қазақстанда орталығы Астанадағы Архиепархия Әулие Дева Мария болып табылатын католиктік шіркеулік провинциясы (Митрополия) қызмет етеді.

Қазақстандағы шіркеулік провинция құрамына Қарағандылық Епархия, Алматы қаласындағы Аса Қасиетті Үштік Епархиясы және Атырау қаласындағы Апостолдық Администратура кіреді.

Астана қаласындағы Архиепархияны архиепископ Томаш Пэта басқарады. Қарағандылық Епархияға және Атыраудағы Апостолдық Администратураға Януш Калета жетекшілік етеді. Алматыдағы Католиктік Епархияны епископ Луис Мумбиелла Сиерра басқарады.

Қарағандыда Католиктік жоғары рухани семинария және Босый Монахинь Ордена Пресвятой Девы Марии с Горы Кармель Монастыры, «Каритас» Республикалық қайырымдылық қоры бар.

Қазақстанның Рим-католиктік шіркеуінің «Кредо» газеті шығады.

Қарағанды қаласында Пресветая Дева Мария Фатимская Кафедралды Соборы қызмет етеді.

Республикада барлығы 84 католиктік бірлестік қызмет етеді, оның ішінде 5-еуі Қазақстандағы Грек-католиктік шіркеуін құрайды.

200 шетелдік миссионерлер қызмет етеді, соның қатарында: Россиядан, Украинадан, Польшадан, Словакиядан, Германиядан, Австриядан, Италиядан, Филиппиннан, Кореядан, Үндістаннан, АҚШ-тан, Вьетнамнан, Литвадан, Папуа Жаңа Гвинеядан, Жаңа Зеландиядан, Кениядан, Руандадан, Перуден, Чехиядан келген миссионерлер бар.

Қазақстандағы Грек-католиктік шіркеуінің ресми тіркелген 5 приходтары бар.

Қазақстандағы протестантизм

Протестантизм өзіндік діни ілімі бойынша біртұтас емес және діни ағымдарының үнемі көбейіп отыруымен сипатталады.

Қазақстанда кейбір протестанттық ағымдар Қазақстанның Ресейге қосылған кезеңінен бастап (лютерандар), ал жаңа протестанттық ағымдар 1991 жылдан кейін пайда болды. Қазақстанда протестанттық бағыттағы 600 жергілікті діни бірлестіктер тіркелген. Протестантизм діни бірлестіктер саны бойынша исламнан кейінгі екінші орынды, миссионерлер саны бойынша католицизмнен кейінгі екінші орынды және діни ғимараттар саны бойынша исламнан кейінгі екінші орынды иеленетін діни ағым болып табылады.

Протестанттық қауымдардың арасынан ең ірісі әрі елдің барлық өңірлерінде таралғаны елуіншілер шіркеуі болып табылады.

Олардың діни ілімінің өзіндік ерекшелігі адамдардың өз бетімен рухани қайта жаңару сыйына ие болуы және «Қасиетті Рухпен шоқыну»

мүмкіндігіне деген сенімнен құралатын шіркеуді мистикалық-индивидуалдық тұрғыдан түсінуден тұрады.

Қазақстанда олар 1990 жылдардың басында құрылып, харизматикалық шіркеулерге бастама болды. Олардың ең ірілері мыналар: «Сун Бок Ым» ЖДБ (7 діни бірлестік), «Жаңа өмір» ЖДБ (41 бірлестік), «Агапе» ЖДБ (28 бірлестік), «Өмірдің қайнар көзі» ЖДБ (28 бірлестік) және миссионерлер құрған американо-кореялық шіркеулер тобы.

Бірлестіктері мен дін ұстанушыларының саны жағынан келесі орында Евангелді христиан-баптистері көп таралған (105 бірлестіктер). Олардың ішінде Евангелді Христиан-Баптистер Шіркеулер Одағы сынды орталықтанған құрылымдар, барлығы 145 діни бірлестіктер және 37 автономды баптистік шіркеулер бар.

Пресвитериандық шіркеулердің 99 бірлестігі бар. Олардың ішіндегі ең ірі жергілікті діни бірлестік болып «Грейс-Блогадатель» (29 бірлестік) саналады.

Қазақстан аумағында XIX-XX ғасырларда пайда болған діни ағымдар жұмыс істейді. Бұлар «Иегова Куәгерлері» (60 бірлестік), «Жетінші күн Адвентистері» (42 бірлестік) және 25 «Жаңаапостол шіркеулері» жергілікті діни бірлестіктері.

Инжілдік-лютерандық шіркеуі Алматы, Ақмола, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Астана және Алматы қалаларындағы 13 жергілікті бірлестіктерден тұрады.

Бүгінде республикада методистердің 13 діни бірлестіктері қызмет атқарады. Алғашқы Методистік шіркеу республикада 1991 жылы Алматы қаласында тіркелген. Олардың пайда болуына Корея методистік шіркеулері мен Ресейдің біріккен методистік шіркеулерінің миссионерлері секілді шетелдік уағызшалардың белсенді қызметтері әсер етті.

Қазақстандағы иудаизм

Иудаизм – еврей халқының ұлттық діні.

Дін өз атауын израилдік тайпалардың (немесе колен) үлкені Йеудадан (Иуда) алды. Иудаизм діни ілімі негізінде этикалық, ғұрыптық және тұрмыстық ережелерге негізделген қатаң монотеизм жатыр.

Иудаизм көбінесе еврей халқының тарихи дәстүріне бағытталған. Иудалық догматика және ырымдар қазіргі иудейлердің ерте замандағы ата-бабаларында болған нақты оқиғаларымен байланысты. Израиль халқы туралы тарихи аңыздар Көне Әсиет (Танах) мәтінінде және басқа иудаизмнің қасиетті мәтіндерінде сақталған.

Еврей тұрғындарының Қазақстан Республикасына көп таралуы ХХ ғасырдың 30-40 жылдарына тән. Қазақстандық еврей қауымдастығының өтінішімен 1994 жылы раввин Ешая Коген қауымдастықты оның бас раввині ретінде басқаруға және діни жағдайды толыққанды реттеуге республикаға келді. Осы күнге дейін ол Қазақстандағы еврей қауымдастығының бас раввині болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда 5 еврейлік жергілікті діни бірлестік қызмет етеді. Барлық қауымдастықтардың арнайы діни ғимараттары бар, олар Астана, Алматы, Павлодар, Шымкент және Өскемен сияқты қалаларда орналасқан. Барлық республика аумағы бойынша келушілер саны 250-300 адамды құрайды. Негізгі этникалық құрамы – еврейлер.

2002 жылдан бастап Қазақстанда ұйымдастырушысы Қазақстанның Еврей конгресі болып табылатын «Шалом» газеті шығарылады.

Еврейлердің діни күнтізбесіне сәйкес жыл сайын дәстүрлі Пурим, Песах, Лаг Баомер және Ханукан мерекелері аталып өтеді.

Қазақстандық еврей қауымдастықтарына діни әрекеттерді орындауда мемлекет тарапынан барлық жағдайлар жасалады. Олар қауымдастықтармен және басқа елдердегі еврей ұйымдастықтарымен байланыс орнатады, синагогалар салынады, жеке баспа («Шалом») шығарады, кейбір тамақ өнімдері өндіріледі (Алматы қ.), еврейлік жерлеу рәсімдерін (шива) өткізетін арнайы топ әрекет етеді, синагогалар жанында жексенбілік мектептер (иешива, Тора оқытатын мектеп) қызмет етеді.

Өз кезегінде қазақстандық еврей қауымдастықтары мемлекеттікті және конфессияаралық келісімді және қоғамдағы төзімділікті нығайтуға бағытталған тең, конструктивті саясатты насихаттайды.

Қауымдастық жетекшілері мемлекет өткізетін барлық іс-шараға белсенді қатысады, сонымен қатар өткізетін іс-қимылдары мен діни іс-шаралары жайлы мемлекеттік мекемелерді ақпараттандырады.

Қазақстандағы буддизм

Буддизм – біздің дәуірімізге дейінгі VI ғасырда Үндістанда пайда болған ең көне әлемдік дін.

Будда өзі насихатында ертеректе брахманизмде пайда болған көптеген түсініктерді қолданды. Сонымен, Буддизм сансараны (жанның қайта тірілуі), карманы (сауап) және дхарманы (тура жол) мойындайды.

Буддизмнің екі негізгі бағыты бар – хинаяна (тхеравада) және махаяна.

Хинаяна (тар жол) өзінің ілімі бойынша ертедегі буддизмге жақын. Хинаянадағы құтқарылудың жалғыз жолы аскетизм және монах қоғамында, яғни сангхада өмір сүру болып табылады.

Махаяна (кең жол) тұлғаға ауқымды жүріс-тұрыс еркіндігін береді, тыйым салынған ережелерді ұстануда көп қаталдық танытпайды, монах жолын міндеттемейді, зайырлы өмір сүруге рұқсат береді. Сонымен қатар, ниравнаға тек аз көлемдегі монахтар ғана емес, қарапайым адамдар да қол жеткізе алады.

Бүгінгі күні Қазақстанда 2 будда діни бірлестігі жұмыс істейді, олардың біреуі Алматы, екіншісі Батыс-Қазақстан облысында орналасқан.

Алматы қаласында Вон-Буддалық діни бірлестік жұмыс істейді, оның басшысы Палагина Лариса Львовна.

Жергілікті діни бірлестік (ЖДБ) 1997 жылы құрылған. Өзінің арнайы мамандырылған діни ғимараты бар.

Вон-Буддизмнің негізін қалаушы – Сотхесан Тэджонс атымен белгілі және вон-Буддалықтармен «жаңа дәуір Буддасы» деп құрметтелетін Пак Чун Бин (1891-1943).

Меннониттер

Меннониттер XVII ғасырдың 30-шы жылдары Нидерландыда пайда болған.

Меннониттер өзінің негізін қалаушысы – шығу тегі голландық, голланддық анабаптистердің бірінші ұрпақтары тарихында беделді тұлға болған Менно Симонстан (1496-1561жж.) атауын алған алғашқы протестанттық деноминациялардың бірі болып табылады. Осы жерден оның ерушілерін – «анабаптист-меннонит» деп атау дәстүрі пайда болды.

Католицизммен қатынасын үзіп, Менно Симмонс, әлемде өмір сүретін жамандықпен күресу жолында зорлық-зомбылықтан бас тарту, қарсыласпау туралы уағызымен сөз сөйледі. Оның «Шынайы христиан дінінің іргетасы» атты шығармасы қасиетті жазумен қатар меннониттердің діни ілімінің бірден-бір қайнар көзі болып табылады.

Қарсыласпау принципі негізінде әскер қызметінен бас тарту меннониттер үшін мемлекеттік өкімет органдарымен шиеленістердің қайнар көзі болып келеді (меннониттер түбегейлі пацифисттер болған).

Меннониттер Германия мен Нидерландыда мойындамағандықтан, олар құлшылық ету үшін өлім жазасы қорқынышынан жасырын түрде ғана кездесе алады.

XIX ғ. меннониттер тарихы – бұл тұрақты күрес тарихы; католиктермен және протестанттармен болған сырттай күрес, меннониттік ағымның өз ішінде пайда болған партиялар арасындағы ішкі күрес.

Меннониттер Қазақстанда XVIII ғасырдың соңында пайда болды. Республика бойынша Қарағанды облысында 4 діни ғимарат тіркелген. Бастапқыда олардың аздаған бөлігі солтүстік Қазақстанда, ол жақтан Алтайға және Сібірдің басқа бөліктеріне жайылды.

§2.2 Конфессияаралық келісімнің Қазақстандық моделі

Әлемнің байлығы оның сан алуандылығынан тұратыны жалпыға белгілі. Сондықтан, «Этникалық алуан түрлілік – бұл адам өмір сүруінің оңтайлы түрі», – деп айтатын, еуразист зерттеуші Л.Н.Гумилевтың тұжырымы заңды.

Ұзақ тарихи кезең бойында қалыптасқан діни және мәдени саналуандығы Қазақстан Республикасының ерекшелігін көрсетеді.

Қазақстанның «өркениеттер торабы» деп аталуы заңды.

Қазақстан ислам, христиан, буддизм сынды орасан зор әлемдік діндердің нағыз шекарасы болып табылады. Осы жерде ғасырлар бойы түрлі халықтар мен этностардың өкілдері өмір сүріп, еңбек еткен. Бұнда, өзара баю мен өркендеуге ықпал ететін, берік мәдени және әлеуметтік-экономикалық байланыстар қалыптасқан.

Мемлекеттік саясаттың маңызды басымдылықтарының бірі – конфессияаралық келісім.

Қазақстандық конфессияаралық келісім моделі елдің мемлекеттік-қоғамдық дамуындағы күрделі дінаралық конфигурацияны көрсетеді.

Қазақстандағы барлық конфессиялардың толық құқықтық теңдігіне қарамастан, бұл конфигурацияның орталығында Қазақстанның екі ірі конфессиясы, еліміздегі конфессияаралық тұрақтылықты қамтамасыз етіп отырған – Ислам және Православие тұр.

Қазақстандағы барлық конфессиялар арасындағы қарым-қатынас тек тұрақтылық негізінде пайда болған.

Конфессиялардың көп түрлілігі, олардың қызметінің ерекшелігі, адепттердің этникалық құрамы, олардың жастық және білім деңгейлері, бұлардың барлығының жиынтығы конфессияаралық қарым-қатынастың жүйесін құрайды.

Әр конфессия мемлекетпен және басқа конфессиялармен өзара қатынасын қалыптастырады. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» (2011 жыл) заңға сәйкес конфессиялар мемлекеттен бөлінген, мемлекет зайырлы болғандықтан, діни бірлестіктердің ішкі жұмыстарына араласпайды, дегенмен ішкі және сыртқы саясатта діни факторларды ескеріп отырады.

Бұл Қазақстанның ылғи ауысып отыратын үдемелі өзгеріс шартындағы динамикалық жүйесіне сай конфессиялардың қарым-

қатынасы біржола бекітілген тұрақты емес. Қазақстандық конфессияаралық келісім моделі дегеніміз – осы.

Қазақстандағы конфессияаралық қарым-қатынас жүйесі айтарлықтай тұрақты. Сонымен бірге бұл тұрақтылықты сақтап және қолдап отыруымыз қажет, себебі әлемде болып жатқан үдерістер тұрақтылықты сақтауға әркезде мүмкіндік туғызбайды, керісінше тұрақсыздыққа ықпал етеді.

Геосаясат аумағындағы бірқатар ықпалды халықаралық және отандық сарапшылар әлемдегі жалпы тұрақсыздықтың артуына назар аударады, сонымен қатар бұл тұрақсыздық жаһандық сипатқа ие.

Сондықтан бұл жаңа шарттардан конфессияаралық келісімнің тұрақтылығын қалай сақтауға болатындығын анықтайтын заңды сұрақ туындайды.

Біріншіден, мемлекет пен діндерге бұл салада қол жеткізген жетістіктерді сақтау және конфессияаралық бейбітшілікті бұзуға әкелетін қадамдар жасамау қажет.

Екіншіден, Қазақстан Республикасы еліміздегі өзгеріп жатқан әлеуметтік-саяси жағдайларға сәйкес діни саладағы заңнамаларға қатысты өз заңнамаларының нормаларын өзгертуге құқы бар.

Үшіншіден, бұл заң діни сенушілердің құқығын шектемеу қажет. Сондықтан өзгертулер мен толықтырулар дәйекті және үйлестірілген болуы тиіс.

Төртіншіден, ЕҚЫҰ, ЕО, ЕКПА, БҰҰ адам құқығы жөніндегі Кеңесі және т.б. осы сияқты халықаралық ұйымдар адам құқығы саласындағы халықаралық заңнамаларды зейін қойып зерттеуде, сол себепті осы ұйымдар дін саласындағы 2011 жылы қабылданған жаңа заңнамаға ерекше көңіл бөлуде.

Конфессияаралық қатынастардың кейбір қағидаттары туралы:

Алғашқы қағидат – барлық конфессия өкілдеріне төзімділік және инабатты қарым-қатынас қағидаты, сондай-ақ басқа сенім өкілдеріне төзімді қарым-қатынас таныту.

Екінші қағидат – конфессияаралық диалогтың барлық қатысушыларына деген тең құқықтық қағидаты, сонымен қатар барлығының өз ойы мен ұстанымын еркін білдіру мүмкіндігі. Диалогқа қатысушылардың ешқайсысында басқаларға деген басымдық болмауы керек.

Үшінші қағидат диалогты ұйымдастыру және жүргізуден тұрады, оның барысында:

– басқа дін өкілдерін өз сеніміне қаратуға көзделген ойы, бір діннің басқа дінге басымдық көрсету әрекеті болмауы керек;

– конфессия өкілдерінің қатынасы өзара түсіністік үшін жайлы атмосфера тудыратын, соқыр наным мен басқа діндерді бұрыс түсіндіруді мақсат етпеуі тиіс;

– барлық адамдар этникалық және діни сенім ерекшелігіне тәуелсіз, барлық адамдардың бейбіт қатар өмір сүруі мен серіктестігі үшін тиімді жолдар мен қолайлы шарттар іздеуге бағытталуы қажет.

§2.3 Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының Съезін өткізу жөнінде Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың жаһандық бастамасы. Тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық және аймақаралық ұйымдардағы Қазақстанның қатысы мен рөлі

Жаһандық сипат алған, дінаралық және ұлтаралық шиеленістер мен қақтығыстардың дамуын терең түсіне отырып, Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев, 2003 жылы Қазақстанның елордасы Астана қаласында рухани көшбасшылардың дінаралық форумын өткізу туралы теңдессіз идеяны ұсынды.

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен, қазіргі заман тарихында Қазақстан алғашқы болып дінаралық және өркениетаралық диалогты дамытумен айналыса бастағанын атап өту қажет.

Қазақстан алғашқылардың бірі болып, өзіне жауапкершілік алып, түрлі әлемдік және дәстүрлі діндер мен конфессиялар көшбасшылары арасындағы диалогты дамытумен іс жүзінде айналыса бастады.

Мемлекет басшылары мен әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының қолдауымен, 2003 жылы 23-24 қыркүйекте Қазақстан жерінде әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының Бірінші Съезі өтті.

Дінаралық форум жұмысында Астанаға әлемнің 14 мемлекетінен 17 делегация келді.

Құрметті қонақтар ретінде форум жұмысына әйгілі саясаткерлер қатысты, олар: Сауд Арабиясының әділет министрі А.Аль Аш-Шейх, Египет Араб Республикасының Вакуфтар ісі бойынша министр М.Закзук, Жапонияның экс-премьер-министрі Ц.Хата, БҰҰ Бас хатшысының арнайы өкілі В.Сотиров.

Бірінші Съездің жұмысы, болашақта үйлесімді әлем құруға негіз болатын, адамзат үшін бейбітшілік пен прогресті және қоғамдарда тұрақтылықты қамтамасыз ету жолында рухани көшбасшылар бірігіп, қызмет ететінін жариялаған Декларация қабылдаумен аяқталды.

Съезд қорытындысы бойынша, делегаттар дін диалогы терең мазмұнды және пікірталас жүргізе білуге қабілетті болуы керек екендігі жайлы бір ойға келді.

Діни шиеленістердің пайда болу себептерін анықтау, дінаралық үйлесімді жетілдіру қажеттілігі, бір-біріне деген өзара сыйластықты басқа халықтардың дәстүрлерінен үйрену туралы мәселелер көтерілді.

Дінаралық форумды үш жылда бір рет тұрақты өткізу туралы Бірінші Съездің шешімі өткен іс-шараның жетістігі болып бекітілді.

2006 жылы Қазақстан Республикасының елордасы Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының Екінші Съезін ұйымдастыру және дайындауы жөнінде Қазақстанға үлкен мәртебе берілді.

Съездің және оның Хатшылығының Жұмыс органдары, сонымен қоса Хатшылықтың Жұмыс тобы форумның мазмұнды және тұжырымдамалы құжаттары мен материалдарын, сондай-ақ Съездің қорытынды құжаттарын әзірлеуге бағытталған қызметін тұрақты түрде атқарады.

Бірінші Съезд қатысушыларының шешімімен, Съезді өткізу және даярлауға қатысты барлық мәселелер бұл іс-шараның бастаушысы Қазақстанға берілді.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының екінші Съезі 2006 жылы 12-13 қыркүйекте Астана қаласында бірегей архитектуралық ғимарат – Бейбітшілік және келісім сарайында өтті.

Іс-шара «Дін, қоғам және халықаралық қауіпсіздік» жалпы тақырыбымен, «Діни сенім еркіндігі және өзге дін өкілдеріне құрмет» және «Дін көшбасшыларының халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ролі» деген екі бағытта өтті.

Дінаралық форум жұмысына қатысу үшін Астанаға Еуропа, Америка, Азия, Африка және Таяу Шығыстың 26 мемлекетінен 25 діни көшбасшы және 14 құрметті қонақтар келді.

Құрметті меймандар ретінде олардың арасында ЮНЕСКО-ның бас директоры Коичиро Мацуура, БҰҰ Бас хатшысының орынбасары Сергей Орджоникидзе, Малайзияның бұрынғы премьер-министрі Мохаммад Махатхир бар белгілі саяси және қоғам қайраткерлері, сондай-ақ түрлі елдердің заң шығарушы органдарының, үкіметтік емес ұйымдарының өкілдері шақырылған.

Съезд жұмысына алғаш рет рухани көшбасшы Жоғарғы Патриарх және Католикос Гарегин II бастауымен Армяндық Апостолдық шіркеу делегациясы қатысты.

Бірінші күні Съезд жұмысында түрлі дін ұстанушылары көшбасшыларының қабылдайтын алғашқы қағидалары анықталған «Дінаралық диалог қағидаттары» атты құжат қабылданды, бұл қағидаларды ұстанбай диалогты бастау мүмкін емес.

Съезд жұмысы аяқталғаннан кейін, қатысушылар барлық дін және этникалық топтар өкілдерін мәдени және діни айырмашылықтар негізінде туындайтын шиеленістерге тыйым салуға шақыратын ортақ

Декларация қабылдады. Бұл құжатта «қарсылық идеологиясын» «әлем мәдениетіне» алмастыруда жаһандық қажеттілік толық көрсетілген.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының Үшінші Съезі 2009 жылы 1-2 шілде де өтті.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары Үшінші Съезінің қатысушы өкілдіктерінің деңгейі бұрын өткен дінаралық форумдармен салыстырғанда ерекше жоғары және беделді болды.

Шақырылғандардың көптігі III Съезде көтерілген сұрақтардың маңызды әрі ауқымды болуымен, сондай-ақ көптеген қоғам қайраткерлері және өкілетті органдар жетекшілері ілтипат білдіріп, белсенді қатысуымен байланысты, бұл – өткізілген іс-шараның маңыздылығын және қажеттілігін білдіреді.

III Съезге 37 мемлекеттен келген 77 делегация өкілдері қатысты.

Әлемдік діндер, яғни ислам, христиан және буддизм өкілдерінің саны артты.

Съездер тарихында алғаш рет форум жұмысына зороастризм өкілі – Хоми Буржор Дхалла – Заратуштраның мәдени мұрасы Бүкіләлемдік Кеңесінің Президенті қатысты.

Діни көшбасшылар және олардың өкілдерінен тұратын Съезд қатысушаларымен қатар, форум жұмысына саяси, қоғамдық және ғылыми қайраткерлер қатысты.

Съезд барысында өтетін іс-шаралар, Съездің одан арғы табысты жұмысына қосымша күш беретінін ескере отырып, Жерорта теңіздік серіктестермен ынтымақтастық Тобы шеңберінде қосымша семинар өткізілді, Қазақстанда тіркелген шетелдік мемлекеттердің дипломатиялық корпус өкілдері оның қатысушылары болды.

«Съезд қатысушыларының діни және саяси көшбасшыларға, қоғам қайраткерлеріне, ғалымдарға, бұқаралық ақпарат құралдарына және әлемдік қоғамдастыққа үндеуі» – Съездің қорытынды құжаты болып есептеледі.

Үшінші Съездің маңызды бастамаларының бірі Дін көшбасшылары Кеңесінің құрылуы болды. Үшінші Съезде, қызметі мәдениет және экономикалық өзара қарым-қатынас диалогына бағытталған, басқа форумдармен және халықаралық ұйымдармен серіктестік үшін діни лидерлер Кеңесін құру жөнінде ұсыныс айтылды.

Ой-пікір алмасу барысында, ұсыныс енгізілген соң, Кеңес құру туралы бастама жүзеге асты.

2011 жылдың маусым айында Астанада өткен Съездің X Хатшылығында, «Діни көшбасшылар кеңесі тұжырымдамасы» бекітілді.

2012 жылы 30-31 мамырда Астана қаласында «Бейбітшілік және келісім – адамзат таңдауы» девизимен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының IV Съезі өтті.

Съезд жұмысына құрамында христиан, ислам, иудаизм, буддизм, даосизм, синтоизм, индуизм, зороастризм өкілдері, сонымен қатар мемлекет, қоғам және халықаралық ұйымдардан келген құрметті қонақтар, барлығы әлемнің 40 елінен келген 85 делегация қатысты.

Съезд барысында, құрамына әлемнің 14 діндерінің өкілдері кіретін Дін көшбасшылар кеңесінің алғашқы отырысының болуы тарихи оқиғаға айналды.

Дін көшбасшылар кеңесі бұдан былай Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының тұжырымды және мазмұнды қызметін айқындайтын басты институты болып табылатыны – Төртінші Съезде жарияланды.

Кеңес қызметінің негізгі міндеттері:

– түрлі дін өкілдері арасындағы өзара түсіністік пен серіктестікті ары қарай тереңдету;

– Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары Съезі диалогты алаңының тұжырымды негіздерін нығайту;

– Съезд қызметіне қатысты түбегейлі мәселелер бойынша, сонымен қатар басқа халықаралық ұйымдар және форумдармен серіктестік жөнінде шешім қабылдау.

Бүгінде жалпы электрондық порталдың бір бөлігіне айналған G-Global» – «Ұлы әлем» деп аталатын, жаһандық төзімділік пен сенімді қалыптастыру және бекітуге арналған интернет-қорды құру – Төртінші Съездің маңызды бастамаларының бірі болды.

Съезд қорытындысы бойынша қатысушылардың Үндеуі қабылданды.

Ұлт көшбасшысы – Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бейбітшілік пен конфессияаралық келісімді орнату саласындағы бастамалары

Қазақстан жалпыға ортақ бейбітшілік пен келісімді бекіту ісіне елеулі үлес қосуда. Тәуелсіздік жылдары мемлекет аймақтағы бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында бірқатар маңызды бастамаларды алға тартты.

2002 жылдың қараша айында Қазақстан Президенті ІХ Қазақстан халқы Ассамблеясында сөйлеген сөзінде, барлық конфессияларды конфессияаралық бейбітшілік және келісім жөніндегі Еуразиялық Хартияны қабылдауға шақырды.

2003 жылы 13 ақпанда Алматы қаласында Елбасының бастамасымен Халықаралық бейбітшілік пен келісім конференциясы өтті, оның жұмысына мұсылмандық, христиандық, иудалық және басқа конфессиялардан тұратын бес мемлекеттің ресми өкілдері қатысты. Конференцияны өткізу идеясын Рим Папасы ІІ Иоанн Павел, әлемдік конфессиялар басшылары, әлемнің көптеген мемлекеттерінен қоғамдық және діни ұйымдар өкілдері қолдады. Конференцияға қатысушылар мен

қонақтар атына АҚШ, Израиль, Украина және басқа мемлекеттер басшылары атынан құттықтау хаттары келіп түсті.

Форум қорытындысы бойынша, «Бейбітшілік пен тұрақтылық Декларациясы» қабылданды. Бұл құжатта «діндер өркениет диалогындағы біріктіруші элемент болуы қажет», ал «әлемдегі барлық діндер мен мәдениеттер үшін адамдардың бейбітшілігі мен гүлденуі негізгі мақсат болуы керек» екендігіне ерекше көңіл аударылған.

Конференцияға қатысушылар әлемге жақсылықтың мәңгілік құндылығын әкелген ислам өркениетінің экстремизм және терроризммен ешқандай ортақтығы жоқ екеніне ерекше көңіл бөлді.

Жалпы, Орталық Азия мен Еуразиялық құрлық үшін, Қазақстанның бейбітшілік пен келісімді нығайтуға бағытталған бастамалары үлкен мәнге ие.

Біздің еліміздің түрлі конфессиялармен өзара әрекеттестік орнату тәжірибесін халықаралық ұйымдар мен шетелдік серіктестер, оның қатарында БҰҰ, ЮНЕСКО, ЕҚЫҰ зерттеп, зерделеуде.

Халықаралық аренада Қазақстан – бейбітшілік территориясы, мәдениеттер мен діндердің жақындасуы мен сұхбат алаңы ретінде қабылданады.

Сұхбат пен толеранттылық идеялары, мәдениеттер мен өркениеттердің ынтымақтастығы Қазақстан Республикасының сыртқы саясатындағы ауқымды бастамаларының қозғаушы күші болды.

Әлемдік қауымдастықтың Қазақстанға Азия мен Еуропа, Ислам әлемінің ірі халықаралық ұйымдарын басқаруды сеніп тапсыруы, Президент Н.Ә. Назарбаевтың саясатына жоғары сенімнің дәлелі болып табылады.

Қазақстан 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етті. Қазақстанның ЕҚЫҰ-дағы төрағалығының ұраны төрт «Т» әрпі болды: trust (сенім); tradition (дәстүр); transparency (транспаренттілік); tolerance (толеранттылық).

Толеранттылық – бұл жүйедегі төртінші компонент – бұл мәдениеттер және өркениеттер арасындағы сұхбаттың барған сайын артып отырған маңызын сезіну.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев «ЕҚЫҰ-ның тағдыры мен келешегі» атты мақаласында: «Қазақстан мәдениетаралық және өркениетаралық үнқатысу идеясын ұстанған көпұлтты және көпконфессиялы мемлекет ретінде ұлтшылдық, діни тағатсыздық, нәсілшілдік, ксенофобия және семитизмге қарсы күресуде Ұйымның мықты әлеуетін пайдалануға ұмтылады».

Бұл ойларды жүзеге асыру үшін ЕҚЫҰ-ның барлық мемлекеттерінің өзара тығыз ынтымақтастығы, «екі стандарттар» саясатынан бас тарту, құндылықтар мен заңнамалық-құқықтық нормалардың жақындасуы,

жекеленген мелекеттерде жинақталған игі тәжірибелерді зерттеу және қайырымды еркіндік қажет.

2011 жылы өткен Ислам Ынтымақтастық ұйымының (ИЫҰ) сыртқы істер министрлігінің отырысында Қазақстан төрағалық етті. Мұсылман мемлекеттерімен өзара қатынас орнату Қазақстан Республиканың сыртқы саясатындағы басымдылықтардың бірі болып табылады. Ислам әлемі өз тарапынан Қазақстанды мұсылман қауымының ажырамас бөлігі ретінде қарастырады.

Қазақстан көпұлтты және көпконфессиялы мемлекет бола тұра, өркениеттер мен діндер арасындағы сұхбатты дамытуға бағытталған жаһандық үрдісті толық қолдайды.

Еліміздің өзге де ауқымды аймақтық және әлемдік ұйымдармен бірге ИЫҰ қызметіне белсенді араласуы қазіргі кезеңіндегі жаһандану үрдісінде әлемдік маңыздылыққа ие болып отыр.

Астанада 2011 жылы Ислам ынтымақтастығы ұйымына мүше елдердің Сыртқы істер министрлері Кеңесінің сессиясының өтуі, мұсылман қауымдастықтың біздің еліміздің халықаралық абыройын мойындауы және жоғарғы сенімділігінің дәлелі болды.

ИЫҰ төрағалығы кезінде Қазақстан ұйымның күн тәртібіне: саяси, гуманитарлық және экономикалық ынтымақтастық, терроризм, діни төзімсіздік, гендерлік теңсіздікпен күресу сияқты және т.б. маңызды мәселелерді қосуға атсалысты.

Бейбітқатар өмір сүру – Қазақстан жетекшілерінің сыртқы саясаттағы басқа қадамдарынан да байқалады.

Қазақстан мемлекетінің саяси жетекшілері еуропалық абыройлы құрылымдармен және мұсылман әлемімен ынтымақтастықты одан ары кеңейту жолында қызмет етуге ниеті бар.

«Өркениеттер Альянсы» және «Азия үйі» (Барселона, 2007 ж. қазан) сияқты халықаралық институттар өткізген «Әлемнің жаңа қауіптері: қауіпсіздік саласындағы шақыруларымен күрестегі адамзат мүмкіндігінің рөлі» Халықаралық конференциясына, Қасиетті Эдиджио қауымдастығы (Неаполь, 2008 ж. қазан) ұйымдастырған бейбітшілік үшін өткізілген дінаралық кездесу, «Ислам ынтымақтастығы ұйымының» 11-саммиті сынды халықаралық ұйымдарға Қазақстан делегациялары өкілдерінің қатысуы сол қадамның дәлелі болды.

Қазір Қазақстан жаһандық деңгейдегі діндер мен өркениеттер диалогы ұстанымын бекіту туралы мәселені көтере отырып, Шығыс пен Батыс арасындағы «көпірге» айналып отыр. Елде қалыптасқан этносаралық және конфессияаралық келісім үлгісі әлемдік бағаға ие болды. Қазақстан үшін толеранттылық қағидасы қоғамның саяси мәдениетінің нормасына айналып, міне жиырма жылдан астам уақыт көлемінде жүзеге асырылған түрлі этнос және конфессия өкілдері арасында өзара түсінушілік пен келісімді сақтау, жасампаздықты дамыту

мен тұрақтылықты қамтамасыз етуде. Бұл – мемлекет және оның халқының тұрақтылығы мен гүлденуінің кепілі.

* * * * *

III БӨЛІМ.

ДІН САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

§3.1 Дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың негізгі қағидаттары

Конституцияға сай Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Конституция әркімнің ар-ождан бостандығына кепілдік береді, сонымен қатар конфессиялы, этникалық және басқа белгілерге қарай кемсітудің кез келген түрлеріне тыйым салады. Ар-ождан бостандығы, ең алдымен, идеологиялық қадағалаудан бостандық – әркімнің өзіне арнап рухани құндылықтар жүйесін өз бетінше таңдау құқығы. Ар-ождан бостандығы адамның абсолютті құқығы болып табылады және оны шектеуге жол берілмейді.

Қазақстан өз тәуелсіздігін алған уақыттан бері адамның мүдделері мен еркіндігін, құқығын қорғау бойынша жүйелі саясатын жүргізуде.

Азаматтардың діни сенім бостандығына адамдардың құқығын жүзеге асыруды қамтамасыз ету – көпконфессиялы мемлекет ретінде Қазақстан Республикасының өмірлік маңызды мүдделерінен саналып, оның демократиялық және құқықтық дамуының маңызды негіздерінің бірі

Қазақстан өз қызметінде адам құқығы жөніндегі жалпыға танылған халықаралық актілерге сүйенеді. Дін және діни сенім бостандығын қамтамасыз ету саласындағы қазақстандық нормативті база жалпыеуропалық және әлемдік демократиялық стандарттарға сәйкес келеді. Көптеген сарапшылардың қорытындысы бойынша, елдің заңнамасы ЕҚЫҰ және басқа бірқатар халықаралық ұйымдардың халықаралық стандарттарының негізіне, сонымен қатар әлемнің дамыған мемлекеттерінің тәжірибесіне сәйкес келеді.

Барлық қабылданып жатқан заңнамалық іс-шаралар тұрғындар мен сарапшылар арасында қолдау табуда, сондай-ақ жалпы Қазақстандағы адам құқығын қамтамасыз етуде және діни жағдайда жағымды жағынан көрініс табуда.

Елдегі діни сенім бостандығы Заңда орнатылған ережелер және қағидаттарымен кепілдендіріледі.

Заңда діни қызметке бөгет жасау, дінге қатыстылығына байланысты жеке тұлғалардың азаматтық құқығын бұзу немесе олардың діни сезімдеріне тіл тигізу, кез келген діннің сенушілерінің құрметтейтін заттары, құрылыстары және орындарын қорлауына рұқсат етілмейтіні бекітілген.

Мемлекеттің заңнамасына сәйкес, Қазақстанда әркім діни немесе

басқа сенімдерді ұстануына, оларды таратуға, діни бірлестіктер қызметіне қатысуға және миссионерлік қызметпен айналысуға құқығы бар.

Мемлекет азаматтың дінге қатынасын анықтауына араласпайды. Сонымен қатар, Конституцияда және заңдарда көзделген жағдайларды қоспағанда, ешкімнің де өз діни сенімдерін себеп етіп азаматтық міндеттерін атқарудан бас тартуға қақысы жоқ екендігіне ерекше көңіл бөлінген.

Ата-аналар немесе олардың орнындағы адамдар баланың өміріне, денсаулығына қауіп төндірмесе немесе оның құқығын шектемеген жағдайларды қоспағанда, балаларын өз нанымдарына сәйкес тәрбиелеуге құқылы.

Заңда Қазақстан Республикасының зайырлылық сипатының қағидаттары ашық көрсетілген. Қазақстан Республикасы заңдарына қайшы келмесе, мемлекет діни бірлестіктердің қызметіне араласпайды.

Қазақстан Республикасының заңнамасы жалпы адамның гуманистік қажеттілігін ескергенмен, діни өлшемдермен байланысы болмайды. Діни бірлестіктердің актілері Қазақстандағы құқық көзі бола алмайды. Елдің сот жүйесіне де діннің ықпалы жүрмейді.

Елдің Конституциялық зайырлылық қағидатын ескере отырып, мемлекеттік органдар мен мекемелерде діни сипаттағы ғұрыптар, рәсімдер және басқа да іс-шаралар өткізілмейді. Сонымен қатар мемлекет жекелеген діни ғұрыптарды жасауда кейбір қиындықтарды туындататын ұйымдарда діни сенім бостандығы құқығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнайы мекемелерде ұсталатын, жазаны орындайтын мекемелерде отырғандардың жеке немесе олардың туысқандарының тілегі бойынша қажет болған жағдайда діни бірлестіктердің діни қызметшілері шақырылады. Сотталған адамдарға жеке түрде діни ғұрыптар жасауға және діни әдебиетті қолдануға рұқсат етіледі. Сонымен бірге жаза орындаушы отырған мекеменің ішкі ережесі бұзылмауы тиіс және басқа тұлғалардың құқығына қысым жасалмауы қажет.

Мемлекет діни бірлестіктердің ішкі ережелерін сыйлайды және олардың сол ережелерге сай қызмет етуіне мүмкіндік береді, діни ережелер мен нормаларға сай ұйымдасу және басқару құқығын мойындайды, соның ішінде діни қызметшілерді тағайындауға, сайлауға және шақыруға мүмкіндік береді.

Мемлекет діни ғұрыптарды орындаумен, діни білім берумен, діни ғимараттар мен заттарды және діни әдебиетті қолдану, қайырымдылық жасау, елдің ішіндегі және шетелдегі бір діндегі адамдармен байланысты орнату және қарым-қатынасты үзбеуде азаматтар мен діни бірлестіктердің құқығын жүзеге асыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар, діни бірлестіктердің мемлекеттен бөліну қағидаты діни бірлестіктер мен діни сенушілерді қоғам өмірінен бөліп тастауды білдірмейді. Мемлекет діни бірлестіктермен әлеуметтік пайдалы қайырымдылық, мәдени-ағартушылық, гуманитарлық қызметте ынтымақтастық қатынас орнатады. Діни бірлестіктер маскүнемдік, нашақорлық, қылмыстың алдын алу шараларын, салауатты өмір салтын қалыптастыру, отбасының беріктігін, қоғамда жоғары рухани және адамгершілік жағдайын туғызу, азаматтық бейбітшілік және рухани келісімді нығайту сияқты мәселелерді шешуге қатысады. Ірі діни орталықтар мен бірлестіктер жетекшілері Қазақстанның республикалық және шағын халықтар ассамблеясының, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы адам құқығы жөніндегі Комиссиясының, Қазақстан Республикасы Үкіметі және жергілікті атқарушы органдар жанындағы діни бірлестіктермен байланыс орнату кеңесінің құрамына енеді.

Құқықтың алаңда діни бірлестіктердің еркіндігіне жағдай жасалған. Діни бірлестіктердің құқықтық теңдігі сақталады. Заң діндерді кіші және ірі топтарға бөлмейді және ешқандай дін мемлекеттік немесе міндетті болып орнатылмайды.

Заңнама діни бірлестіктерге діни ғибадат, діни ғұрыптар, рәсімдер және діни ғимараттарда және соларға бөлінген территориядағы ғибадат үйлерінде жиналыс жасауға, қажылық орындарында, діни бірлестіктер мекемелерінде, зираттар мен крематорийлерде, сондай-ақ азаматтардың пәтерлері мен үйлерінде бөгетсіз жүргізуге құқық береді.

Қазіргі уақытта діни дәстүрлердің, діни ғимараттардың – мешіттер, храмдардың, ғибадатханалардың құрылысы, сонымен қатар жаңа діни-ағартушылық орталықтар, діни бұқаралық ақпарат құралдарының жаңғыруы белсенді түрде жүргізілуде. Сонымен қатар тұрғындардың діни құндылықтарға қызығушылығының артуы – Қазақстанда өмір сүретін этностардың дәстүрлі мәдениетінің жандануының маңызды аспектілерінің бірі.

Мемлекет тарихи-мәдени құндылықтарға ие діни орындарының сақталуына қолдау көрсетеді.

§3.2 Дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға жауапты орталық және жергілікті мемлекеттік органдар.

Дін істері комитеті (*одан ары Комитет*) Қазақстандағы конфессияаралық келісім саласында, діни сенім бостандығы және діни бірлестіктермен өзара әрекетті қамтамасыз етудегі мемлекеттік жетекшілікті жүзеге асыратын негізгі институт болып табылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сай Комитет келесі функцияларды атқарады:

- діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-әрекеттестік саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын іске асыру;
- діни ахуалдың дамуын, Қазақстан Республикасы аумағында құрылған діни бірлестіктердің, миссионерлердің, қызметін зерделеу мен талдау;
- ақпараттық-насихат іс-шаралары мен түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- дінтану сараптамасын жүргізуді қамтамасыз ету;
- облыстық жергілікті атқару мекемелері мен республикалық қала мен астаналық деңгейдегі діни қызмет және олардың діни бірлестіктерімен байланыстарын реттеу;
- өз құзыреті шегінде діни қызмет саласында нормативті құқықтық актілерді дайындауға қатысады және әзірлейді;
- Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасының бұзылуына қатысты жеке және заңды тұлғалардың шағымдарын қарастыру.

Комитеттің негізгі міндеттері:

- діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-әрекеттестік саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүзеге асыру бойынша ұсыныстар жасау;
- Комитет Қазақстан Республикасы заңнамасында бекітілген басқа да міндеттерді жүзеге асырады.

Комитет жанында Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы, сонымен қатар Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы мекемелері бар.

«Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы» РММ (әрі қарай – ҒЗТО) 2007 жылы 30 қаңтарда құрылды.

Орталықтың мақсаты дін мәселелері жөнінде мемлекет органдарының қызметіне ғылыми-әдіснамалық және ақпараттық-талдау жұмыстары бойынша қолдау көрсету болып табылады.

Қазақстандағы діни ахуалдың даму үдерістерін талдау бойынша зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу, мемлекеттік органдардың қызметін, ұйымдар мен азаматтарды мемлекеттік-конфессиялық қатынастар саласындағы ақпараттық-талдау және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету, дінтану сараптамасын жүргізу Орталық қызметінің басты міндеті болып табылады.

ҒЗТО сарапшылары Қазақстандағы діни ахуалдың түрлі аспектілері мен діни бірлестіктердің қызметі бойынша талдаулық зерттеулер мен баяндамалар дайындайды.

ҒЗТО Дін істері комитетін елде орын алып жатқан діни үдерістерге сараптамалық баға беруді қамтитын материалдармен қамтамасыз етеді,

діни ахуалды зерделеу саласында тәжірибе алмасу мақсатында Қазақстанның сарапшылар қоғамдастығымен, ғылыми-зерттеу орталықтары және басқа ұйымдармен, сондай-ақ шетелдік сарапшылар мен талдау ұйымдарымен өзара әрекет етуді жүзеге асырады.

ҒЗТО құрамында мемлекеттік органдарға дін саласында болжам және ұсыныс беру сипатына ие қолданбалы ғылыми-зерттеу және сараптау-талдау жүргізу үдерісіне басшылық ететін және жұмыстарын үйлестіруді жүзеге асыратын Ғылыми-сараптау кеңесі (ҒСК) жұмыс істейді. ҒСК дін саласындағы ғылыми-зерттеулік, әлеуметтік және талдаулық жұмыстардың бағасын береді, дін және діни сенім бостандығы саласындағы ғылыми-зерттеулік және талдаулық жұмыстардың сапасын арттыруға арналған ұсыныстар дайындайды.

ҒЗТО елдегі тіркелген діни бірлестіктердің қатысуымен өтетін сараптамалық сипаттағы көптеген іс-шаралардың бастаушысы және ұйымдастырушысы болып табылады.

Ар-ождан бостандығы және діни сенім мәселелері бойынша ғылыми және түсіндіру тақырыптарындағы жарияланымдар және баспалық әрі электрондық бұқаралық ақпарат құралдарындағы интервью әзірлеуді жүзеге асырады.

Конфессияаралық жағдайда шиеленістерді болдырмау үшін алдын алу шараларын құрастыру мақсатында Отандық конфессиялық БАҚ-қа мониторинг жасайды.

Діни ағартушылық және діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шаралары бойынша ҒЗТО қызметкерлері тұрғындардың түрлі топтары және мемлекеттік органдар өкілдері арасында ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Дін және діни сенім бостандығын қамтамасыз ету саласында орталық және жергілікті мемлекеттік органдар қызметінің түрлі аспектілерін жетілдіруге бағытталған әдістемелік және анықтамалық материалдар дайындайды.

ҒЗТО сарапшылары кәсіби түрде әдебиеттерге және діни бірлестіктердің басқа материалдарына, олардың елдің заңнамасына сәйкестігін анықтау мақсатында дінтанулық сараптама жасайды.

2012 жылы ҒЗТО заңның негізгі қағидаларын түсіндіретін «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңына Түсініктеме дайындады. Түсініктеме Астана қаласындағы ЕҚЫҰ ұйымдастырған, Заңды жүзеге асыру сұрақтары бойынша өткен дөңгелек столда жарияланды.

ҒЗТО діннің және діни сенімнің бостандығын қамтамасыз ету сұрақтарында мемлекет пен діни бірлестіктер қарым-қатынасын жетілдіру туралы сұрақтарға бағытталған 2013 жылы бірнеше іс-шараларды ұйымдастырды. Соның ішінде 2013 жылы 25 қарашада Астана қаласында «Мемлекет және діни бірлестіктер: өзара қарым-

қатынас мәселелері және келешегі» тақырыбындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді. Конференция қорытындысы бойынша мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың қазақстандық моделін жетілдіру және діни бостандық саласында азаматтардың құқығын сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған ұсыныстар қабылданды.

«Мәдениеттер мен діндердің халықаралақ орталығы» РММ (әріқарай - МДХО) 2006 жылы Астана қаласында өткен әлемдік және дәстүрлі діндер 2 Съезінде айтылған, Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен 2008 жылы 28 тамызда құрылды.

Қазақстан Республикасының және оның Көшбасшысы – Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың дінаралық және конфессияаралық келісім саласында жүргізетін саясатына қатысты материалдарды зерттеу және кеңінен тарату, жүйелендіру, кешенді жинау негізінде дін және мәдениет саласында тарихи және әлеуметтік-саяси ақпаратты зерттеу МДХО-ның мақсаты мен міндеті болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев, 2009 жылы Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының III Съезінде сөйлеген сөзінде: «Орталық бейбітшіліктің, келісім мен әділдіктің интеллектуалдық зертханасына айналып, жаһандық күн тәртібіне ұсыныстар әзірлеп ұсынуы тиіс. Ол Съездің жұмысшы құрылымы болып, оның барлық қатысушыларын жаңа идеялармен және ұсыныстармен нәрлендіруі керек. Оның аясында түрлі мәдениеттер мен діндер өкілдерінің үнқатысуын кеңейту маңызды, оған зайырлы және діни БАҚ-тардың және жастар бірлестіктерінің, ғылыми және шығармашылық деғдарлар өкілдерін тартқан жөн», – деп Елбасы МДХО алдында жаһандық міндет қойды.

МДХО өзінің 6 жылдық қызметінде әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының III және IV Съездерін ұйымдастыру жұмыстарына, төрт Хатшылық пен бірнеше жұмыс тобының Съездерін дайындауға және өткізуге тікелей қатысты.

МДХО елдегі тіркелген діни бірлестіктердің қатысуымен өтетін көптеген іс-шаралардың бастамашысы және ұйымдастырушысы болып табылады.

МДХО шетелдегі діни жағдайды зерттеуге қатысты кешенді сараптамалық-талдаулық қызметті жүзеге асырады, сонымен қатар конфессияаралық қарым-қатынас саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру мақсатында қоғамдық пікірге әлеуметтік талдау жұмыстарын ұйымдастырады. Аталған сұрақтар бойынша түрлі талдаулық, анықтамалық және әдістемелік материалдар дайындалады.

МДХО сарапшылары профессионалды түрде әдебиеттерге және діни бірлестіктердің басқа материалдарына, интернет-сайттарға олардың

елдің заңнамасына сәйкестігін анықтау мақсатында дінтанулық сараптама жүргізеді.

Орталық конфессияаралық сұрақтарға қатысты қазақстандық және шетелдік БАҚ-қа мониторинг және талдау жүргізеді. МДХО құрамында бұқаралық ақпарат құралдарында діни тақырыптарды түсіндіру бойынша Әдістемелік Кеңес (ары қарай – Кеңес) қызмет етеді. Әдістемелік Кеңес ұдайы түрде журналистер қауымымен кездесулер, дін саласындағы күрделі мәселелерді кәсіби түрде түсіндіру жұмыстары бойынша журналистерге семинар-тренингтер ұйымдастырады. Оның ішінде 2013 жылы Кеңес БАҚ, діни бірлестіктер өкілдерімен, дінтанушы-ғалымдармен – «БАҚ-ғы діни саланы түсіндірудің негізгі қағидаттары», «Діни саладағы заңнамалардың тиімділігі», «Дін және діни сенім бостандығы саласындағы мемлекеттік саясат» тақырыптардағы бірқатар отырыстар өткізді.

Облыстардағы, Астана және Алматы қ. әкімдіктері жанындағы өңірлік дін істері басқармалары түріндегі **жергілікті атқарушы органдар** жергілікті деңгейдегі дін саласындағы мемлекеттік саясат пен діни сенім бостандығын қамтамасыз ету қызметін жүзеге асырады.

Негізінен олар төмендегідей міндеттерді іске асырады:

- 1) жергілікті деңгейде дін саласы бойынша мемлекет саясатын;
- 2) діни қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты;
- 3) Комитетке Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын жетілдіру туралы ұсыныстар әзірлейді;
- 4) құқық қорғау органдарына Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңын бұзушы жеке және заңды тұлғалардың іс-әрекеттеріне тыйым салу туралы ұсыныстар әзірлейді;
- 5) Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасының бұзылуына қатысты жеке және заңды тұлғалардың шағымдарын қарастырады;
- 6) өз құзыретіне сәйкес аймақтық деңгейде дін мәселесіне қатысты түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;
- 7) діни әдебиеттер мен діни мазмұндағы өзге де материалдар, діни мақсатта қолданылатын заттарды таратуға арналған стационарлық ғимараттарды бекіту, сонымен қатар культтік мекеме (құрылыс) аумағынан тыс жерде діни іс-шараларды өткізуге арналған ғимаратты белгілеу туралы шешімдер шығарады;
- 8) діни үйлерді (ғимараттарды) салуға және олардың орналасатын жерін анықтауға, сонымен қатар үйдің (ғимараттың) бастапқы мақсатын діни үйге (ғимаратқа) өзгерту туралы шешім шығарады;
- 9) діни бірлестіктер құрушы бастамашы-азаматтардың тізімін тексеруді қамтамасыз етеді;
- 10) миссионерлік қызмет атқарушы тұлғаларды тіркеу жұмыстарын жүргізеді.

Осы тапсырмаларды сапалы жүзеге асыру мақсатында облыстардағы, Астана және Алматы ққ. Дін істері басқармаларының жанынан коммуналды мемлекеттік мекеме түріндегі Дін мәселелерін зеттеу орталықтары құрылуда (одан әрі – Орталықтар), олар дін істері басқармалары арқылы әкімдіктердің қызмет ету аясы мен мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Орталықтардың жұмыстары өңірлік АТК, діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі кеңестермен бірыңғай байланыста және ортақ ұйымдастырушылық негізде жүзеге асуы тиіс.

Орталықтардың жергілікті жерлердегі діни экстремизмге қарсы іс-қимыл мен алдын алу шаралары бойынша негізгі қызметтері төмендегідей;

– жергілікті және орталық атқару органдары, сондай-ақ, өңірлік антитеррористік комиссиялардың жұмыстарында, сонымен қатар, дін және экстремизм мен терроризмнің алдын алу саласындағы мақсатты ақпараттық-насихаттық жұмыстарды жетілдіру үшін өңірдегі діни ахуал туралы талдаулық базаны қалыптастыру. Бұл бағыт түрлі талдаулық материалдарға негіз болатын талдаулық және әлеуметтанулық зерттеулерді, сарапшылар сауалнамасын, БАҚ-қа мониторинг пен контент-талдау жүргізуді ұйымдастырады;

– ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырады. АНТ ұйымдастыру, мақсатты топтар мен тақырыптарына сәйкес қызметтерін жоспарлау, сондай-ақ, АНТ жұмысын бақылау және ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру. Бұл бағыт дәрістер, акциялар, кездесулер, консультациялар, баспасөз-мәслихаттарын ұйымдастыру, медиа-жоспарлауды жүзеге асыру, баспа және электронды БАҚ-пен өзара әрекеттестік, Интернеттегі жұмыстарды қамтиды;

– ақпараттық-насихаттық қызметте қолдану, сонымен қатар, өңірлік деңгейдегі АНТ мүшелерінің біліктілігін арттыру үшін АНТ-ны қажетті әдістемелік және әдіснамалық құралдармен қамтамасыз етеді, ол ақпараттық және әдістемелік материалдар, құралдар, кітапшалар, бүктемелер, бейнематериалдар және өзге де үлестіру мен таныстыру материалдарын дайындау мен шығарудан тұрады;

– ақпараттық-құқықтық және психологиялық консультацияларды, сондай-ақ, деструктивті діни ағымдардан зардап шеккендерді оңалту, Орталық өңірлерде дін мәселесі бойынша қызмет ететін кеңес беру-оңалту орталықтары мен деструктивті діни ағымдардан зардап шеккендерге көмек көрсету орталықтарының қызметтерін ұйымдастырады;

– деструктивті діни ағымдардың мүшелерін оңалту жұмыстарын ұйымдастырады, деструктивті діни ағымдардан зардап шеккендерді

оңалту орталықтары мен көмек көрсету орталықтарының қызметтерін үйлестіреді.

Бұл бағыт теологтарды тарта отырып, орталықтың оңалту бойынша мамандандырылған арнайы бөлімін құруды қамтиды, ол дәстүрлі емес исламдық ағымдардың өкілдерін дәстүрлі дінге оралту бойынша идеологиялық, сондай-ақ, өңірлердегі деструктивті діни ағымдардан зардап шеккендерге көмек көрсету орталықтарының қызметтерін мақсатты түрде үйлестіру және республикалық «114 –Қауырт желісімен» өзара ерекеттестікті ұйымдастырумен айналысуы тиіс.

§3.3 Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы

Екі мың жылдықтың көлемінде дүниетаным мен өмір салтының жүйесі ретінде діннің рөлі ерекше өсті.

Тұрғындардың түрлі топ өкілдерінің ішінде рухани дамуға, оның ішінде қоғамның тіршілік әрекетінің діни құрамына қызығушылық арта түсті.

Республикада әртүрлі діндер мен конфессиялар өкілдері арасында қатар өмір сүруге қолайлы жағдайлар мен тиімді қарым-қатынас жағдайы қалыптасты.

Қазақстанның конфессияаралық қарым-қатынас моделі басқа елдер үшін бірегей үлгіге айналды.

Дегенмен дін рөлінің артуымен тұрғындардың бір бөлігінің діни өмір сүруінің олқы тұстары байқала бастады. Сонымен қатар елімізде зайырлы қоғамда қалыптасқан негіздерге өздерін қарсы қоятын азаматтардың саны көбейді. Бұдан басқа, белгілі бір дінге сенуші тұрғындардың кейбір бөлігінде агрессия мен діни радикализмнің шектен шыққан түрлері көріне бастады, ал олардың жиынтығы елдің және оның азаматтарының тұрақтылығы мен қауіпсіздігі үшін қауіп-қатер көзіне айналды.

Пайда болған мәселелер бойынша тұрғындар тарапынан зайырлы мемлекетке тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту, қоғамда үйлесімділікті, бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз ету, сонымен қатар жастар мен өсіп келе жатқан қазақстандық ұрпақты діни экстремизм мен терроризм әсерінен қорғау туралы негізгі тілектері жолданды.

Ұлт лидері – Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан – 2050 стратегиясы»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына Жолдауында: «еліміздің дәстүрлері мен мәдени нормаларына сай келетін Қазақстан тұрғындарының діни санасын қалыптастыру туралы – ерекше маңызды міндет белгіледі.

Сонымен қоса ол, мемлекет пен азаматтар радикализм, экстремизм және терроризмнің барлық түрлеріне бірлесіп қарсы тұру керектігіне ерекше көңіл бөлді.

Осының негізінде дін саласындағы жаңа заң құрастыру туралы шешім қабылданды, бұл заң 2011 жылы қазан айында өз жұмысын бастады.

ҚР діни қызмет және діни бірлестіктер туралы жаңа заңды қабылдау қажеттілігі тек діни терроризмнің көрініс табу қаупінен ғана туындаған жоқ, сонымен қатар діни қарым-қатынасты реттеудегі қазіргі қажеттіліктерге мемлекет заңын сәйкестендіру болды.

Заң мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынасты жетілдіруге, мемлекеттің тұрақтылығын қамтамасыз ету және дінді деструктивті мақсаттарда қолдану шарттарының төмендеуіне бағытталды.

ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңының негізгі ережелері ҚР Конституциясына (Негізгі Заңға) негізделеді.

Заңда мынадай негізгі ережелер нақты көрсетілген:

- мемлекет дін мен діни бірлестіктерден бөлінген;
- діни бірлестіктер және Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар дінге көзқарасына қарамастан заң алдында тең;

- ешбір дін мемлекеттік немесе міндетті дін ретінде белгіленбейді.

- діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасында білім беру мен тәрбиелеу жүйесі дін мен діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатта болады;

- заңды діни қызметке кедергі келтіруге, жеке тұлғалардың дінге көзқарасы себептері бойынша азаматтық құқықтарының бұзылуына немесе олардың діни сезімдерін қорлауға, қандай да бір дінді ұстанушылар қастерлейтін заттарды, құрылыстар мен орындарды бүлдіруге жол берілмейді;

- әркім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес діни немесе өзге де нанымдарды ұстануға, оларды таратуға, діни бірлестіктердің қызметіне қатысуға және миссионерлік қызметпен айналысуға құқылы;

- ешкімнің де өз діни нанымдарына байланысты Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерін атқарудан бас тартуға құқығы жоқ;

- діни қызметшілер, миссионерлер, діни бірлестіктердің басшылары немесе қатысушылары (мүшелері) болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтары саяси өмірге Қазақстан Республикасының барлық азаматтарымен бірдей тек өз атынан ғана қатыса алады.

Құжатта діннің және діни бірлестіктердің мемлекеттен бөліну қағидатын ұстанатын мемлекеттің қызметі нақты көрсетілген:

– Қазақстан Республикасының азаматының, шетелдік пен азаматтығы жоқ тұлғаның дінге және діни тиістілігін айқындауға, өзінің сенімдеріне сәйкес ата-аналардың немесе олардың орнындағы өзге де заңды өкілдерінің балаларды тәрбиелеуге, егер мұндай тәрбие баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіргенде, оның құқықтары мен жауапкершілігін шектегенде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының егемендігі мен аумақтық тұтастығына, конституциялық құрылымына қарсы бағытталған жағдайларды қоспағанда араласпайды;

– мемлекеттік органдардың функцияларын орындауды діни бірлестіктерге жүктемейді;

– егер діни бірлестіктердің қызметі Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмесе, діни бірлестіктердің қызметіне араласпайды;

– дін ұстанатын және оны ұстанбайтын Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар арасында, сондай-ақ әртүрлі діни бірлестіктер арасында өзара төзімділік пен құрмет қатынастарын орнықтыруға ықпал етеді.

Өз кезегінде діни бірлестіктер заңға сәйкес:

– мемлекеттік органдардың функцияларын орындамайды және олардың қызметіне араласпайды;

– саяси партиялардың қызметіне қатыспайды, оларға қаржылық қолдау көрсетпейді, саяси қызметпен айналыспайды;

– Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға міндетті.

ҚР заңында діни негіздегі партиялардың қызметіне, мақсаттары мен іс-әрекеті мемлекетте бір діннің үстемдігін орнықтыруға, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа үндеумен және өзге де құқыққа қарсы іс-әрекеттермен байланысты діни өшпенділікті немесе алауыздықты қоздыруға бағытталған діни бірлестіктер құруға және олардың қызметіне тыйым салу қажеттілігі нақты көрсетілген.

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелмеген діни бірлестіктердің қызметіне, сол сияқты Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды дінге көзқарасын айқындауда, діни бірлестіктердің қызметіне, діни жораларға және (немесе) дінді оқып-үйренуге қатысуына немесе қатыспауына қандай да бір күштеп мәжбүрлеуге жол берілмейтіндігі белгіленген.

Сонымен қатар, заңда Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға зорлық-зомбылық көрсетумен немесе олардың денсаулығына өзге де зиян келтірумен не ерлі-зайыптылардың некесін бұзумен (отбасының бұзылуымен) немесе туыстық қарым-қатынастарды тоқтатумен, имандылыққа нұқсан

келтірумен, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзумен, азаматтарды Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерін атқарудан бас тартуға мәжбүрлеумен және Қазақстан Республикасының заңнамасын өзге де бұзушылықпен ұштасатын діни бірлестіктер қызметіне жол берілмейтіндігі нақты көрсетілген.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды, оның ішінде қайырымдылық қызмет арқылы және (немесе) олардың діни бірлестіктерден шығуына кедергі келтіретін, оның ішінде Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың материалдық немесе өзге де тәуелділігін пайдалана отырып бопсалау, күш қолдану немесе «күш қолданамын» деп қоқан-лоқы жасау не алдау жолымен өз қызметіне мәжбүрлеп тартатын діни бірлестіктердің қызметіне жол берілмейді.

Діни бірлестіктің қатысушыларын (мүшелерін) және дін ұстанушыларын діни бірлестіктің, оның басшылары мен басқа да қатысушыларының (мүшелерінің) пайдасына өздеріне тиесілі мүлкін иеліктен шығаруға мәжбүрлеуге жол берілмейді.

Дінді және діни көзқарастарды пайдалана отырып, мемлекеттік органдардың қызметіне қасақана іріткі салуға, олардың үздіксіз жұмыс істеуіне кедергі келтіруге, елдегі басқарушылық деңгейін төмендетуге әкеп соғатын шешімдерді қабылдауға және іс-әрекеттер жасауға жол берілмейді.

Діни бірлестіктің басшысы кәмелетке толмағандардың ата-анасының біреуі немесе оның өзге де заңды өкілдері қарсылық білдірген кезде кәмелетке толмағандарды діни бірлестіктің қызметіне тартуға және (немесе) қатыстыруға жол бермеу шараларын қабылдауға міндетті.

Жалпы алғанда, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының барлық ережелерінің нәтижелі жүзеге асуының арқасында республикамызда қоғамдағы дін мен діни қатынастарды реттейтін нәтижелі құқықтық негіз қалыптасты.

§3.4 Діни саланы реттейтін нормативтік-құқықтық актілер (Үкімет қаулылары, жергілікті атқарушы органдардың қаулылары, бірлескен ведомствоаралық бұйрықтар және т.б.)

Заң қабылданғаннан кейін заңға барлығы 19 қосымша актілер жасалып, қабылданды.

Оның 12-сі өз күшіне енді, олардың ішінде: 4 – Үкімет қаулылары қолданыста; 2 – Үкімет қаулысы (діни қызмет саласындағы мемлекеттік қызметтерінің үлгісін бекіту туралы, сонымен қатар діни мағынадағы заттардың критерилері мен тізімін бекіту туралы) жақын арада

қолданысқа енеді; 5 – Агенттіктің қолданыстағы бұйрықтары, 1 бұйрық (діни қызмет саласындағы мемлекеттік қызмет тәртібін бекіту туралы) жақын арада қолданысқа енеді.

Үкімет қаулылары:

«Діни бірлестіктермен байланыс Кеңесін құру туралы» ҚР Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 6 мамыр №683;

«ҚР Үкіметі жанындағы Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі Кеңестің ережесі мен құрамын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 27 шілде №1140;

«Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 тамыздағы №888 қаулысы;

«Дінтану сараптамасын жүргізу қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 Жылғы 7 ақпандағы №209 Қаулысы;

«Діни қызмет саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы №137 қаулысы;

«Қазақстан Республикасының әділет органдарында тіркелген діни бірлестіктер әкелетін, қосылған құн салығынан босатылатын діни мақсаттағы заттардың тізбесін және оларды іріктеу критерийлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 14 сәуірдегі №352 қаулысы.

Агенттіктің бұйрықтары:

1. «Дінтанулық сараптама жасауға сарапшыларды сұрыптау нұсқауларын бекіту туралы» ҚР Дін істері агенттігінің Төрағасының 2012 жылғы 30 қазандағы №112 бұйрығы;

2. «Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың, сондай-ақ ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізуге арналған үй-жайлардың орналастырылуын айқындау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР Дін істері агенттігі Төрағасының м.а. 2013 жылғы 23 шілдедегі №34 бұйрығы;

3. «Жүзеге асырылатын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін бекіту туралы» ҚР Дін істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 28 тамыздағы №38 бұйрығы;

4. «Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің мемлекеттік қызметкерлерінің қызмет этикасы ережелерін бекіту туралы» ҚР Агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 22 қарашадағы №43 бұйрығы;

5. «Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарының санаттарына біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Дін істер агенттігі төрағасының 2014 жылғы 21 ақпандағы №9 бұйрығы;

6. Дін саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі төрағасының 2014 жылғы 18 наурыздағы №11 бұйрығы.

§3.5 Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктердің қызметінің құқықтық негіздері.

Дін саласын мемлекеттік реттеу туралы

Қазақстан Республикасында жиырма жылдан астам уақыт көлемінде тиімді мемлекеттік реттеуді қамтамасыз ету жолымен конфессиялық саясатты сенімді түрде жүзеге асырып келе жатыр.

Бұл үрдісте жергілікті атқарушы органдар, оның ішінде жергілікті әкімдіктер жанындағы Дін істері басқармасы белсенді түрде қызмет етеді және олар сәйкесінше құқықтарға ие:

– діни бірлестіктермен өзара қарым-қатынас саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастыру мен жүзеге асыруға қатысу;

– Қазақстан Республикасы аумағында құрылған діни бірлестіктер, миссионерлер, рухани (діни) білім беру ұйымдары қызметін зерттеу және талдау жасау;

– өз құзыретіне қатысты сұрақтар бойынша түсіндіру жұмыстарын қамтамасыз ету;

– Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңын жетілдіру мақсаты бойынша ұсыныстар әзірлеу;

– діни бірлестіктер және діни бірлестіктермен өзара қарым-қатынасына қатысты сұрақтар бойынша облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астанадағы жергілікті атқарушы органдар қызметін үйлестіру;

– дінтанулық сараптама жүргізу және діни бірлестіктер құрушы азаматтардың тізімін тексеруді қамтамасыз ету;

– Қазақстан Республикасы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының бұзылуы жөнінде заңды және жеке тұлғалардың жасаған үндеуін қарастырады;

– дін саласы бойынша шетел мемлекеттерінің өкілетті органдарымен ынтымақтастықты ұйымдастыру және жүзеге асыру;

– республика аумағындағы шетелдік діни бірлестіктердің қызметін үйлестіру, Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктердің жетекшілерін шетелдік діни орталықтардан тағайындау;

– осы заңда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа да заңнамаларында, Қазақстан Республикасы Президенті және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде қарастырылып, жүктелген басқа да қызметті жүзеге асырады.

Дін саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыруға қатысатын облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және Қазақстан астанасының жергілікті атқарушы органдары үлкен көлемде жұмыс атқарады, яғни:

– аймақтағы діни ахуалды зерттеу және талдауды іске асырады;

– Қазақстан Республикасы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңын жетілдіру мақсаты бойынша өкілетті органдарға ұсыныстар енгізеді;

– өз құзырындағы сұрақтар бойынша, жергілікті деңгейде, түсіндірме жұмыстарын жүргізеді;

– діни әдебиеттерді және өзге де діни мазмұнды материалдарды, діни маңызы бар заттарды тарату үшін арнайы стационарлы ғимараттардың орнын бекіту туралы, сонымен қатар діни ғимараттардан тыс діни іс-шара өткізуге арналған ғимараттың орналасуы жайындағы келісім туралы шешімді береді;

– өкілетті органмен келісе отырып, діни үйлерді (ғимараттарды) салуға және олардың орналасатын жерін анықтауға, сонымен қатар үйдің (ғимараттың) бастапқы мақсатын діни үйге (ғимаратқа) өзгерту туралы шешімін шығарады;

– Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жергілікті мемлекеттік басқару мүдделеріндегі жергілікті атқарушы органдарына жүктелген басқа да қызметті жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасындағы діни қызмет туралы

Діни бірлестіктер, өзінің ерекше қызметін жүзеге асыруда құлшылық ету орындарын ұстауға құқылы.

Құдайға құлшылық ету, діни ғұрыптар, рәсімдер және (немесе) жиналыстар ғибадат үйлерінде (ғимараттарында) және оларға бөлінген аумақта, құлшылық ету орындарында, діни бірлестіктер мекемелері мен үй-жайларында, зираттар мен крематорийлерде, жақын тұратын адамдардың құқықтары мен мүдделері сақталған жағдайда үйлерде, қажетті жағдайда қоғамдық тамақтандыру объектілерінде бөгетсіз жүргізіледі.

Өзге жағдайларда діни іс-шаралар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Сонымен қоса, Құдайға құлшылық етуді, діни жораларды, рәсімдерді және (немесе) жиналыстарды өткізуге (жасауға), сондай-ақ миссионерлік қызметті келесі аймақта және ғимараттарда жүзеге асыруға рұқсат берілмейді:

– «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңнамасының 7 бабының 2 және 4-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік органдарда, ұйымдарда;

– Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, сот және құқық қорғау органдарының, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен, жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қорғаумен байланысты басқа да қызметтерде;

– рухани (діни) білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарының аумағында және ғимараттарында жол берілмейді.

– қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнайы мекемелерде ұсталатын, жазаны орындайтын мекемелерде отырған, қарттар мен мүгедектердің интернат-үйлерінде әлеуметтік қызмет көрсетуден өтетін, стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының емделушілері болып табылатын адамдарға олардың немесе олардың туысқандарының тілегі бойынша салт-ғұрыптардың қажеттілігі жағдайында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген діни бірлестіктердің діни қызметшілері шақырылады.

Бұл ретте діни жораларды, рәсімдерді және (немесе) жиналыстарды өткізу аталған ұйымдардың қызметіне кедергі келтірмеуге тиіс.

Діни бірлестіктерді құру туралы

Діни бірлестік он сегіз жасқа толған, құрылтай жиналысын\съезін\ конференциясын шақыратын Қазақстан Республикасы азаматтарының бастамасы бойынша құрылады, онда діни бірлестікті құру, оның атауы, жарғысы туралы шешімдер қабылданады және оның басшылық органдары құрылады.

Азаматтар құрылтай жиналысына (съезіне, конференциясына) өз еркі бойынша жеке түрде қатысады.

Діни бірлестікті құру үшін келесі белгілер болуы қажет:

- ортақ діни ілімі;
- діни жораларды, рәсімдер мен уағыздарды орындау;
- өз қатысушыларын (мүшелерін) және дін ұстанушыларын дінге тәрбиелеу;
- қызметінің діни бағыты болуға тиіс.

Діни бірлестіктердің мәртебесі жайында

Қазақстан Республикасында төмендегідей мәртебеге ие діни бірлестіктер құрылуы және әрекет етуі мүмкін:

- жергілікті,
- өңірлік,
- республикалық.

Қазақстан Республикасының кемінде елу азаматының бастамасы бойынша құрылған, бір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың шегінде әрекет ететін діни бірлестік жергілікті діни бірлестік болып танылады.

Кемінде екі облыстан, республикалық маңызы бар қалалардан және астанадан өкілдік ететін, олардың әрқайсысынан Қазақстан Республикасының кемінде екі жүз елу азаматы бар екі және одан да көп жергілікті діни бірлестіктердің қатысушылары (мүшелері) болып табылатын, Қазақстан Республикасының кемінде бес жүз азаматының бастамасы бойынша құрылған діни бірлестік өңірлік діни бірлестік болып танылады.

Өңірлік діни бірлестіктер осы жергілікті діни бірлестіктердің қызметі аумағының шегінде құрылып, өз қызметін жүзеге асырады.

Барлық облыстардан, республикалық маңызы бар қалалардан және астанадан өкілдік ететін, Қазақстан Республикасының кемінде бес мың азаматының бастамасы бойынша құрылған, олардың әрқайсысында Қазақстан Республикасының кемінде үш жүз азаматы бар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының барлық аумағында өз құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) бар діни бірлестік республикалық діни бірлестік болып танылады.

Қазақстандағы миссионерлік қызмет туралы

Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар миссионерлік қызметті тіркеуден өткеннен кейін жүзеге асырады.

Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын адамдарды тіркеуді уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері құжаттар ұсынылған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде жүргізеді.

Миссионер ұсынған материалдар бойынша қорытынды алу үшін дінтану сараптамасын жүргізу кезінде тіркеу мерзімі тоқтатыла тұрады.

Қазақстан Республикасының аумағындағы миссионерлер уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде жыл сайын қайта тіркеуден өтуге міндетті.

Миссионерлер тіркелу үшін уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне мынадай құжаттар мен материалдарды ұсынуы қажет:

- 1) паспортының немесе жеке куәлігінің көшірмесін;
- 2) миссионерлік қызмет аумағы мен мерзімі көрсетілген өтінішті;
- 3) діни бірлестіктің атынан миссионерлік қызметті жүзеге асыру құқығына діни бірлестік берген құжатты;
- 4) өкілі миссионер болып табылатын діни бірлестікті Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің және оның жарғысының көшірмесін;

5) миссионерлік қызметке арналған діни әдебиетті, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды ұсынады.

Қазақстан Республикасындағы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар миссионер ретінде тіркелу үшін уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне қосымша мынадай құжаттарды ұсынады:

1) миссионер оның атынан өкілдік ететін діни бірлестіктің шет мемлекеттің заңнамасы бойынша ресми тіркелгендігін куәландыратын заңдастырылған немесе апостиль қойылған құжатты;

2) Қазақстан Республикасында тіркелген діни бірлестіктің шақыруын ұсынады.

Шет мемлекеттер берген құжаттардың қазақ және орыс тілдеріне аудармасының дұрыстығы Қазақстан Республикасында нотариат куәландырған және аударманы жүзеге асырған аудармашы қолының түпнұсқалығы Қазақстан Республикасында нотариат куәландырған түрінде табыс етіледі.

Миссионер ретінде тіркеуден өту үшін құжаттар ұсынған Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды дінтану сараптамасының теріс қорытындысы негізінде, сондай-ақ, егер оның миссионерлік қызметі конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпке, адамның құқықтары мен бостандығына, халықтың денсаулығы мен имандылығына қатер төндіретін болса, тіркеуден бас тартылады.

Миссионерлердің діни мазмұндағы материалдарды және діни мақсаттағы заттарды пайдалануына дінтану сараптамасының оң қорытындысын алғаннан кейін ғана жол беріледі.

Заңсыз миссионерлік қызмет, сондай-ақ миссионерлік қызметті тіркеусіз жүзеге асыру әкімшілік жауапкершілікке алып келеді.

Діни әдебиет және діни мақсаттағы заттар

Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, діни бірлестіктер өздерінің қалауы бойынша діни әдебиетті, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды сатып алуға және пайдалануға құқылы.

Діни әдебиетті, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тек қана:

– ғибадат үйлерінде (ғимараттарында);

– діни білім беру ұйымдарында;

– сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Астананың жергілікті атқарушы органдары арнайы белгілеген тұрақты үй-жайларда таратуға жол беріледі.

Жеке пайдалануға арналғандарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағына діни мазмұндағы ақпараттық

материалдарды әкелуді тіркелген діни бірлестіктер дінтану сараптамасының оң қорытындысын алғаннан кейін ғана жүзеге асырады.

Діни бірлестік шығаратын және (немесе) тарататын діни әдебиетте және діни мазмұндағы басқа да ақпараттық материалдарда діни бірлестіктің толық атауы болуға тиіс.

§3.6 Дін саласындағы заңнамаларды бұзғаны үшін жауапкершілік шаралары

Жауапкершілік дегеніміз – құқық бұзушы кінәлі тұлғаға мемлекет тарапынан қолданылатын шаралар.

Заңды жауапкершілік – бұл құқықтық қатынас, оған мемлекет пен оның құзырлы органдары, сонымен қатар жасаған қылмысы үшін сәйкесінше бас бостандығынан айрылу жауапкершілігіндегі құқық бұзушы енеді.

Заңды жауапкершілік құқық бұзу нәтижесінде болады және ол ерекше құқықтық қатынас жауапкершілігі болып табылады.

Құқық бұзу фактысы құқық бұзушыны мемлекет белгіленген заңды байланысқа түсіреді, мұнда мемлекет және оның құзырлы органдары – уәкілетті жақ, ал құқық бұзушы – міндетті жақ болып есептеледі. Екі жақта, яғни уәкілетті және міндетті жақтар да, заңға сәйкес қызмет етеді, заңды жауапкершілік құқық негізінде, дәл осы құқық бұзушылық үшін жауапкершілікті қамтитын құқық нормаларының нақты санкциялары арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасы «Діни қызмет және діни бірлестіктер» Заңнамасын бұзған тұлғалар, ҚР заңында бекітілген қылмыстық, әкімшілік немесе басқа да жауапкершілікке тартылады.

Дінге қатыстылығына байланысты нанымы үшін ешкім де жауапкершілікке тартылмайды.

ҚР әкімшілік кодексінің 489 және 490-бабтарына сәйкес Қазақстан Республикасы заңнамасының белгіленген талаптарын бұзғаны үшін бірқатар жауапкершілік шаралары:

- діни жораларды, рәсімдерді және (немесе) жиналыстарды өткізу;
- қайырымдылық қызметті жүзеге асыру;
- діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де материалдарды, діни мақсаттағы заттарды әкелуге, шығаруға, басып шығару және (немесе) тарату;

- ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салуға, үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттар) етіп қайта бейіндеуге (функционалдық мақсатын өзгертуге) белгіленген талаптарды бұзу қызметті үш ай мерзімге тоқтата тұрып, жеке тұлғаларға – елу, заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады.

– ғибадат үйлерінің (ғимараттарын) құрылысын, үйлердің (ғимараттардың) бастапқы мақсатын өзгертіп ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта қойылатын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұзу жеке тұлғаларға – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, лауазымды адамдарға және діни бірлестіктердің басшыларына – жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға қызметін уақытша үш ай мерзімге тоқтатып, екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады.

Қазақстан Республикасы әкімшілік кодексінде нақты көрсетілген:

1. Заңды діни қызметке кедергі келтіру, сол сияқты жеке тұлғалардың азаматтық құқықтарын дінге көзқарасы себептері бойынша бұзу немесе олардың діни сезімдерін қорлау не қандай да бір дінді ұстанушылар қастерлейтін заттарды, құрылыстар мен орындарды бүлдіру, егер жоғарыда баяндалған барлық әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, – жеке тұлғаларға – елу, лауазымды адамдарға – бір жүз, заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Миссионерлік қызметті тіркеусіз (қайта тіркеусіз) жүзеге асыру, сол сияқты миссионерлердің дінтану сараптамасының оң қорытындысы жоқ діни әдебиетті, діни мазмұндағы ақпараттық материалдарды және діни мақсаттағы заттарды пайдалануы, Қазақстан Республикасында тіркелмеген діни бірлестіктердің діни ілімді таратуы – Қазақстан Республикасының азаматтарына бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ тұлғаларға Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жібере отырып, бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Діни бірлестіктің өз жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асыруы – қызметті үш ай мерзімге тоқтата тұрып, үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Діни бірлестіктің саяси қызметпен айналысуы, сол сияқты саяси партиялардың қызметіне қатысуы және (немесе) оларға қаржылық қолдау көрсетуі, мемлекеттік органдардың қызметіне араласуы не мемлекеттік органдардың немесе олардың лауазымды адамдарының функцияларын діни бірлестіктер мүшелерінің иемденіп алуы – қызметті үш ай мерзімге тоқтата тұрып, үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Мемлекеттік органдарда, ұйымдарда, мекемелерде, оның ішінде денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында діни бірлестіктердің ұйымдық құрылымдарын құру – лауазымды адамдарға – бір жүз, заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Уәкілетті органмен келіспей шетелдік діни орталық тағайындаған адамның діни бірлестікті басқаруы, сол сияқты діни бірлестік басшысының кәмелетке толмаған адамның ата-анасының біреуі немесе оның өзге де заңды өкілдері қарсылық білдірген кезде кәмелетке толмағандарды діни бірлестіктің қызметіне тартуға және (немесе) қатыстыруға жол бермеу шараларын қолданбауы – Республиканың шегінен әкімшілік жолмен шығарып жібере отырып, елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Діни бірлестіктің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынған қызметті жүзеге асыруы, сол сияқты діни бірлестіктің өз қызметін тоқтата тұруға негіз болған бұзушылықтарды белгіленген мерзімде жоймауы – лауазымды адамдарға және діни бірлестіктердің басшыларына – үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға олардың қызметіне тыйым сала отырып, бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады.

8. Осы баптың бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші және жетінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) – қызметке тыйым сала отырып, жеке тұлғаларға – екі жүз, лауазымды адамдарға – үш жүз, заңды тұлғаларға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

ҚР қылмыстық кодексінің 149-бабына сәйкес діни ұйымдардың заңды қызметіне немесе діни ғұрып жасауына кедергі жасау елу айлық жалақы мөлшерінен екі жүз айлық айыппұл мөлшеріне дейін немесе жалақы көлеміне немесе жауапқа тартылушының басқа да табыс көзі мөлшеріне сәйкес бір айдан үш айға дейінгі аралығына айыппұл салу арқылы немесе бір жыл көлемінде түзету жұмыстарына жіберілу немесе үш айға дейін қамауға алу түрінде жазаланады.

Сонымен қатар ҚР қылмыстық кодексінің 164-бабына сәйкес:

– ұлттық, рулық, нәсілдік, діни жаугершілікті оятуға бағытталған, ұлттық ар-намыс, қадір-қасиеті және азаматтардың діни сеніміне қасақана жасалған әрекет, айырықша насихат, азаматтардың дінге қатыстылық артықшылық немесе олқылық нышандары арқылы, сословиелік, ұлттық, рулық және нәсілдік ерекшелігіне байланысты, егер бұл әрекеттер көпшілік алдында немесе бұқаралық ақпарат құралдарын қолдану арқылы жүзеге асырылса;

– жауапқа тартылушының мың айлық жалақы мөлшеріне дейінгі немесе жалақы мөлшеріне және басқа да табыс көздері мөлшеріне сәйкес он ай көлемінде айыппұл төлеу, немесе алты айға дейін қамауға алу немесе түзету жұмыстарына қатысу арқылы екі жыл көлемінде, болмаса бас бостандығынан бес жылға айыру арқылы жауапқа тартылады. Осы әрекеттер топпен немесе бірнеше рет жасалған, немесе

зорлық-зомбылықпен байланысты, өз қызмет дәрежесін және қоғамдық ұйым жетекшісі пайдалануы;

– жауапқа тартылушының бес жүз айлық жалақы мөлшерінен үш мың айлық жалақы мөлшеріне дейінгі немесе жалақы мөлшеріне және басқа да табыс көздері мөлшеріне сәйкес бес ай көлемінен бір жылға дейінгі айыппұл төлеу, немесе төрт жылға дейін қамауға алу, немесе түзету жұмыстар арқылы екі жыл көлемінде, болмаса екі жылдан алты жылға дейін бас бостандығынан айыру, үш жыл көлемінде белгіленген лауазымдық қызмет атқаруға немесе белгіленген іс-әрекетпен айналысуға тиым салу арқылы жауапқа тартылады. Осы баптың бірінші және екінші бөлімдерінде қарастырылған әрекеттер ауыр нәтижеге апарып соғады;

– үш жылдан он жылға дейін бас бостандығынан айыру және үш жыл көлемінде белгіленген лауазымдық қызмет атқаруға немесе белгіленген іс-әрекетпен айналысуға тыйым салу арқылы жауапқа тартылады.

* * * * *

IV БӨЛІМ. ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ

§4.1 Дін және құндылық жүйесі. Дін – рухани мәдениет феномені

Дін – қоғамның рухани өмірін сипаттайтын адамзаттың сан қырлы және көне құбылыстарының бірі.

Ерте замандардан бері дін адамның рухани жан дүниесін қалыптастыруда маңызды рөл атқарып келеді.

Мамандардың зерттеулерінде діннің феномені адамзат тәжірибесінің – қасиеттіге, ғажайыпқа сенімімен байланыстырылады.

«Дін» феноменінің тарихына шолу жасау діннің рөлі өркениет дамуының барлық кезеңдерінде адамзат мәдениетінде белгілі бір орын алатындығын көрсетеді.

XIX-XX ғасырларда діннің құлдырауы көпшілікке оның жойылып кетуінің белгілері болып көрінді. Алайда, XXI ғасыр құндылықтардың ішінде діни жүйесінің тұрақтылығын дәлелдеді. Ең бастысы, дінді ғылымның баламасы немесе қоғамдық сананың ескілігі ретінде қарастыруға болмайтыны, діннің әлеуметпен байланысын үзбегені және оның рухани ортасының негізгі бөлігін құрайтыны белгілі болды.

Діннің феномені адамзат қоғамының жетекші құрамы бола отырып, қоғамдық өмірден шеттей алмайды.

Құндылықтар жүйесіне қатысты айтар болсақ, сөзсіз, дінде құндылықтардың ерекше қасиеттері бар.

Ғажайып – жоғары құндылық болып саналса, қалғандары құндылықтар жүйесіндегі дәреже сатысы бағыну мен бір деңгейдегі өзара әрекеттестік қатынасында өзінің лайықты орнын алады.

Діни бұйымдар да діни құндылықтарға ие, себебі, олардың да ғажайыпқа қатысы бар. Осы себепті, рухани дін қызметкерінің рөлі де құндылықтар жүйесіне кіреді.

Діндар адамның жеке құндылықтарының да өзіндік ерекшеліктері бар. Өмір сүру салты, тұлғаның өзін-өзі танытуы оның ұстанатын дінінің мұраттарымен, қағидаларымен, нұсқаулықтарымен айқындалады.

Діни нұсқаулар мен қағидалар Тәңір атынан бұйрықты және қалаулы уағыздар формасында көрсетіледі. Уағыздар әлеуметтік қатынастардың діни реттеушісі, тұлғаның ішкі жетілу бағдарының қызметін атқарады. Сайып келгенде, сенім жағымды психикалық жағдай ретінде де, діни өмірдің әуелгі мекені ретінде де, Тәңірмен тілдесу, ғажайып күйдің абсолюттік құндылығына қол жеткізу құралы ретінде де діни құндылық болып табылады.

Әрбір нақты дін – ислам, православие, католицизм, буддизм, иудаизм, индуизм құндылықтар жүйесінде өзіндік ерекшеліктерге ие.

Ұлттық діндер, әдеттегідей, өз халқының ғажайып ортаға жақындау идеясын, яғни, ұлттық ерекшелік идеясын негізге алады.

Қорыта айтқанда, құндылықтардың белгілі бір тұжырымдар мен артықшылықтарды білдіретінін атап өту керек. Құндылықтардың ғылым-білімнен айырмашылығы, әсіресе, діни құндылықтар, логикалық, эмпирикалық тексерулер мен дәйектемелерді қажет етпейді, себебі, тұлға оны ақиқат ретінде қабылдайды.

Адам мен қоғамның діни құндылықтарға бет бұруы олардың құнды бағыт-бағдарын, не қалайтындарын, өмірлік ұстанымдарын, өмірде қай жолды таңдайтындарын сипаттайды. Бұл бағыт-бағдар басқалармен қарым-қатынаста, өзін-өзі бағалауда және басқа адамдарды бағалауында байқалады.

Қазіргі қоғамның діни құндылықтарға қарым-қатынасы Қазақстанның дін мен діни ұйымдармен қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатының басымдылығына әсер етеді.

Мемлекет діннің тарихи тәжірибесі мен рухани мүмкіндігін көпғасырлық мәдени мұрасы сақталған өткен уақыт пен қазіргі замандағы рухани, мәдени, ұлттық дәстүрлердің қалыптасуына әсерін тигізіп келген әлеуметтік институт екенін мойындайды.

Дін – рухани мәдениет феномені

Дін – қоғамның рухани өмірін бейнелейтін көне құбылыстардың бірі.

Тұрақты мағынасында дінді – ғажайыпқа сенумен айқындалатын дүниетаным мен тәртіп деп сипаттауға болар еді.

Діннің мәдениеттегі феномені оның (дін) тұрмыспен байланыстырылмай зерттелетін құбылыс/ақиқат ретінде қарастырылады.

Діннің феномені рухани өмірдің негізін қалаушы құрамы, ол қоғамнан оқшаулана алмайды және адамның рухани мәдениетінің ажырамас бөлігін құрайды.

Діннің мәдени феномені оның мәдениеттің белгілі бір негіздеріне – жазу, кітап басу, өнердің дамуына ықпал етеді.

Жоғарыда айтылғандардан басқа, дін мәдениеттің рухани құндылықтарын сақтау мен дамытуды қамтамасыз етеді, соның ішінде, жиналған рухани-адамгершілік мұраның ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып берілуін, сондай-ақ, бір адамның немесе адамдардың жоғары деңгейдегі материя түсінігіне (ғажайып/мінажат) қатысты тәжірибесінің, әсерлерінің, ой-тұжырымдарының жинағын қабылдауды қамтамасыз етеді. Бұл жерде дін жалпы адамзат мәдениетінің бөлшегі ретінде қабылданады.

Дінмен қатар жүретін рухани-адамгершілік құндылықтар қоғамның дамуында маңызды рөл атқарады.

Қазіргі қоғамның діни құндылықтарға қарым-қатынасы дін мен діни ұйымдармен қатынастар саласындағы мемлекеттік саясаттың басымдығына елеулі әсерін тигізуде.

Қазақстан мемлекеті діннің тарихи тәжірибесі мен рухани мүмкіндігі, көпғасырлық мәдени мұрасы өткен уақыт пен қазіргі заманда рухани, мәдени, ұлттық дәстүрлердің қалыптасуына әсерін тигізіп келген әлеуметтік институт екенін мойындайды.

Адамгершілік сана табиғаты мен әлеуметтік тәжірибесінде адамдардың көзқарастары, амал-әрекеттері арқылы көрінетін рухани-адамгершілік құндылықтар адамның рухани болмысында маңызды рөл атқарады. Діннің рухани-адамгершілік өрісі бүгінгі күні өсіп келе жатқан өскелең ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы мақсатында белсенді қолданылып келеді.

Рухани жоспарлардың міндеттерін шешудегі философиялық жолда дін оның дүниетанымдық, адамгершілік қызметтері көрінісінде түсіндіріледі. Ол қабылдайды (дүниеге көзқарас қызметі), түсіндіреді (дүниені тану қызметі), бағалайды (дүниені сезіну қызметі) және әр түрлі ортада қалыптасатын білімдердің жиынтығын мазмұн-мағынамен қамтамасыз етеді (адамгершілік қызметі).

Дін барлық құндылықтарды рухани биіктетіп, оған қасиетті мағына беріп, «тікелей бағытта» ретке келтіреді.

Ең басты түсінік адамның тұрмысы мен түсінігінен тыс жоғары объектіге ауысады.

Адамның діни күш-жігерінің түпкі мақсаты оның жамандықтан құтылуы болып саналады. Ол физикалық және моральдық жамандық мағынасындағы оқшаулану мен бодандықты толықтай жеңу деп түсіндіріліп, әр түрлі формаларда көрінеді:

- Құдайдан берілетін жоғары сыйға сену;
- шіркеу арқылы құтқарылу;
- тылсым сыр мен діншілдік түрінде,
- моральдық кемелдену ретінде.

Жоғарыда айтылғандардың мәнмәтінінде (контекст) дінге тікелей қатысты және діннің феноменіне кіретін «жоғары руханият» ұғымы көкейкесті болып отыр.

Ғасырлар бойы халық дінді руханияттың негізі деп санады.

Жалпы адамзаттық рухани құндылықтар діни қағидалармен тығыз байланысты.

Әлемдік және дәстүрлі діндердің тарихында орныққан (тарихи оқиғалардың жылға бөлініп жазылуы) махаббат, рахымдылық, мейірім, төзімділік, өзара сыйластық, адамсүйгіштік, білімге құштарлық, еңбекқорлық, отансүйгіштік, т.б. құндылықтар өркениеттің, қоғамның, тұлғаның рухани мәдениетінің іргелі негізін қалайды.

§4.2 Дін және құқық. Зайырлы және діни құқықтық қағидаттардың үндестігі

Барлық кезеңдерде қоғам өміріндегі маңызды рөл атқарған дін құқықпен тікелей байланысты.

Клерикалдық түрдегі дін мен мемлекет өткен кезеңдерде және бүгінгі күні халықаралық қатынастар мен құқыққа елеулі әсерін тигізгені сөзсіз.

Жалпыға мәлім, 40-тан астам мемлекеттің Конституцияларында белгілі бір дінге ерекше басымдылық жағдайы бекітіледі.

Дін халықаралық құқыққа, ең алдымен, мемлекеттің саясаты арқылы әсерін тигізеді.

Екінші жолы, діннің құқыққа қоғамдық сана, діндар адамдардың санасы, олардың адамгершілік тәрбиесі арқылы ықпалын тигізеді. Бұдан шығатыны, мораль мен этикаға әсер ете отырып, дін құқыққа да ықпал етеді.

Құқық – қоғамдық қатынастарды реттеуші жалпыға міндетті, мемлекетте ресми белгіленген, кепілдендірілген тәртіп ережелерінің жүйесі.

Құқыққа нақты анықтама беру қандай да бір ғылыми мектептің не ғалымның ұстанатын құқықтық таным түріне байланысты (яғни, құқық туралы түсінік).

Кейбір анықтамаларда, мәнмәтіндерде құқық ұғымы құқық жүйесімен тұтас көрсетіледі (объективті құқықпен немесе заңнамамен), сонымен қатар, ол құқық жүйесі ретінде құқықтың бастауларынан мағына тауып, оның мазмұны құқықтың ережелерімен анықталады. Құқық жүйесі деп атағанда бұл жерде жүйеден басқа да құқықтық құбылыстар меңзеледі: құқықтық мәдениет, құқықтық сана және құқықтық іске асыру.

Діни құқық – бұл құқықтың тарихи формаларының бірі, оның жүйесінің негізгі қайнар-көзі қасиетті кітаптарда, хадистерде, аңыздарда жазылған Құдайдың қалауы (Жаратушы).

Діни құқық үстемдік құрған әлем елдерінің ұлттық құқықтық жүйелердің жиынтығы діни құқықтық отбасы деп аталады. «Діни құқықтық отбасы» терминін француз ғалымы Рене Давид енгізген.

Діни құқықтың материалдық бастаулары діни-құқықтық қағидаларды бекітетін және реттейтін Қасиетті жазбалардың мәтіндері, діни доктриналар, шіркеулік актілер, діни-құқықтық дәстүрлер болып табылады.

Діни құқыққа тән ерекшелік – құзыретінің аймақтық емес, жеке сипаттылығы: әдетте, діни құқықтың ұйғарымдары белгілі бір діни қауымның өкілдеріне ғана таралады.

Өзінің таза кейпінде діни құқық тек Ватикан елінің аумағында ғана әрекет етеді (соның өзінде кейбір ескертулермен). Діни құқық – аралас

құқықтық жүйелермен қатар әрекет ететін мемлекеттегі құқықтық жүйелердің бірі.

Дамыған діни-құқықтық жүйелерге мұсылмандық құқық, еврейлік құқық, үндістік құқық, каноникалық және шіркеулік құқықтан тұратын христиандық құқық жатады.

Діни тыйымдар, әр түрлі тыйым сөздер физикалық жазалау мен қоғамдық қыспақпен салыстырғанда, қажетті тәртіпті қамтамасыз етудің ең тиімді тәсілі болды. Олардың көмегімен қан араластыруға тыйым салынды, аңдар негізсіз қырып-жоюдан қорғалды, басқа да қоғамдық тұрмыстың өмірлік маңызды мәселелері шешілді.

Алайда, дәстүрлерде, адамгершілік қағидаларында, діни уағыздарда нақты рұқсаттар, міндеттемелер, шектеулер мен тыйымдар болмады, олар, ең алдымен, қоғамдық мүддені білдіріп, қорғады. Қоғамнан тыс тұлға – бос орын. Осы кезде, «өндіріс» экономикасына көшу жеке еңбектің тиімділігін арттырғаны сонша, әлеуметтік қатынастар жүйесі толықтай түрленіп, адамның қоғамдағы орны да өзгерді.

Қазіргі таңда мемлекет жалпы қоғамның жалғыз ресми өкілі ретінде жалпыланған ерік-тілектерді, құқықтық ұйғарымдарды үйлестіруге, қорғауға және бекітуге міндетті.

Бұл еркіндіктің мазмұны теңдестірілген қоғамдық мүддені көрсетуі керек. Керісінше жағдайда, мемлекет пен қоғамның қалауларын қарама-қарсы қойған кезде қоғамдық, мемлекеттік және жеке қызығушылықтың объективті тиісті тепе-теңдігі жоғалып, құқық заңдастырылған жөнсіздікке айналады.

Дін – адамның әлеуметтік және рухани қызметінің салаларымен байланысты көпқырлы феномен, сондықтан, оны зерттеумен әр түрлі қоғамдық ғылым өкілдері – философтар, тарихшылар, этнографтар, мәдениеттанушылар айналысады. Осы пәндердің әрқайсысы діннің белгілі бір қырын зерттейді.

Мемлекет зайырлығының Конституциялық қағидаттары және діни ұйымдардың мемлекеттен бөлінуі мемлекет пен діни ұйымдардың құзыреттілігі мен қызметінің ортасын нақты айыру арқылы жүргізіледі, бұл өз кезегінде, олардың өзара қолайлы жағдайлардағы тиімді ынтымақтастықтарының алғышарты болып есептеледі.

Дінге және құқыққа байланысты жоғарыда көрсетілген көзқарасқа сәйкес, Қазақстан мемлекеті заң алдындағы діни ұйымдардың теңдігі қағидасын ұстанып, 18 конфессияға мүмкіндіктері тең болатын, қызметтеріне шектеу қойылған жалпы құқықтық ортаны құрды, олар өз қызметтерін жүзеге асыру үшін тең құқықтармен қамтамасыз етілді.

Сонымен қатар, мемлекеттің әр түрлі конфессиялармен қарым-қатынасында ынтымақтастықтың түрлі деңгейлері рұқсат етіледі. Бұл тарихи себептермен, конфессияның әлеуметтік ұстанымымен, елдегі немесе әлемдегі аталған дінге сенушілердің санына байланысты.

Қазақстан Республикасындағы мемлекет пен діни ұйымдар арасындағы қалыптасып жатқан қатынастар жүйесі олардың қызметтерін нақты белгілеудің негізінде ынтымақтастық (серіктестік) сипатқа ие болып отыр. Бұл қатынастар жүйесі діни ұйымдарға қоғам өмірінің әр түрлі салаларына қатысуға мүмкіндік береді, осылайша, зайырлы және діни құқықтық қағидалардың үйлесімді қабысуының алғышарттарын қамтамасыз етеді.

Осындай әдістеменің арқасында, мемлекет пен діннің ынтымақтастығы бірлесіп әрекет етудің мынандай салаларын қамтиды:

– халықаралық, ұлтаралық, конфессияаралық деңгейдегі бітімгершілік;

– қайырымдылық пен мейірімділік шаралары;

– әлеуметтік бағдарламаларды бірлесіп іске асыру;

– тарихи және мәдени мұраны қорғау, қалпына келтіру және дамыту;

– қоршаған табиғи ортаны қорғау;

– отбасы, ана мен бала институттарын бірлесіп қолдау;

– әскери қызметкерлердің, бостандықтан айыру орындарындағы, медициналық мекемелердегі тұлғалардың діни сенім еркіндігін қамтамасыз ету, т.б.

Мемлекеттік-конфессияаралық қатынастар осы субъектілердің, қоғамның бөліктерінің арасындағы түрлі діни дүниетанымдық тұжырымдары бар әлеуметтік келісім нәтижесі ретінде құрылады. Мемлекет осындай келісімге қол жеткізуде делдал мен кепілдік берушінің рөлін атқаруға міндетті. Қазіргі заманғы Қазақстан мен діни бірлестіктер арасындағы қатынастар ар-ұят еркіндігі, мемлекеттің зайырлы сипаты, діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлінуі, олардың заң алдында теңдігіне кепілдік беретін Конституция ережелерінің негізінде құрылады.

Зайырлы мемлекет азаматтың қай дінді ұстанатынын, оның өз баласына қай дінді беруін анықтауға, сондай-ақ, азаматтарға өз ұстанымдарын өзгерту мақсатында ықпал етуге құқығы жоқ.

Тұлғаның ұстанымының мазмұны, оның ішкі әлемі құқықтық реттеудің құралы бола алмайды.

Заңның барлық талаптарын сақтап, орындаған жағдайда заң діни бірлестіктердің еркін қызмет ету құқығын қорғайды.

Діни бірлестіктерге билік органдары мен мемлекеттік мекемелердің қызметтерін жүктеуге тыйым салу – бұл діни ұйымдар мемлекеттің ерекше бірегейлігін құрайтын және заң шығарушылық, атқарушы-басқарушы, құқық қорғау функцияларына құқық беруге рұқсат етпеуін білдіреді.

Сонымен қатар, мемлекеттік билік органдары діни бірлестіктерге тиісті өкілеттік пен қорларды бере отырып, мемлекеттің әлеуметтік немесе мәдени қызметтерінің қандай да бір бөлігін тапсыра алмайды.

Алайда, бұдан мемлекет пен діни бірлестіктердің әлеуметтік, мәдени-ағартушылық саласындағы келісім мен келісімшарттардың негізінде іске асатын ынтымақтастығын айыра білу керек.

Құқықтық көрініске байланысты мәселе айқын: ол Қазақстан Республикасының Конституциясында (негізгі Заң) бекітілген «Қазақстан – зайырлы мемлекет» қағидасымен астасып жатыр.

§4.3 Дін, білім және ғылым. Діндегі ізгі тәрбие.

Қоғамның рухани ортасы қоғамдық сананың түрлі формалары мен деңгейлерін қамтиды: адамгершілік, ғылыми, діни, саяси, құқықтық сана. Сәйкесінше, олардың элементтері – дін, білім, ғылым. Сонымен:

Дін – дүниені танудағы ерекше түрде көрінетін, жоғары ғажайып күшке сеніммен айқындалатын, өзінде әдеп ережелерін, адамгершілік нормаларын, тәртіп ережелерінің жиынтығын, діни салт пен дәстүрлерді, сондай-ақ, адамдардың ұйымдарға бірігуін топтастыратын қоғамдық сананың бір формасы.

Білім – білімді, оқуды, ағартушылықты меңгеру үрдісі. Білімнің арқасында адамдар адамзат дамуының барлық кезеңдерінде жиналған білім мен шеберліктің үлкен тәжірибесін қабылдай алады.

Сауаттылықтың ең басты белгісі – логикалық ойлаудың көмегімен адамға білімнің жетіспейтін бөлімін өз бетінше қалпына келтіруге мүмкіндік беретін білім мен ойлау жүйесінің жүйелігі.

Ғылым – ақиқат туралы объективті білімді теориялық жүйелеу мен өңдеуге бағытталған адамзат қызметінің саласы.

Аталған анықтамалардан шығатыны, осы үш ұғым – дін, білім және ғылымның көмегімен адам әлемді танып, өзінің рухани қажеттіліктерін қанағаттандырады.

Осылайша, рухани қажеттіліктерге діннің ажырамас бөлшегі болып табылатын және адамға, қоғамға өмір сүру үрдісінде білім арқылы жинақталатын адамгершілік тәрбие жатады.

Білім өз кезегінде, өсіп келе жатқан өскелең ұрпақтың жоғары рухани құндылықтарды сіңіруіне бағытталған.

Жаһандану заманында адамгершілік тәрбиеге қажеттілік қоғамның өзінде пайда болды. Бұның салмақты себептері бар, ең бастысы – қазіргі заманғы өркениеттің тоқырауын жеңу.

Адамгершілік тәрбие рухани маңызды өмірлік құндылықтарды меңгеруді құрайтын тұлғаның дүниетанымдық дамуын білдіреді. Осы тұрғыда, дін – әлеуметтің өмірі мен адамгершілік тәрбие үрдісінде маңызды рөл атқарады, яғни, адамның руханиятын қалыптастырудың маңызды факторы.

Адамның рухани тәрбиесі дінмен ғана анықталмайтынын атап айту керек. Берілген атеист бола тұрып, оның ар-ожданмен өмір сүріп, адал, сенімді, жалпы адамзаттық құндылықтарды түсінетін және соған ұмтылатын адам болуы әбден мүмкін. Осы қағидалар барлық мәдениет пен діндерді тізіп, адамзат тұрмысы мен адамгершілік идеяларының шынайы мағынасын анықтайды.

Дін мен адамгершілік бір-бірімен тығыз байланысты. Дін адамгершіліксіз, адамгершілік дінсіз әрекет ету мүмкін емес. Адамгершілік тұжырымдары әлемдік діндердің қасиетті жазбалары Інжіл мен Құранда көрініс тапқан.

Әлемдік екі діннің қасиетті кітаптары адамзаттың жазба мәдениетінің үлкен ескерткіштері, оларда:

- адамға деген құрмет/рахымшылдық/мейірімділік;
- ата-анаға құрмет;
- отансүйгіштік;
- өзге сенім өкілдеріне төзімділік,
- қоршаған ортаны қорғау мен аялау және т.б. мызғымайтын берік тұжырымдар қалыптасқан.

Әлемдік діндердегі адамгершілік тәрбиесі туралы сөз қозғалғанда, адамдардың арасындағы қарым-қатынастардың негізі ар-ұят, адалдық, шыншылдық, жауаптылық, мейірім тән болатынын атап айту керек.

Ислам дініндегі сенімге сәйкес мұсылман өзінің алдында және қоғам алдында ар-ұятты болу керек. Мұсылман отбасыларында сыйластық пен адалдық үстемдік құрады.

Ерте замандардан бері исламдық қоғам зұлымдық, алдап-арбау, қайырымсыздық, үлкендерге құрметсіздікті қолдамаған. Шынайы мұсылман болмысына әр уақытта әділдік пен кешірімділік тән.

Ислам адамды өз сөздеріне, амал-әрекеттеріне жауап беретіндей, өз міндеттері мен уәделеріне адал болатындай тәрбиелейді. Осы себепті, мұсылмандар тәрбиенің негізгі мақсатына сыпайылық, шыншылдық, сабырлылық, күнә ойлар мен істерден аулақ болу, жомарттылық, адалдық сияқты қасиеттерді жатқызады.

Христиандардың адамгершілік санасы олардың қоғам мен ұжымда тәжірибелік тәрбиесінің әлеуметтік және тарихи көрінісі болып табылады. Христиандарда тәрбие дегеніміз – ата-ананы сыйлау, адам өлтірмеу, ұрлық жасамау сияқты т.б. 10 парызды бұзбау.

Дін сонымен қатар, жақындарына деген махаббат, кешірім, әділдік, шыдамдылық, адам, қоғам, мемлекет алдындағы парызды уағыздайды.

Буддизмдегі тәрбиенің негізі – барлық жолда мейірімділік, қайырымдылық, адамдарға, қоғамға риясыз қызмет ету қасиеттерін тудыруға бағытталған ағартушылыққа тәрбиелеу болып табылады.

Қорыта айтқанда, дін – адам мен қоғамның дүниетанымдық және өмір сүру салтының жүйесі. Өзінің бойындағы адамгершілік қасиеті, білім

мен ғылым арқылы қол жеткізген жетістігі – жалпы адамзаттың дамуындағы тиімді құрал.

Алайда, зайырлы мемлекеттің белгісі – мемлекеттік оқу орындарындағы білімнің зайырлылық сипатын қамтамасыз ету, мысалы, Қазақстан сияқты елдің мемлекеттік саясатын ұйымдастыруда мемлекеттің айырықша құзыреттілігін білдіреді.

Біздің елімізде білім беру саласындағы мемлекеттік саясат қағидаты білім берудің зайырлылық сипатын ескере отырып жасалған, бұл дегеніміз – мемлекеттік білім беру мекемелерінде дінге деген кез келген қатынас қалыптастырмау қажеттілігі.

Аталған қағида Қазақстан мемлекетінің білім мен ғылым саласындағы саясатының негізгі ұстанымы болып табылады.

Бұдан шығатыны, білім мен ғылымның мемлекеттік жүйесі дінге қандай да бір қатынасты қалыптастыруды көздемейді.

* * * * *

V БӨЛІМ. ДІН ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ РУХАНИ-ІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

§5.1 Қазақ мемлекеттілігінің дамуы: мемлекет және дін қарым-қатынасының тарихы

Қазақстандағы Ислам тарихы

Ғасырлар бойы Ислам діні ғаламшардың едәуір аумағына, Атлант мұхитынан Үндістан мен Қытай шекарасына дейін таралған. Орталық Азия мен Қазақстан аумағына мұсылмандық ой-сананың енуі б.з. VII-VIII ғасырларына тән.

Алғашқы араб дін таратушылары VII ғ. бастап Орталық Азия өңірінде пайда болған. Исламның түбегейлі орнығуына VIII ғ. ортасында, 751 ж. Тараз қаласының маңындағы Атлах қаласындағы араб әскерінің қытайлармен шайқаста жеңіске жетуі себеп болды. Қытай әскері түгел күйреп, Жетісу (Оңтүстік – Шығыс Қазақстан) азат етілді. Араб әскерінің бұл жеңісі бүкіл Орта Азия жерінде ислам діні мен мәдениетінің орнығуының бастауы еді.

X ғасырдың басында мұсылмандықты Қарахан әулеті билігінің негізін қалаушы Сатұқ қабылдайды, ал оның ұлы Боғра-хан Харұн Мұса 960 ж. Исламды мемлекеттік дін деп жариялады.

X ғасырдың аяғына қарай ислам діні Жетісу мен Сырдариядағы отырықшы халықтың басты дініне айналды. Бұл аймақ әртүрлі діндердің тоғысқан жері болғандығына қарамастан, ислам дінін тарату бейбіт түрде жүріп жатты.

Мұсылмандық сәулет ескерткіштері мешіттермен сипатталады. Мұсылмандардың ойынша, кез келген мешіт Мединадағы Мұхаммед пайғамбардың үйінің негізгі келбетін қайталайды. Мешітте үй секілді екі басты бөліктен құрылған – ашық аулалы және төбесі күмбезделіп жабылған ғимараттан тұрады. Мешіттің Меккеге қараған қабырғасының бірінде мінажат ету үшін жасалған қуыс – «михраб», оның жанында діни жетекшінің уағыз-насихат айтуға арналған орын – «мінбер» орнатылған. Көптеген мешіттердің жанында мұнаралар салынған, ол ғимараттардан мешіт қызметшісі «муаззин» күніне бес рет азан айтады – намазға шақырады.

Сөзсіз, Ислам өркениеттің дамуына айтарлықтай әсер етті. Ислам діні мен оның құндылықтарының орнығуы Қазақстанның Орта және Таяу Шығыс елдерімен мәдени, рухани, ғылыми байланыстарын орнатуға ықпалын тигізді. Әр түрлі ел өкілдерінің қарым-қатынастары мұсылмандардың қайта өрлеу дәуіріндегі білім мен өнердің өркендеуіне негіз болды (IX-XII ғғ. аралығын араб-ислам әлемі мәдениетінің өркендеуі деп атайды).

Мұсылман әлемінің мәдениетінде философия, яғни «аль-фальсафа» ерекше орын алады. Ақиқатты іздеу, адам болмысы туралы толғану ислам ілімінде қашан да қолдауын тапқан еді.

Орта Азияда классикалық мұсылман ғылымы мен мәдениетінің дамуына ортағасырлық шығыс философиясы тың серпін берді. Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашғари және Мұхаммед Хайдар Дулати атты ұлы ойшылдар ғылым мен философияның көрнекті өкілдеріне айналды.

Оңтүстік Қазақстандағы көшпенді түркі халқының арасында исламды таратуда Йассауи тариқатының негізін қалаушы Қожа Ахмет Йассауи зор үлесін қосты. Әмір Темірдің Йассауиге деген құрметінің белгісі ретінде XIV-XV ғғ. Қожа Ахмет Йассауи кесенесі салынды, қазіргі таңда бұл тарихи жәдігер тек Қазақстандағы ірі мұсылмандық сәулет ескерткіші ғана емес, сонымен қатар, әлемдік озық үлгілердің бірі болып саналады.

XVI-XVII ғғ. Орта Азиялық елдермен бірге қазақтардың экономикалық және мәдени даму байланыстары Қазақстандағы исламның қарқынды таралуына және әсер етудің күшеюіне жағдай туғызды.

Осы кезең аралығында Түркістанның, Мәуереннахрдың, Хаджи-Тарханның, Дербенттің, Хорезмнің, Хиваның, Астрабадтың, Хорасанның және Иранның Орта Азиялық дін таратушылары исламның жол нұсқаушылары болды. Өз кезегінде, қазақ көпестері мұсылман елдеріне барып, ислам діни танымына белсенді араласты. Қазақтардың исламға тез арада араласуына дәлел болатын көптеген жазбаша деректерден алынған мысалдары болып табылады. Бұл кезеңде қазақтар Құран оқып, намазға жығылып, ораза тұтып, мұсылманша неке қию рәсімін өткізіп, өз балаларын мұсылман мектептерінде оқытты.

Қазақстандағы ислам, әсіресе оның оңтүстік аймақтарында бірте-бірте басым дінге айнала бастады. Көшпелі өмір салты арнайы Құдайға құлшылық ету ғимараттарын соғуды, үнемі жұмыс істеп тұрған діни мекемелерді және тұрақты дінбасыларды қалыптастыруды қиындатты. Намаз оқу кез келген орында жасалатын болған, ал Құранның және араб тіліндегі кітаптардың көпшілік халыққа жеткіліксіздігінен қазақтар уағыздаушының сөзі арқылы, оның уағызы бойынша діни рәсімдерді орындап, ислам діни танымындағы нұсқамаларды жаттау арқылы орнын толтырды.

Қазақ хандығы тұсындағы Ислам

Ислам діні XV ғасырда Керей мен Жәнібек негізін қалаған қазақ хандығының мемлекеттік идеологиясы болды.

Қазақ хандығының тұрғындары исламның ханафиттік-суниттік бағытын ұстанды. Сонымен қатар халық өмірінде ислам діні мен шаманизмнің, тәңіршілдіктің кейбір элементтерінің байланысы байқалып тұрды.

Қазақ мемлекеті құрылған уақыттан бастап мұсылман құқықтық нормасына сүйенді. Керей мен Жәнібектен бастап, қазақтың соңғы ханы Кенесарыға (1847 ж. қайтыс болған) дейін барлық қазақ хандары шариғат заңдарын берік ұстанды.

Тәуке ханның бекіткен (шамамен 1718 ж. қайтыс болған) «Жеті Жарғы» заңдар жинағы исламның қоғамдық өмір мен құқықтық тәжірибеге дендеп енуіне айтарлықтай ықпалын тигізді.

Бұл құжатта бекітілген әкімшілік, қылмыстық, азаматтық құқық нормалары шариғат заңдарына негізделді.

КСРО құрамындағы атеизм тұсындағы ислам

1926 жылдан бастап исламға қатысты дінге қарсы саясат басталып, Қазақстанда діни ғимараттар (мешіттер) жабылды. Дегенмен, бұл шаралар исламды қоғам өмірінен толықтай шығарып тастай алмады.

1980 жылдардың аяғында Қазақстанда жүргізілген зерттеулерінің нәтижесі халықтың жеткілікті деңгейдегі жоғарғы діншілдігін көрсетті. Республикасының әр түрлі аймақтарында 20%-дан 70%-ға дейінгі халықтың жарты бөлігі өзін діншіл және дін жанашырлары екендігін білдірді.

Қазақстандағы Ислам

Қазіргі Қазақстанда исламмен байланысты болып жатқан үдерістерді «исламның қайта өркендеуі» деп аталады. Исламға деген қоғамдық көзқарастың арта түсуі айдай анық.

Осыған орай, дін саласында мемлекеттік саясат курсы құрылған болатын. ҚР «Діни бірлестіктер туралы» Заңында (1992ж.) мемлекет пен діни ұйымдардың қарым-қатынастар қағидалары: діннің мемлекеттен бөлінуі, барлық конфессиялардың теңдігі, діни сипаттағы партиялардың құрылуына тыйым салынуы, діни бірлестіктердің меншікке және шаруашылық қызметіне деген құқығы анықталған.

Бүгінде «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР әрекет етуші Заңы (2011ж.) республиканың конфессионалдық кеңістігіндегі құқықтық аясын бірыңғайландырды.

Діни саладағы тиімді мемлекеттік саясат пен заңның жүзеге асуы арқасында қазақстандық сегмент түрленді: мешіттердің ескілері қайта

құрылды және жаңалары салынды; рухани білім беру мекемелерінің жүйесі құрылды; ислам баспалары пайда болды; діншілдер қажылыққа бару мүмкіндігіне ие болды.

Статистикаға сүйенсек, 1979 жылы Қазақстанда бар болғаны 25 мешіт саны есептелген болатын, алайда қазіргі уақытта олардың саны 2404-ке дейін жетті.

«Мұсылман-әйелдер лигасы», «Фатима ассоцияциясы», «Рифах» қозғалысы және т.б., олар мұсылман дәстүрі бар ерекше этникалық және діни халықтың өсуіне бағытталған діни-мәдени қоғамдар құрылды және қызмет етуде. Бұл бірлестіктердің қызметі қайырымдылық, ағартушылық сипат алады.

Қазақстан Республикасы діншілдердің ар-ұждан бостандығы мен құқықтарын құрметтеу барысында конфессияаралық келісімнің бірегей үлгісін қалыптастырған зайырлы мемлекет болып қалады.

Осы заңды күші бар нормалардың сындарлы жүзеге асуы мен тиімді саясаттың арқасында Қазақстанда діни негіздегі шиеленістер болмайды. Республика үшін діни экстремизм және терроризммен байланысты сыртқы күштер қауіп көрсетеді.

Жалпы алғанда, ислам діни руханилықтың ажырамас бөлігі ретінде қазақстандық қоғамның әлеуметтік-мәдени өмірінде маңызды орынға ие болады.

§5.2 Ислам және ұлттық дәстүрлер

Әлемнің барлық халықтарында өздеріне тән салт-дәстүрлерінің бар екені белгілі. Салт-дәстүрлердің күші халықтың тұрмыс салтын, оның әдет-ғұрпын, мақсаттарын, қажеттіліктерін, ұлттық белгілері мен ерекшеліктерін көрсетеді.

«Салт-дәстүрлер» ұғымы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан және қоғамдық ой-пікір күшімен қорғалатын тарихта қалыптасып кеткен тұрақты және айрықша жалпыланған нормалар мен адамдардың қоғамдық қатынастар қағидалары деп түсініледі.

Салт-дәстүрлердің тарихи сипаты болады, олар адамдар мен өркениеттердің еңбек және қоғамдық үрдісінде пайда болып, қалыптасады.

Салт-дәстүрлер қоғам дамуының заңды құбылысы болып табылады, сондай-ақ табиғи күштермен күресудегі ұлыстың, рудың күш-жігерін ұйымдастырудағы және адами тұлғаның жағымды қырларын қалыптастырудағы аса маңызды рөлін атқарады. Ертедегі заманда салт-дәстүрлерді бұзу ретсіздікке жататын және сөзсіз жазаға тартылатын болған.

Осы өзара ықпалдың арқасында қазақ халқының салт-дәстүрлері

Ұлы даланың әр түрлі жас ерекшеліктеріне қарай бөлінген халық топтары – жайдарлы, жылы шырайлы, қонақжай, ата-бабаларының өсиеті бойынша өмір сүруге талпынған – Бүкіл әлеммен және де бүкіл қоршаған әлеммен келісушілікте өмір сүретіндіктер үшін көркемді, мазмұнды, шырайлы болып келеді.

Ұлттық мереке Наурыз мейрамы туралы

Наурыз – алғашқы мейрам болғандықтан, өз бастауын қазақ тарихындағы исламға дейінгі кезеңді қамтып, мұсылмандықты қабылдамас бұрын, Шығыс елдерінде пайда болған. Сондықтан да, Наурыз мерекесі діни әдет-ғұрыптылық пен бағыттанушылықтан алшақ болып табылады.

Шығыс күнтізбесі бойынша «Наурыз мейрамы» көктемгі күн мен түннің теңесуі күнімен сәйкес келіп, жаңа жылдың бірінші күніне жатады. Басқа сөзбен айтсақ, бұл Жаңа жылдың көне мейрамы және мынадай атаулармен белгіленеді: Ұлыс Күні («Жаңа жылдың бірінші күні») немесе Ұлыстың Ұлы Күні («Халықтың ұлы күні»).

Қазақ халқы үшін «Наурыз мейрамы» көктемнің құлпыруы, махаббат салтанатының, жемістілік пен достықтың бірден бір нышаны ретінде бірқатар рәсімдермен сабақтасады. Қазіргі таңда, ертедегідей Наурыз қарсаңында адамдар өз үйлерін және шаруашылықтарын ретке келтіріп, осы мейрам құрметіне ағаштар мен гүлдер отырғызатын. «Наурыз мейрамы» таза үйдің жақсы үй иесіне келсе, онда барлық аурулар, сәтсіздіктер мен қиыншылықтар оны айналып өтеді, ал бұл мейрамды жомарттықпен мерекелеу жыл бойына үйге береке мен табыс әкеледі.

Наурыздың келуімен адамдардың барлығы әдемі киімдерін киіп, бір-біріне қонаққа барып, келе жатқан жаңа жылда құттықтау сөздерін айтып, аман-саулық тілектерімен алмасады.

Ораза айт және Құрбан айт

Бұл халық арасында кеңінен тараған діни мейрамдардың бірі. Ораза айт рамазан айының жалғасы ретінде үш күнге жалғасады. Ораза айт қарсаңында шелпектер, бауырсақтар және өзге де ұлттық қазақ тағамдарын әзірлейді; үй ішін тазалайды; балаларға жаңа киім-кешек тігеді және т.б.

Мейрамның басталуымен, қасиетті күні мұсылман қауымы азанмен мешітте айт намазын оқуға барады. Намаз оқу алдында мешіт мұнарасынан намаздың басталған уақытын жаршы хабарлайды. Таңғы намазға үлкен-кіші де барады, ал жасы ұлғайған адамдарды қастарындағы ұлдары шығарып салады.

Намаздан соң адамдар бір-бірін құттықтап, жақсылық пен татулық тілейді. Ашу-араздық болса татуласады, қателігін кешіреді. Ораза-айт

мерекесі кезінде әр адам әдемі және таза киінуі, айналадағылармен сыпайы сөйлесуі, бір-біріне қонаққа баруы, туыстар мен таныстарына жан жылуын және кішіпейілділікті шың көңілмен сыйлауы қажет.

Осы мейрамның міндетті түрде өткізілетін рәсімі бар, ол: дастарқанға отырар алдында сыйлы қонақтардың бірі қайтыс болғандарды еске алып, Құран сүрелерін оқиды.

Бұл мейрам кезінде рамазан айында барлық ауыз бекітуге тілек білдірушілер ораза тұтады.

Құрбан айт

Құрбан айт мейрамы Ораза айттан кейін 70 күннен соң басталып, әрбір мұсылман Алла разылығы үшін мүмкіндігінше құрбан шалады. Ораза айттағыдай, мейрамның бірінші күні мұсылман қауымы мешітте жиналады немесе сыйлы ақсақалдардың бірінде жиналып, айт намаз оқылады.

Құран оқу және қайтыс болған кісілерді еске түсіріп, құрбан шалу Құрбан айттың ажырамас бөлігі болып табылады. Айт кезінде үш күн бойы мешіттер мен мұсылман үйлерінде Құраннан сүрелер оқылып, дұға жасайды..

Құрбан айттың өзінің әдет-ғұрыптары мен салт-жоралары бар. Сонымен, айттың бірінші күні салтанатты намаздан кейін құрбандық шалынады. Бұл дәстүр ежелгі заманнан келе жатқаны белгілі. Исламның салт-дәстүрлеріне сәйкес, құрбандыққа тек сау және семіз мал (қой, ешкі, түйе, сиыр, жылқы) шалынады.

Құрбандық шалудың өзіндік тәртібі бар: құрбандыққа шалынатын малды сол жағына қарай аударып, басын Қасиетті Мекке жағына қарай бұрады, сөйтіп малды сояр алдында молда намаз оқиды. Құрбандыққа шалынған малдың еті ауқатсыз адамдарға таратылып, қалған еттің бөлігінен тамақ дайындайды. Сөйтіп, бүкіл үй іші, сондай-ақ туған-туыс пен көрші бұл тамақтың дәмін тату керек.

Жалпыға мәлім, ертеде көптеген әлем елдерінде балаларды құрбандыққа шалу дәстүрлері болған екен. Сондықтан да, Алланың бұйыруы бойынша бірінші құрбандық Ибрагим Пайғамбардың сүйікті баласы – Исмаил болуы керек еді. Ибрагимге қаншалықты қиын болғанымен, ол қарсылық білдірген жоқ, бірақ соңғы кезде Алла әкесі мен баласының өзіне берілгендігіне көз жеткізіп, құрбандыққа шалуға жұмақтан аспан түстес көк қошқарды түсіріп, оларға мейірім түсірді. Содан бері дәстүр жалғасын табуда.

«Құрбан айт» мейрамы құрбандық шалу рәсімі жалғасатын уақыт ішінде, Меккеде қажылықты өтеуді тәмамдаған күні өтеді. Меккеде қажылығын өтеу мұсылман үшін қасиетті парыздың бірі болып

табылады. Сонымен қатар, қажылығын өтеуге барған мұсылман қауым қажылықтың сәтті аяқталу құрметіне құрбандық шалу рәсімін өткізеді.

Құрбан айтты мейрамдау күндері үш күн ішінде барлық үйлерде мерекелі дастрақан жайылып, үй иелері қонақтарын қарсы алуға дайындалады. Қонақжай үйдің табалдырығын қонақтар келесі сөздермен аттайды: «Құрбан айт құтты болсын!», сөйтіп құрбандыққа шалынған еттен дәм татады. Сонымен қоса, мерекеге келген балалар сыйлықтар алады.

Әдет-ғұрыптар

Қазақ халқының үйлену тойларының жөн-жоралары өте әсерлі өтеді, сонымен қатар мұндай салттар ұлттық ерекшеліктер мен ұлттың мінезін көрсетеді.

Ежелден қазақ халқы бір некелілікті қолдаған және туысқандық мүмкіндігі бар некеге тыйым салған. Осыған сәйкес жеті атасынан аспаған бір рудың өкілдері неке құра алмаған. Бұл тыйымдардың шарты орындалған күнде де, ру басылар мен ақсақалдардың рұқсаты керек болған. Бұл тыйымдар ұлттың өркендеуінің кепілі болатын дені сау ұрпақ туылуы үшін керек болған.

Үйленуге рұқсат алу екі жолмен жасалатын болған, біріншіден ата-аналар келісіп, жігіттің әкесі қыздың үйіне құда түсіп келген. Екіншіден, жігіттің жолдасы келіссөз жүргізуге жіберілетін болған.

Бұл үрдіс екі жақтың бір-бірінің мүліктік жағдайын білу үшін және қыздың анасын көру үшін жасалған. Себебі, қазақта «Шешесін көріп, қызын ал» деген мақал бар.

Некеге тұру келісімнің бірінші сатысы белгілі бір күн белгіленіп, жігіттің туыстары қыздың үйіне келіп, ата-анасына «киіт» деп аталатын сыйлықтар (ат, шапан сияқты әр отбасының жағдайына байланысты) береді. Бұл күні қыздың жанұясы барлық туыстары мен таныстарын шақырып, той-думан ұйымдастырған және осы кезде үйлену тойының барлық мәселелері талқыланған. Қоңыр-ала қойдың сойылуы міндетті болған.

Өмірден өткен әулиелерге сый-құрмет көрсету қазақ халқының салтында дәстүрге енген. Ұлы дала жүздеген жылдар барысында жерлеу салттарын қалыптастырған. Олардың бірнешеуіне тоқталайық:

Қайтыс болған адамның шығарып салу рәсімі мұсылман қағидалары негізінде жасалады. Марқұмның бетін құбылаға қаратып қойып, иегін байлап, матамен бетін жауып, таза сумен денені жуып, ақ көрпеге орап қойған. Күнәнің өтелуі жайлы дұға оқып, денені үйден алып шығып, жерлеудің алдында «жаназа» рәсімін өткізеді.

Қазадан кейінгі жетінші және қырқыншы күндері барлық діни қағидалар бойынша марқұмды еске алу асын береді.

§5.3 Дәстүрлі рухани-адамгершілік құндылықтар мен зайырлы қоғам

Қазіргі Қазақстан – экономикалық өсуі тұрақты, саяси жағдайы мен қоғамдық келісімі қалыптасқан көпұлтты және көпконфессиялы мемлекет.

Бүгінде дін рухани өмірдің негізгі компоненті ретінде қоғамдық өмірден шеттетілмейді.

XX ғасырдың соңында кеңестік жүйеде жаңа саяси-қоғамдық және мәдени-әлеуметтік өзгерістердің пайда болуы ұлттық сана-сезімнің өсуіне және рухани қажеттіліктердің дамуына әсер етті. Бұған осы мемлекеттердің жаппай діни құндылықтары мен салттарына көңіл бөлуі дәлел болады.

Бұл үрдістен Қазақстан да қалыс қалмады, қазіргі таңда Қазақстанда діни сана-сезім дағдылы және үйреншікті құбылысқа айналды.

Қазақстандық қоғамның кейбір жерлерінде дін ұлттық сәйкестіктің маңызды факторы ғана емес, қалыпты әлеуметтік тәртіпті реттейтін, нормативті-құндылықтың құрамдас бөлігіне айналды.

Конфессияаралық келісім, тек республика көлемінде емес, мемлекеттен тыс әр түрлі дін өкілдеріне төзімділік қарым-қатынас жасауды үйрететін, рухани-адамгершілік тәрбиесіз мүмкін емес екендігі жалпыға мәлім. Өткеннің тәжірибесін ескермей, құндылықты тәрбиелеу мүмкін емес.

Қазақ мемлекетінің қалыптасуында үлкен рөл атқарған діни дәстүр мен тәуелсіздіктің қатар салтанат құруы шиеленіссіз, қалыпты жағдайда өткені – Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың сарабал саясатының нәтижесі.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңнамада мемлекет дін мен діни бірлестіктерден бөлінген деп жазылған. Ешбір дін мемлекеттік немесе міндетті деп бекітілмеген. Сонымен қатар, заңнаманың кіріспе сөзбасында ханафиттік ілімдегі ислам мен православие дінінің Қазақстан халқының рухани өмірі мен мәдениетінің дамуындағы тарихи рөлі көрсетілген және басқа діндерге құрметі ерекше айтылған. Бұл ережеде діндердің бір-бірінен артықшылығы болмайтындықтан, діни бірлестіктердің тең құқылығын білдіреді.

Шамамен төрт жүз жылдық көлемінде Қазақстанда мұсылмандар мен православие дін өкілдері қатар өмір сүруде. Екі дін арасында басынан төзімділік пен тату көршілік қарым-қатынас орнаған. Екі дін

өкілдері де халықты бейбітшілікке, сыйластық пен келісімге шақыру мақсатында, бірлескен шараларға қатысып келеді.

Ислам және православие – Қазақстан үшін дәстүрлі діндер – біздің көпұлтты халқымыздың руханият пен мәдениеттің қайнар көзіне айналды. Әрине, осы жағдайды конфессияаралық және мемлекеттік-конфессиялық қатынас аясында саяси негізгі бағыттарды құру барысында мемлекет ескеруі тиіс.

Қазақстанның діни жағдайының жағымды факторы ретінде ислам мен православие діндерінің көпғасырлық тарихында белгілі бір діни тепе-теңдіктің орныққанын ескеру керек. Екі дін конфессияаралық диалог пен әлеуметтік қарым-қатынас арналарын ретке келтіріп, өз саласын құрды.

Бұл феноменнің пайда болуына тарихи, мәдени, әлеуметтік-саяси болмыстағы факторлар ықпал етті. Бұл - көп уақыттан бергі белсенді мәдениетаралық байланыстары бар Еуразиядағы түрік-славяндардың этно-тарихи, мәдени-ділдік тұтастығы.

Дәстүрлі діндердің біздің қоғамның өміріндегі рөлі жайлы Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев, *«Православие мен ислам – Қазақстанның екі рухани діңгегі»* деп айтты. Сондықтан, Қазақстан «Құрбан айт» және «Рождество» секілді мейрамдарды ресми деп таныды.

Қазақстан қоғамында өзіндік ерекшелікті, даралығын, тұрмыс салтын және дәстүрін көрсететін, тарихи қалыптасқан моральдық-этикалық, эстетикалық, діни құндылықтардың айырықша маңыздылығына мән беру керек.

Бұлардың жиынтығы қоғамның рухани өмірінің мәнін, ең жақсы қасиеттері мен ерекшеліктерін көрсетеді. Ұлттық құндылықтар адамның өмірлік ұстанымын, оның қоғам мен мемлекетке деген қатынасын, өз елінің өткен, қазіргі және келешектегі жағдайына көзқарасын, ұлттық игілікті сақтаудағы жауапкершілігін орнықтырады. Қазақстан азаматтарының ұлттық рухани құндылықтары, алдымен олардың діни дәстүрлері арқылы байқалады.

Сонымен қатар, Қазақстанның рухани дамуы діни және этникалық себептері арқылы қалыптасқан. Оның ішінде ислам құндылықтарының және шығыс пен батыстың селбесуі қазақстандық толеранттылықты құрды, бұл қазіргі жаһандандырылған әлемде Қазақстан Республикасының брендіне айналды.

Қазақстанның этноконфессионалдық әралуандығы – ол өзге қазақстандықтар үшін басқа ұлттардың құнды мәдени игілігімен алмасуға болатын зор байлық, бүкіл біздің қоғамымыздың игілігі екенін жақсы түсінеміз.

Қазақстандықтардың ұлттық рухани құндылықтарын діни төзімділік, шыдамдылық, мейірбандық, сенімділік, кешірімділік, патриотизм,

қонақжайлылық, өзге этностардың салт-дәстүрлеріне деген құрмет, еңбекқорлық, берік дәстүрлі жанұя кіретін, белгілі бір құрылым жасайды. Осы құндылықтардың барлығы қазақтың ділін құрайды. Өзінің ұлттық құндылықтарынан бас тартқан қоғам рухсыз қоғамға айналады. Әрине, бұл жағдайда басты көңіл жастарға бөлініп, олардың бойына рухани-адамгершілік құндылықтарды сіңіру керек.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда қазақтың дәстүрлі болмысы мен өзге ұлттардың ұлттық ойлау секілді ерекшеліктерді бойына сіңірген, этносаралық және дінаралық негізгі нәтижелі жүйесі құрылды.

Бір-бірімен әрекеттестіктің нәтижесінде жалпы тұлғалық құндылықтардың, саяси демократияның, құқықтық және әлеуметтік әділдік қағидаларының, рухани байлықтың, терең діни құндылықтардың, биік моральдік және адамгершілік мұраттардың, ғылыми жетістіктердің жүйесі қалыптасты.

Мұндай әрекеттесу көбіне Қазақстан халқының рухани және ділдік ортақтығының нәтижесі болып табылады. Біздің елімізде әрбір этнос бір-біріне үлгі боларлықтай адамгершілік қасиеттерге ие, ешкім кемсітілмейді немесе өзін жоғары санамайды.

Ұлтының, сенімінің, саяси көзқарасының әртүрлілігіне қарамастан, Қазақстан азаматтары үшін рухани даму, адамгершілік, заңдарды сыйлау, ортақ көзқарас – бұл - қоғамның дамуы мен тазаруының негізі. Ал, төзімділік пен діни келісім – танымдық мұраттар мен қазақ қоғамының күнделікті өмірінің нормасы.

Мемлекеттегі төзімділік пен діни келісім – тұрақтылық, әділдік және тұтастық қағидаттарының ажырамас бөлігі. Төзімділік пен діни келісім – мемлекеттегі күш қолданатын қақтығыс пен соғысты болдырмайтын негіз болып табылады.

Сондықтан, көпконфессиялы ортадағы діни келісім мен төзімділік Қазақстан қоғамының тұрақтылығының маңызды элементі болып есептеледі. Бұл – біздің мемлекет Басшысының сараланған парасатты саясаты мен Қазақстан халқының азаматтық санасының тәжірибелілігінің нәтижесі.

* * * * *

VI БӨЛІМ

ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ ЖӘНЕ ТЕРРОРИЗМ: ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ СИПАТТАРЫ

§6.1 Экстремизм және терроризм: түсінігі, мағынасы, көріну формалары

Экстремизм түсінігі лат. *extremus* сөзінен шыққан, яғни «шеттеу», «шектен шыққан көзқарастар мен іс-әрекеттерге жақын тұратын», соның ішінде тәртіпсіздікті өршіту әрекеті, азаматтық бағынбаушылық, террорлық акциялар, партизандық соғыс әдістері кіреді. Осындай топтардың негізгі ерекшеліктері олардың келісімдерді, келіссөздерді, ымыраға келуді қабылдамауы болып табылады.

Әдетте, экстремизмнің өріс алуына қоғамдық-экономикалық дағдарыстар, негізгі халықтың өмір сүру деңгейінің бірден төмендеуі, оппозицияға үкіметтің қысым көрсетуі негізінде құрылған тоталитарлық саясат ықпал етеді.

Экстремизм мағынасына әр елде, әр уақытта көптеген құқықтық және ғылыми анықтамалар берілген, бірақ бүгінгі күнге дейін бірыңғай анықтама әлі де жоқ.

Доктор Питер Т. Коулман мен Андреа Бартолидің «Addressing Extremism» атты еңбегіндегі экстремизмге берген анықтамасы қызығушылық туғызады.

Экстремизм – бұл шын мәнінде өте қиын құбылыс, алайда оның қиындығын бірден көру және түсіну оңай емес. Оны жалпыға ортақ қабылданған қарапайым қызметтерден алшақ ұғым ретінде анықтау әлдеқайда жеңіл. (сонымен қатар, сенім, бір нәрсеге немесе бір адамға қарым-қатынасы, сезімдері, қимылдары, стратегиясы). Шиеленіс жағдайында – бұл шиеленісті шешудің қатаң түрінің көрінісі.

Алайда ғалымдар адамдарды әрекетінің түрлеріне қарай «экстремистік», «қарапайым» және «жалпыға бірдей» деген топтарға бөлу – бұл әрдайым субъективтік және саяси мәселе деп ескертеді.

2005 жылғы 18 ақпанда қабылданған «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 5-тармағында мынадай анықтама берілген:

Экстремизм – жеке және (немесе) заңды тұлғаның, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің белгіленген тәртіппен экстремистік деп танылған ұйымдардың атынан іс-әрекеттер ұйымдастыруы және (немесе) жасауы; жеке және (немесе) заңды тұлғаның, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің мынадай экстремистік мақсаттарды:

– Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күшпен өзгертуді, егемендігін, оның аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін бұзуды, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс

қабілетіне нұқсан келтіруді, өкіметті күшпен басып алуды немесе өкіметті күшпен ұстап тұруды, заңсыз әскерилендірілген құралымдарды құруды, оған басшылық жасауды және қатысуды, қарулы бүлік ұйымдастыруды және оған қатысуды, әлеуметтік, тектік-топтық алауыздықты қоздыруды (саяси экстремизмді);

– нәсілдік, ұлттық және рулық алауыздықты, соның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруды (ұлттық экстремизмді);

– діни өшпенділікті немесе алауыздықты, соның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруды, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез келген діни практиканы қолдануды (діни экстремизмді) көздейтін іс-әрекет ұйымдастыруы және (немесе) жасауы.

Қазіргі адамзатқа терроризм секілді тағы бір қауіп түрі төнуде.

«Терроризм» түсінігі – лат. *terror* – қорқыныш, үрей деген мағынаны береді. Терроризм мағынасы зорлық-зомбылық, қорқыту мен үрейлендіруге негізделеді.

Қазақстан Республикасының «Терроризмге қарсы күрес туралы» Заңында (13.07.1999 ж.) келесі анықтама беріледі: **Терроризм** – күш қолдану идеологиясы және халықты үрейлендіруге байланысты және жеке адамға, қоғам мен мемлекетке залал келтіруге бағытталған күш қолдану және (немесе) өзге де қылмыстық әрекеттерді жасау не жасаймын деп қорқыту жолымен мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының немесе халықаралық ұйымдардың шешім қабылдауына әсер ету практикасы.

Берілген заңда **«зорлық актісіне** – адамдардың өміріне қаза табу қаупін төндіру, едәуір мүліктік залал келтіру не қоғамға қауіпті өзге де салдарлардың туындау қаупін төндіретін жарылыс жасау, өрт қою немесе өзге де оғаш іс-әрекеттер жасау немесе жасаймын деп қорқыту, егер бұл іс-әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру не Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттердің немесе халықаралық ұйымдардың шешімдер қабылдауына әсер ету мақсатында жасалса, сондай-ақ нақ сол мақсаттарда адам өміріне қастандық жасау, сол сияқты мемлекет немесе қоғам қайраткерінің мемлекеттік немесе өзге де саяси қызметін тоқтату не осындай қызметі үшін кек алу мақсатында оның өміріне қастандық жасау» деп анықтама берілген.

Көп жағдайда терроризмнің алғашқы белгілерінің бірі – террористердің экстремистік көзқарастарының болуы. Егер экстремизм әр түрлі жағдайдағы шектен тыс радикалды ойларды қамтитын болса, терроризм саяси-идеологиялық тұрғыдағы шектен тыс радикалды әрекеттерді атқарады.

Экстремизм өзінің барлық түрлері жағынан терроризмнің идеологиялық бастамалары болып табылады. Ол терроризмге идеялар беріп, оны рухани нәрлендіріп тұрады, террористер мен террорлық актілерді «жазасын беру» немесе «қасиетті соғыс» деп ақтайды. Сондықтан террорлық әрекеттердің барлығына экстремизм де жауапты деген пікір дұрыс қалыптасқан.

Адамдарға кез-келген уақытта және кез-келген жерде болуы мүмкін, террористтік акциялардан үздіксіз қорқып өмір сүруге тура келуде. Терроризм адамзаттың даму тарихымен бірге еріп келеді. Террористтік акциялардың ең негізгі мақсаты – мүмкіндігінше көпшілікті қорқыту болып табылады.

Қазіргі терроризмнің иелері: саяси ұйымдар, экстремистік топтар, заңды оппозицияны жоққа шығарушы жеке тұлғалар, сонымен қатар, ықпал аймағын бөлу мен шегеруге күресіп жүрген қылмыстық құрылымдар мен тұлғалар.

Терроризмнің адамгершілікке жатпайтын өзіндік озбырлығы, оның адамдарға үрей мен қорқыныш тарату барысында, еш кінәсіз бейбіт халықтың өлтірілуі болып табылады.

Қазіргі таңдағы терроризм қолданатын әдістері мен тәсілдерінің көптігімен ерекшелінеді: олар - әуе кемелерін басып алу, адамдар көп шоғырланған жерлерде жарылыс ұйымдастыру, адамдарды ұрлау, қорқыту, өлтіру, улау және де тағы басқа акциялар, осының бәріне көп жағдайда кездейсоқ адамдар құрбан болады.

Терроризмнің ауқымы меншік нысаны мен билікке күрестің ушығуы нәтижесінде ұлғаяды.

Субъекттердің идеологиялық бағыттарына қарай терроризм бірнеше топтарға бөлінеді:

1. **Ұлтшылдық бағытындағы топтар**, қызметтерін өз мемлекетін қайта қалпына келтіруге немесе өздерінің талаптарына көңіл аудартуға арнайды.

2. **Діни бағыттағы топтар**, қызметтерін өздерінің діндерінен басқа дін өкілдерімен күресуге арнайды.

3. **Экологиялық мәселелерді шешуге арналған топтар**. Негізінде олар, террористік топтар емес, алайда кейбір топтар қоршаған ортаның мәселелерін шешу жолында, өздерінің талаптарына көңіл аударту үшін террористік әдістер қолданады.

4. **Жалданушылар топтарына** әлемнің кез-келген жерінде жұмыс жасауға жалдамалы адамдарды жалақымен қызықтырып, тапсырыс берушіге жіберуді ұйымдастыратын бірнеше ұйымдар кіреді. Мұндай топтарға мысал ретінде француз ұлттық легионын жатқызуға болады, олар әлемнің барлық мемлекеттерінен жалданушыларды тартып отырады. Жалданушылар топтары бірнеше немесе белгілі бір мемлекеттің саяси жағдайын тұрақсыздандыруға қабілетті және олар

әртүрлі идеологияны ұстануы мүмкін, бірақ тек қана ақшаға жұмыс істейді.

Экстремизм мен терроризмнің пайда болу және дамуының логикалық мәні мынандай, экстремизм террорлық әрекетке, одан кейін жіктелуге, сонымен қатар, мемлекеттің жергілікті тұтастығына қол сұғушылыққа ұласады.

Экстремизмнің әсер ету түрлері төмендегі заңға қайшы әрекеттерді жүзеге асыруға бағытталған іс-қимылдарымен танылады:

- конституциялық құрылымның негіздері мен мемлекеттің тұтастығын зорлықпен бұзу;
- елді басып алу немесе билікті меншіктеу арқылы халықтың қауіпсіздігін бұзу, сонымен қатар, заңсыз әскери құрамалар құру;
- террорлық іс-әрекет жасау;
- нәсілдік, ұлтаралық және дінаралық алауыздық тудыру, сонымен қатар, зорлық-зомбылыққа шақыратын әлеуметтік алауыздықты тудыру;
- қоғамның немесе жеке тұлғаның ұлттық құндылығын таптау;
- идеологиялық, саяси, нәсілдік, ұлтаралық және дінаралық сылтаулармен немесе басқа әлеуметтік топтарға қарсылық ретінде жаппай тәртіпсізділік, бұзақылық, вандализм әрекеттерін ұйымдастыру;
- азаматтардың өзгешелігіне, артықшылықтарына немесе олқылығына, дінге қатынасына, әлеуметтік нәсіліне, ұлттық, діни және тілдік ерекшеліктеріне қарай насихаттау;
- ұлттық атрибутика мен символиканы көрсете отырып, ұлттық ойды насихаттау және көпшілікке көрсету;
- белгілі бір іс-әрекетті орындату үшін және қызметке шақыру үшін жариялы түрде үгіттеу;
- көрсетілген қызметті немесе істеген әрекетті, жылжымайтын меншікті, полиграфиялық, материалдық-техникалық, базалық, телефон және де басқа ақпарат құралдарын пайдалану жолдары арқылы қаржыландыру.

Бүкіл адамзат тарихы экстремизм және терроризм мәселелерімен әлем халықтарының барлығы дерлік ұшырасқанын көрсетеді, сондықтан бұл мәселе қоғам мен мемлекет тарапынан қатаң көңіл бөлуді талап етеді.

Терроризм мен экстремизмнің пайда болу жолдары

Экстремизм тарихы ерте заманнан бақыланып келеді. Алғашқы «экстремистер» деп, қару және діни ұрандарымен Рим империясына қарсы шыққан иудейлік көтерілістің ұйымдастырушыларын айтуға болады.

Орта ғасырларда Еуропаның католиктік мемлекеттерінде экстремистік сипаттағы әрекеттер еврейлер мен арабтарға қарсы қолданылған (еврейлердің Испаниядан қуылуы, еврейлер мен өзге ұлт өкілдерінің иудаизм дінін таратушы деп өртелуі).

XVIII ғасырда тарих сахнасына ваххабизм шықты. Ваххабиттер сектасының негізін қалаушы Муххамед ибн Абу-аль-Ваххаб.

Бірнеше мыңдаған жылдар бойы террорлық әдістер түрлі мемлекеттер, діни топтар, саяси ұйымдар, қылмыстық қауымдастықтар арқылы қолданылды. Ең алғаш мемлекеттік террор жайлы мәлімет Рим тарихында кездеседі. Диктатор Луций Корнелий Сулла өзінің саяси бақталастарын жеңу және қазынасын ұлғайту мақсатында бірнеше адамдарға проскрипция жасады, яғни ол адамдар Рим империясы аумағында орналасуы заңсыз деп табылды. Проскрипцияда көрсетілген адамды өлтірген азамат, марқұмның жарты меншігін иемденген.

Б.з. I ғасырында қазіргі Израиль жерінде викарилер ұйымы болды, олар римдіктер мен Рим империясымен сыбайлас еврейлермен күресті. Викарилердің қаруланған қарсылықтары көтеріліске айналып, кейін Иудей соғысына (VI ғ.), одан ары көтерілісшілердің жеңілісіне, қарапайым халықтың толассыз азабына алып келді.

XI-XIII ғ.ғ. шиидтік исмаилиттер сектасы, көбіне ассасиндер атымен танылған, олар Сирияның үкіметі басқа ұлт өкілдері халифтерді жойды. Фидаи-монахтары өздерінің тау Қариясы атты өздерінің басшыларының бұйрығымен ешқандай қорқынышсыз кез-келген адамды өлтіріп отырған. 1256 жылы «Аламут» сектасының сүйеніші моңғолдардың соқпағының астында қалды, олар толығымен ассасиндерді жойып тастады.

XII-XIII ғ.ғ. Римнің Еуропалық корольдік династиялармен күресі барысында діни беделді адамы католикалық шіркеулер монархтарға өлтіру құқығы – монархомахия рұқсат берілді. XVI ғ. Монархомахия идеясы өзекті болды. Беті қайтпайтын католицизмнің қарсыластары Вильгельм Оранский (1584), Генрих III (1589) и Генрих IV (1610) өлтірілді.

Терроризмді зерттеуші тарихшылар міндетті түрде оқ-дәрілік қастандық, яғни (1605). Ағылшын армиясының капитаны Гай Фокстың ұйымдастыруымен король Яков I мен оның парламентіне жасалған қастандықты айтып өтеді. Ішінде король мен парламент отырған, парламент ғимаратын жару және Англиядағы католицизмді жою жоспарланған болатын.

1793 жылдың шілдесінде француз аристократ ханымы Шарлотта Корде Конвент мүшесі, Якобиндер клубының төрағасы Жан Поль

Маратты қанжармен ұрып өлтірді. Оған жирондистердің жеңілісінен кейінгі қанды террор себеп болды. Ұлы Француз революциясы мен наполеондық соғыстар терроризмнің тарихының бастауы мен тарихын бөледі. Классикалық терроризмге айналған Ұлы Француз революциясы террордың жалпыға үрей тудыру үлгісін көрсетті және терроризмнің жетілуіне жол ашты.

1820 жылы Италияда ұлттық мемлекетті құруға ұмтылған жаңа ұйымдар пайда болды. Сицилияда Бурбондар монархиясымен күресу үшін мафия құрылды. Сонымен қатар, мемлекеттің оңтүстігінде карбонарлар бауырластығы пайда болды, олар өз жүйелерін бүкіл Италияға таралды.

Ал, Қазақстанға келетін болсақ, Кеңес үкіметі тарағаннан соң, барлық бұрынғы Кеңестік Орта Азияда ислам дінінің жаппай даму үдерісі байқалды. Бұл үдеріспен қатар, жалған діни экстремизмнің үлгісін көрсеткен исламдық радикалды және фундаменталды ағымдар пайда болды.

Бұған 2011 жылдың жазындағы Батыс Қазақстан, сонымен бірге, Алматы, Ақтөбе, Атырау және Маңғыстау облыстарындағы қайғылы оқиғалар дәлел болады.

Экстремистердің/террористердің психологиялық бейнесі жайлы: жалпы сипаттама

Психологиялық зерттеулерде осы категорияға арналған мінез ерекшеліктерінің тізбегі бар.

Сонымен, ғалымдардың ойынша, тұлғаның мінез-құлқындағы өзгерістер белгілі бір террорлық ұйымдар мен орталарға табынушылығына байланысты дейді, тұлғаның басты өзгерісі - оның, толығымен қоғамнан қол үзіп, жеке тығылып өмір сүруіне алып келеді.

Террорлық ұйымдарда, әдетте агрессивті параноиктер көп болады. Олардың өкілдері экстернализацияға бейім келеді, яғни өздерінің өмірде жолы болмағанына қоғамдағы жағдайларды кінәлап, мінез-құлықтарының тұрақсыздығын сыртқы факторлардан көруі. Бұл, ғалым Эрик Ховвердің өз «Правоверный» атты монографиясындағы, діни ұйымдардың ортақ бір жауды тауып алып (мысалға, ібіліс, үкімет, өзге конфессиялар, және т.б.), сол жауды барлық қиындықтарға кінәлі етіп табу деген ойына толық сәйкес келеді.

Зерттеуші Джон Мак «эгоизм құрбанын аңдушы» түсінігін дамытты, ол дегеніміз өзінің құрбан етпек жанға жанашырлығының болмауы, тіпті егер ол адам аңдушының өзінен де қатты қиналып жатқан болғанына қарамастан.

Террорлық топтардың әртүрлілігіне қарамастан, барлық мүшелерін идеология мен мақсатқа деген адалдық біріктіретіні анықталған.

Террорлық ұйымдардың мүшелері толық емес жанұядан шыққандар мен белгілі бір себептерге байланысты қоғамдық қиындыққа тап болған және жұмыс істеп көрмеген адамдар болады.

Террористердің ортақ ерекшелігі өзін-өзі басқарудағы қиындықтары болғандықтан, осындай топтарға кіруге деген қатты қажеттілік.

Террорист болардың алдында, тұлға, ең бірінші селсоқтық пен қоғамнан бөліну сатыларынан өтеді.

Э. Шоу террористің қалыптасу үдерісінің үлгісін жасады, ол адамды терроризмге алып келетін 4 факторды көрсетті:

- 1) ерте әлеуметтену;
- 2) нарцистикалық бұзылым;
- 3) кикілжің жағдайлар, әсіресе полициямен қарсыласу;
- 4) террористік ұйымдардың мүшелерімен жеке қатынас.

Зерттеуші, өзін-өзі бағалауы бала кезінен төмен адамдар террорист болады деген тұжырым жасады. Террористік топтармен бірігу бұл адамдар үшін, жағымсыз болса да қоғамдық мән береді. Өз тобынан бөліну- террористерге психологиялық өзін-өзі өлтірумен тең.

Террорист үшін ұйымнан кету өзін-өзі игеруден айрылуды білдіреді. Террорист өзін соншалықты төмен бағалағандығы, ол жаңа тапқан қоғамынан айрылу мүмкін емес. Олар байқаусыздан не өз бетінше өктемдіктен қашып, қатаң террорлық ұйым мүшелеріне айналады. Сонымен қатар, топқа қарсы шығу өзіне қарсы шығумен тең деп қаралады және кез-келген акция топтың бірізділігін күшейтеді.

Өзінің ұйымының идеологиясын жақсы білген сайын, террорист абсолюттік риториканы меңгереді.

Террористер жауының кім екеніне қарамастан, оны өлтіруге әрқашан дайын тұрады, себебі, бұл адамдар үшін өмір «өз адамдары» және «жаулар», «ақ» пен «қара», «дұрыс» және «бұрыс» деп бөлінбейді.

Сақтандыру жұмыстарын жүргізерден бұрын, террористтерге тән осындай ерекшеліктерін білген жөн.

§6.2 Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылда мемлекеттік органдардың өзара әрекеттестігі. ҚР Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауында мемлекет пен азаматтар радикализмнің, экстремизмнің және терроризмнің барлық түрлері

мен бой көрсетулеріне қарсы **біртұтас шеп** құруға тиіс деп атап көрсеткен.

Осы тұста, Мемлекет басшысы елдің үкіметінің алдына бірнеше маңызды тапсырмалар қойды, атап айтқанда:

– біз діни радикализм мен экстремизмнің пайда болуын бейтараптандыру мақсатында заңдарымызды жетілдіруіміз керек. Біз терроризмге қарсы заңдарды да жетілдіруге тиіспіз. Мемлекет қайдан бой көтерсе де, радикализм мен экстремизмнің жолын кесу керек;

– біз әлеуметтік, этностық және діни шиеленістер мен қақтығыстарды еңсерудің жаңа сенімді механизмдерін жасауымыз керек. Дәстүрлі емес секталар мен күмәнді жалған діни ағымдардың іс-әрекетін қатаң түрде тыйып отыру қажет;

– біз қоғамда, әсіресе, жастар арасында діни экстремизм профилактикасын күшейтуіміз керек;

– Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезінен туындайтын артықшылықтарды да пайдалануымыз керек. Осы әңгімелесу алаңының базасында діни ыңғайдағы дауларды шешудің жаңа платформасын жасауымыз қажет;

– біз діни және этностық дауларды шешу үшін аймақтағы ыстық нүктелерде, Үлкен Таяу Шығыс аясында, тіпті одан да ауқымды деңгейде араағайындық жасауға дайын болуымыз керек;

– біздің мемлекетіміздің зайырлы келбеті - Қазақстанның табысты дамуының маңызды шарты.

Осы тапсырмалар негізінде Қазақстан Республикасының Президенті **Діни экстремизм мен терроризмге қарсы күресетін Мемлекеттік бағдарлама ойластыруды тапсырды**: «Дін мәселелерінде ойластырылған қадам және өте мұқияттылық қажет. Мемлекет діни бірлестіктердің ішкі ісіне араласпауға тиіс. Біз ұят, толеранттылық және төзімділік еркіндігі принциптерін қастер тұтуымыз керек».

Елбасының тапсырмаларын орындау аясында 2013 жылдың қыркүйегінде **«Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013 - 2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама»** – маңызды құжат дайындалып, қабылданды.

Бұл концептуалды құжаттың негізгі мақсаты, діни экстремизм мен терроризмнің алдын-ала отырып, азаматтардың, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Бұл мақсатқа экстремисттік және террористік әрекеттерді азайту және жоюды жетілдіре отырып, қол жеткізуге болады.

Мемлекеттік Бағдарлама діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша мемлекеттік органдар қызметін ұйымдастырудың

жаңа формалары мен әдістерінен, соның ішінде, тұрғындардың діни сауаттылығын арттыру шараларынан тұрады.

Бағдарламада ерекше көңіл қоғамдағы бағытталған топтар арасындағы ақпараттық-шақыру жұмыстарының алдын алуға бөлінген.

Бағдарламадағы көптеген алдын-алу шаралары қазақстандықтардың азаматтық ұстанымдары, қоғамдағы төзімділік діни түсініктің және радикалды идеологияның барысында жүзеге асырылады.

Жалпы алғанда, мемлекеттік бағдарламаның барлық ережелерін кешенді жүзеге асыру, мемлекеттік экстремизм мен терроризмге қарсы күресті күшейтеді.

Бұл мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру барлық мемлекеттік және құқық қорғау құрылымдарының әрекеттестігін талап етеді. Осыған орай, ҚР Президенті Н.Назарбаев діни экстремизмге қарсы күрестің маңыздылығын ескере отырып, терроризмге қарсы қызметті үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында 2013 жылғы 24 маусымда «Қазақстан Республикасының антитеррористік орталығын бекітетін Ереже туралы» № 588 Жарлыққа қол қойды.

Жаңа форматта құрылған **Қазақстан Республикасының антитеррористік орталығы (АТО)** терроризм мен экстремизм аясындағы барлық қауіптерге жауапты.

АТО жоспарланған негізде ведомствоаралық әрекеттерді күшейтуге бағытталған, жалпы мемлекеттік терроризм мен діни экстремизмге қарсы шараларды ұйымдастыруға жиындар өткізеді.

АТО терроризм мен экстремизмнің пайда болуындағы құқықтық кедергі жасауға тікелей қатысты.

Жоғарыда айтылған ойды қорытындылай отырып, қазіргі таңда біздің елімізде діни экстремизм мен терроризмге қарсы барлық аспектілер мен механизмдер бекітілгенін айтуға болады.

§6.3 Діни экстремизмнің алдын алу және конфессияаралық келісімді сақтаудағы жергілікті атқарушы органдар мен дін саласындағы уәкілетті органдардың қызметі.

Дін саласындағы мемлекеттік саясатты өз құзыретінің аясында уәкілетті орган – **Дін істері жөніндегі Комитет** жүзеге асырады. Дін істері комитеті азаматтардың дінге сенімділік құқығын, түрлі діни бірлестіктердің арасындағы өзара түсіністік пен сыйластықты күшейтуді қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган болып есептеледі.

Сондай-ақ, заңмен белгіленген шеңберде діни бірлестіктермен байланыс пен салааралық құрылымды реттеуді іске асырады.

Осы тұрғыда Дін істері жөніндегі Комитет қоғамда толерантты діни сана мен радикалдық идеологияға қарсы иммунитет қалыптастыруға күш салады.

2013 жылы азаматтарды діни сұрақтар бойынша **Кеңес беру мен ақпарат қабылдау орталығы** құрылды. Оның жанында тәулік бойы тегін қызмет **«114 - қауырт желісі»** ұйымдастырылды. Қауырт желінің мақсаты – азаматтарға дінге қатысты сұрақтар бойынша кеңес беру, сонымен қатар, құқық қорғау органдарына дін саласындағы заң бұзушылықтың фактілері жайында ақпарат жинау және жіберу.

Сондай-ақ, 2013 жылы исламның дәстүрлі негіздерін түсіндіру мен интернет-кеңістікте діни экстремизмнің алдын алу мақсатында **«E-islam» толыққанды ақпараттық-ағарту Интернет-порталы** ашылды.

Дін істері жөніндегі Комитет алдыңғы уақытта келесі маңызды бағыттар бойынша **діни экстремизм мен лаңкестікпен күрес және алдын алу бойынша жұмыстарды** жалғастыруды көздеп отыр:

– Мемлекеттік құрылым мен ұлттық рухани құндылықтардың зайырлы қағидаттарын алға жылжыту бойынша сапалы ақпараттық жұмыстар;

– 2013-2017 жылдарға діни экстремизм және лаңкестікпен күрес бойынша Мемлекеттік бағдарламаларға одан ары қатысу;

– «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңның ережелерін мүлтіксіз атқару;

Комитет халық арасында келесі бағыттар бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру жөнінде ауқымды міндеттерді шешеді:

– дін саласындағы мемлекеттік саясатты түсіндіру,

– мемлекеттік құрылымның зайырлы қағидаттарын сақтау және күшейту;

– халықтың діни сауаттылығын арттыру;

– қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлері мен рухани құндылықтарын насихаттау;

– радикалды идеялар мен діни экстремизмнің қауіп-қатері мен мән-мағынасын ашу.

Мемлекет аумағында құрамында ғылым өкілдері, белгілі дін қызметкерлері, атақты отандық теологтар мен дінтанушылар, әкімшілік пен құқық қорғау органдарының қызметкерлері, сондай-ақ, халықтың көп бөлігімен мақсатты жұмыс жүргізіп жатқан қоғамдық пікірдің жергілікті жетекшілері ақпараттық-насихаттық топтарда жаппай қызмет етеді.

Комитет жүргізетін ақпараттық-насихаттық жұмыстың көп бөлігі қазақстандық азаматтарды дәстүрлі емес діни және жалған ағымдардың әсерінен сақтауға, радикалды діни идеологияның таралуына қарсы әрекет етуге бағытталған.

Дін істері Комитеті ҚР ІІМ-гі ҚАЖ-сімен (қылмыстық-атқрау жүйесі) бірлесіп, жеке жоспар бойынша пенитенциарлы жүйе мекемелерінде радикалды діни ағымдардың әсеріне қарсы күрес жүргізу мен алдын алу бойынша арнайы жұмыстар жүргізеді. Бас бостандығынан айыру орындарының кітапханаларында экстремистік әдебиеттер алып тасталып, сараптамадан өткен жаңа кітаптар жіберілді.

Осы жоспардың аясында әлеуетті мекемелердің қызметкерлерінің діни сауаттылығын арттыру бойынша жұмыстар атқарылуда.

Қазақстанның конфессияаралық келісім үлгісін алға жылжыту бойынша жұмыстар іске асуда. 2012 жылы әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің 4 Съезі өтті, қазіргі уақытта 2015 жылы өтетін V Съездге дайындық жүріп жатыр.

Жергілікті атқарушы органдар - Астана қ-сы, Алматы қ-сы, облыс әкімшіліктері жанындағы дін істері жөніндегі аймақтық басқармалар дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мен жергілікті деңгейде діни сенім еркіндігін қамтамасыз етеді.

Жергілікті атқарушы органдар (әкімшіліктер) келесі қызметтерді атқарады:

– жергілікті деңгейде діни қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырады;

– өңірде діни хал-ахуалды зерттеу мен талдау жұмыстарын жүргізеді;

– өз құзыреттеріне жататын мәселелер бойынша жергілікті деңгейде түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

– діни қызмет мен діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша өкілетті органдарға ұсыныстар енгізеді;

– құқық қорғау органдарына діни қызмет мен діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушы жеке және заңды тұлғалардың қызметтеріне тыйым салу бойынша ұсыныстар енгізеді;

– діни қызмет мен діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылыққа қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарастырады;

– миссионерлік қызметті жүзеге асырушы тұлғаларды тіркеуді жүргізеді;

– жергілікті атқару органдарының мүддесіндегі Қазақстан Республикасының заңдарымен жергілікті атқару органдарына жүктелетін өзге де өкілеттіктерді атқарады.

Дін істері жөніндегі өңірлік басқармалар мен әкімшілік құрылымдарының басты міндеті:

– орындарда діни хал-ахуалға тиімді талдау жүргізу, соның ішінде, діни ахуалды жақсарту бойынша болжамдар жасау мен ұсыныстар дайындау;

– діни экстремизм мен лаңкестіктің алдын алу жөнінде ақпаратты-түсіндіру жұмыстарын мақсатты түрде ұйымдастыру;

– жергілікті деңгейде дін саласына қатысты сұрақтар кешенін әдіснамалық және әдістемелік сүйемелдеу.

Осы міндеттерді толыққанды шешу мақсатында Астан қ-сы, Алматы қ-сы, облыстық дін істері жөніндегі басқармаларда **коммуналдық мемлекеттік мекемелер түріндегі дін мәселелерін зерттеу Орталықтары** ашылуда (ары қарай- **Орталықтар**), бұл орталықтар дін істері бойынша әкімшіліктердің мүмкіндіктері мен қызмет ету ортасын барынша кеңейтуге септігін тигізуде.

Орталықтардың жұмысы өңірлік ЛҚК-мен (лаңкестікке қарсы комиссиялары), діни бірлестіктермен байланыс бойынша кеңестермен бірыңғай жүйеде және бірыңғай ұйымдастырушылық идеясының негізінде жүзеге асырылады.

Орталықтардың діни экстремизм мен лаңкестікпен күресу мен алдын алу бойынша қызметінің негізгі бағыттары:

– жергілікті және орталық атқару органдарымен, лаңкестікке қарсы комиссиялармен байланыс жұмыстарында пайдалану үшін, діни экстремизм мен лаңкестіктің алдын алу мен дін саласындағы ақпараттық-насихат жұмыстарын мақсатты түрде жетілдіру үшін өңірде діни ахуалдың талдау базасын қалыптастыру. Бұл бағыт бойынша келесі шаралар жүзеге асырылады:

– талдау мен әлеуметтік зерттеу жұмыстары, сараптамалық сауалнамалар, талдау материалдарын дайындауға негіз болатын БАҚ-ты бақылау мен контент-талдау жұмыстары;

– ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру. АНТ-ын қалыптастыруды ұйымдастыру, келісілген арнайы топтар мен олардың қызметтерінің тақырыптары бойынша жоспарлау, АНТ-ның ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету және бақылауды іске асыру. Бұл бағыт бойынша дәрістер, акциялар, кездесулер, кеңестер, баспасөз конференциялары, медиа-жоспарлар, баспа және электронды БАҚ-мен бірлесіп әрекет ету, Интернетте жұмыстар жасалынды.

– АНТ-ын әдістемелік және әдіснамалық қамтамасыз ету, соның ішінде, ақпаратты-түсіндіру жұмыстары үшін қажетті ақпараттық және әдістемелік материалдарды, оқу құралдарын, кітапшаларды, бүктемелерді, видеоматериалдарды, басқа да материалдарды дайындау және шығару, өңірлік деңгейде АНТ мүшелерінің біліктілігін арттыру;

– Ақпараттық-заңды және психологиялық кеңес беру, зиянды діни ағымдардан зардап шеккендерді сауықтыру. Осы мақсатта Орталықтар

барлық өңірдегі кеңестік-сауықтыру орталықтарының дін сұрақтары бойынша және зиянды діни ағымдардан зардап шеккен тұлғаларға көмек беру орталықтарының қызметтерін реттеуді қамтамасыз етеді;

–зиянды діни ағымдарды жақтаушыларды сауықтыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру, сауықтыру орталықтары мен зиянды діни ағымдардан зардап шеккен тұлғаларға көмек беру орталықтарының қызметтерін үйлестіру.

Бұл бағыт бойынша теологтарды тарта отырып, сауықтыру орталығында дәстүрлі емес діни ағымдарының өкілдерін айныту, пікірлерін өзгерту бойынша жұмыспен айналысатын, зиянды діни ағымдардан зардап шеккен тұлғаларға көмек беру орталықтарының қызметін мақсатты түрде реттейтін және олардың «114 қауырт желімен» байланысын ұйымдастыратын арнайы мамандандырылған бөлімдері құрылды.

§6.4 Қазақстан Республикасының аумағында соттың шешімімен тыйым салынған террористік және экстремисттік ұйымдар.

I. 2004 жылдың 15 қазанындағы Қазақстан Республикасы Жоғары Соты шешімінің негізінде

- 1. «Аль-Каида»**
- 2. «Шығыс Түркістан исламдық қозғалысы»**
- 3. «Өзбекстанның исламдық қозғалысы»**
- 4. «Күрдтік Халықтық конгресс»**

II. 2005 жылдың 15 наурызындағы Жоғары Соттың шешіміне сәйкес

- 1. «Асбат аль-Ансар»**
- 2. «Мұсылман бауырлар»**
- 3. «Талибан қозғалысы»**
- 4. «Боз гурд»**
- 5. «Орталық Азияның моджахедтер жамааты»**
- 6. «Лашкар-е Тайба»**
- 7. «Әлеуметтік реформалар қоғамы»**

III. 2005 жылдың 28 наурызындағы Астана қаласы сотының шешімі бойынша

- 1. Хизб-ут-Тахрир» ұйымы**

IV. 2006 жылдың 17 қарашасында Астана қаласы сотының шешімі бойынша

1. «АУМ Синрекё»

2. «Шығыс Түркістанның азаттық ұйымы»

V. 2008 жылдың 5 наурызындағы Астана қаласы сотының шешімі бойынша

1. «Түркістанның исламдық партиясы»

VI. 2011 жылдың 25 қарашасындағы Атырау қаласы сотының шешімі бойынша

1. «Джунд-аль-Халифат»

VII. 2012 жылдың 7 маусымындағы Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімі бойынша

1. «Сенім. Білім. Өмір» РҚБ

VIII. 2013 жылдың 26 ақпанында Астана қаласының Сарыарқа аудандық сотының шешімі бойынша

1. «Таблиғи джамағат»

ТҮЙІМ САЛЫНҒАН ҰЙЫМДАРҒА ҚЫСҚАША СИПАТТАМА

«Аль-Каида» – бұл ваххабит бағытындағы ультрарадикалды ірі халықаралық ұйымдардың бірі.

Аль-Каида, сонымен қатар «Каеда», «База», «Ислам әскері», «Еврей мен крестоностарға қарсы дүниежүзілік жихад ислам фронты», «Киелі жерлерді азат ету Ислам әскері», «Усама бен Ладен ұйымы», «Ислам құтқару қоры», «Киелі жерлерді қорғау тобы» материалдық, қаржылық мүмкіндіктері бар лаңкестік ұйым болып саналады.

Ұйым 1988 жылы мұсылман елдерінде зайырлы ұстанымды құлату және «Ұлы ислам халифатын» құру мақсатында құрылған. Бұл ұйымға 2001 жылдың 11 қыркүйегінде орын алған әлемді дүр сілкіндірген үлкен террорлық әрекеттер тән. Бұл теракт салдарынан 2606 адам қаза тапса, 24 адам әлі күнге дейін хабар-ошарсыз жоғалған адамдар қатарынан саналады.

«Аль-Кайданың» басты мақсаты – бүкіл әлемде, яғни мұсылман және мұсылман емес мемлекеттер аумағын қамтитын утопиялық мемлекет құрылымы арқылы ислам заңдылығын құру.

БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі «Аль-Каида» ұйымын халықаралық санкция қолдануға болатын террорлық ұйым тізіміне жатқызды.

АҚШ-та, сонымен қатар бірнеше батысеуропалық елдерде, Ресей және Өзбекстанда тыйым салынған.

«Шығыс Түркістанды азат ету ұйымы», сонымен қатар «Шығыс Түркістан ислам партиясы» және «Аллах партиясы» деп те аталады.

90 жылдарда сепаристік қозғалыстың көсемі Айсан Махсум (шын есімі Хасан Джундулла) құрған діни-саяси террорлық ұйым болып табылады.

Негізгі мақсаты – Қытайды террористік әдіспен кирату, Шыңжан аумағында біріккен «Шығыс Түркістан исламдық мемлекетін» құру болып табылады. Осы қойылған мақсаттар дінге сенбеушілерге террорлық актілерді қарулы джихад арқылы іске асыру идеясына негізделген.

«Шығыс Түркістандағы исламдық қозғалыс» (әрі қарай - ШТИҚ), «Талибан» және «Аль-Каида» қозғалыстарымен тығыз қарым-қатынаста. 1999 жылдан Ауғанстан аумағында орналасып, ауғандық және араб муджаһидтерінен қолдау тауып отырған. Оның үстіне ШТИҚ А.Ш. Масуд басқарған «Солтүстік альянс» күштеріне қарсы соғыс қимылдарына қатысты.

2001 жылы АҚШ-тың және оның одақтастарының Ауғанстандағы террорға қарсы операциясын жүргізу кезінде ШТИҚ содырлары «Талибан» және «Аль-Каида» жағынан соғысты.

2003 жылдың күзінде Ауғанстанда Халықаралық коалициясының күшімен «Шығыс Түркістандағы исламдық қозғалысының» көзі жойылды. Осыдан кейін ұйымның көптеген мүшелері шетелге қашып кетті, қалғандары жаңа террорлық құрылым «Түркістанның ислам партиясын» құрып, «Аль-Каидамен» бірге іс-қимыл жасады.

«Өзбекстанның ислам қозғалысы» (әрі қарай - ӨИҚ), «Өзбекстанды азат етуші исламдық қозғалыс» және «Исламдық өрлеу партиясы» деген атаумен де аты шыққан. Ұйымды 1992 жылы Т.Юлдашев экстремистік және діни радикалды әрекетке бейім адамдарды қатарына тарту арқылы құрды. Ұйым мүшелерінің көбісі 90 жылдардың басында Өзбекстанның Наманған облысында (Ферған алқабы) билікті күшпен басып алуға қатысқан және сол елдің құқық қорғау органдарынан қашып жүрген содырлардан құралған.

ӨИҚ негізгі мақсаты Өзбекстан Республикасындағы конституциялық билікті құлатып, орнына ислам мемлекетін құру.

1997 жылы «Талибан» ауған қозғалысы және «Аль-Каида» тарапынан қолдау тапқаннан кейін, ӨИҚ қарулы содырлары Ауғанстанның солтүстік аймақтарында шоғырланды. Аталған халықаралық қозғалыс құрылымдарының көсемдері У.Б. Ладен және молла М. Омардың ықпалымен ӨИҚ Өзбекстан үкіметіне қарсы жихад

жариялап, Орталық Азия елдерінде радикалды ұйымдардың басын қосып өз қарамағына енгізу жоспарын құрды.

ӨИҚ «Аль-Каида» және «Талибан» қозғалыстарының тікелей қарамағында болғандықтан оның содырлары АҚШ басқаратын халықаралық коалицияға қарсы Ауғанстанда әлі де соғыс қимылдарына қатысып жүр.

«Өзбекстанның ислам қозғалысы» бірыңғай халықаралық тізімде террорлық ұйым ретінде тіркелген. ӨИҚ қызметіне Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан және АҚШ елдерінде тыйым салынған.

«Күрд Халық Конгресі» (одан әрі КХК) 1978 жылы қарулы күрес жолымен Түркияның оңтүстік-шығысында тәуелсіз күрд мемлекетін құру мақсатында құрылған.

Алға қойған мақсатты жүзеге асыру үшін лаңкестік акцияларды Түркияның ішінде және шет елдерде ұйымдастырып өткізу көзделді.

КХК көп жағдайда өзінің жауынгерлік әрекеттерін партизандық тактикада жүргізеді. Одан басқа қалалық лаңкестік тактикасын белсене пайдаланады.

КХК лаңкестік актілерінің басым бөлігі Түркияның әскери қызметшілеріне, қауіпсіздік қызметінің және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қарсы дәрімен атылатын қаруды, жарылғыш заттарды қолдану арқылы іске асады.

Бұл ретте құрбан болғандардың арасында бейбіт халық та болды. Сонымен қатар ұйым жауынгерлері шенеуніктер мен саясаткерлерге шабуылдар ұйымдастырды.

1994 жылдан КХК елдің туристік инфрақұрылымына, соның ішінде Жерорта теңізі жағалауының курорттарында, жолаушы поездарында, паромдарда және қоғамдық көліктерде теракт өткізуді ұйымдастырды.

1996 жылдан КХК террорист-жанкештердің қатысуымен терактілер орын алды.

КХК Европалық одақ және АҚШ шешімімен лаңкестік ұйым ретінде тізімге енді және Түркия Республикасында тыйым салынды.

«Асбат аль-Ансар» – штаб-пәтері «Айн-аль-Хильва» (Сайда қ., Ливан) палестиналық лагерде орналасқан 1985 жылы құрылған террорлық ұйым. У.Б. Ладеннің қолдауымен аталған лагерьдің аумағында әлемнің «дүрбелең аймақтарына» жіберуге жауынгерлер дайындайды.

АҚШ, Израиль, сонымен қатар Батыс Еуропа мемлекеттері және Ресей «Асбат аль-Ансардың» негізгі дұшпандары болып жарияланды.

БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі «Асбат аль-Ансар» террорлық ұйымдардың мерзімі ұзартылған тізіміне қосылған. Ресей, Өзбекстан және бірқатар мемлекеттерде әрекет етуіне тыйым салынған.

«Мұсылман бауырлар» – трансұлттық, діни-саяси, террористік ұйым. 1928 жылы Мысырда (Исмаилия қ.) Хасан әл - Банна тарапынан құрылды.

50 жылдары Сейидәл-Кутб жүргізген өзгерістерден кейін ұйым радикалды сипатқа ие болды.

«Мұсылман бауырлар» ұйымының негізгі мақсаты – қоғамды мұсылмандандыру, мұсылман емес өкіметтік құрылымдарды жойып, дүние жүзінде ислам діні негіздеріндегі халифаттық режимдегі мемлекет орнату.

Ұйымдастырушылық негізгі қызметтерін сопылық ордендік қағидаттармен байланыстырады, саяси және жасырын әскери құрылымдарды террористік әдіспен өз қызметіне пайдаланады.

«Мұсылман бауырлар» ұйымының құрылтайшылар комитетінде 20-дан аса адам басшылықта отыр.

«Мұсылман бауырлар» ұйымын Ресей Федерациясы, Тәжікістан және Өзбекстан елдерінде лаңкестік ұйымдардың қатарына жатқызылған.

«Талибан қозғалысы» Ауғанстандағы діни – саяси сипаттағы ұйым.

Талибанның құрылуы 1980 жылдардың басында Пәкістанның солтүстік-батыс шекаралық провинциясымен Белуджистан аумағында Пәкістан Ислам Республикасының билігінің нұсқауы бойынша жабық түрдегі және соған сәйкес идеологиялық және діни сипат алған Ауған қашқындарының балаларынан құрылды.

«Талибан» ұйымының этникалық негізін пуштун қауымының өкілдері құрайды.

«Талибанның» әскери-саяси көсемі молда Мұхаммед Омар.

Формалды түрде басқарушы орган – Жоғарғы Кеңес.

Өзінің қызметінде «Талибан» ұйымы террорлық әдістерді қолданады. «Аль-Каида» және сунниттік бағыттағы халықаралық лаңкестік ұйымдармен тығыз байланыста.

БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі шешімімен «Талибан» лаңкестік ұйым ретінде танылды. Сонымен қатар, бұл ұйымның қызметіне Ресей мен Өзбекістан мемлекеттерінде тыйым салынды.

«Боз гурд»(немесе «Сұр қасқыр» ұйымы атауымен белгілі) – бұл ұйым әскерилендірілген ұлтшыл топтың бірі болып табылады.

Негізгі мақсаты – Тұран ойпатында түркі халықтарының бірыңғай мемлекетін құру.

Ұйымның негізі 1965-1970 жылдарда Альпарыслан Тюркеш тарапынан қаланды. 1968 жылы «Боз гурд» ұйымы басқа ұлтшыл түрік

ұйымдарымен бірігіп альянс құрды, кейіннен бұл альянстың негізінде Ұлттық қозғалыс партиясы құрылды.

Партияның ұстанымы радикалды идеялардан тұрды. Қоғам қайраткерлерін, саяси партия жетекшілерін, журналистерді өлтірумен және қоғамдық орындарда, қалалық көліктерде жарылыстар ұйымдастырумен айналысты.

Бұл ұйымның қызметіне Түркия мен Өзбекстанда тыйым салынған.

«Орталық Азиядағы моджахедтер жамағаты» (басқаша атауы «Исламдық жихад тобы») – халықаралық лаңкестік Аль-Каида ұйымына қосылған «Өзбекстандағы ислам қозғалысының» жауынгерлерінен құрылған.

«Жамааттың» мақсаты Өзбекстан аумағында лаңкестік акцияларды ұйымдастыру арқылы конституциялық елді қатардан шығару болып табылады. Сонымен қатар, аталмыш ұйым Ислам мемлекеттерінің жауы болып саналатын АҚШ, Израиль және олардың одақтастарымен күресу мақсатын алдыға қойды.

БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі 2006 жылдың 20 сәуірінде «Орталық Азиядағы Жамаат моджахедтері» тыйым салынған террористік ұйымдардың тізіміне қосты. «Жамааттың» қызметіне РФ-сы тарапынан тыйым салынған.

«Лашкар-е-Тайба» Пәкістанның әскериленген лаңкестік топтастығы.

«Марказ-е Дават-уль-Иршад» радикалды діни-саяси ұйымның оң қанаты болып табылады, У.Б. Ладенмен тығыз байланыста. Ауған моджахедтеріне әскери көмек көрсету мақсатында 1980 жылы Лахор қаласында профессор Хафиз Мұхаммед Саид құрды.

Ұйым көсемдерінің өтініші бойынша «Лашкар-е-Тайба», «Жихад-Ауғанстан» және «Жихад-Кашмир» екі әскери-саяси бағдарламасын жүзеге асырады. Сонымен қатар Орталық Азия мен Солтүстік Кавказ аймақтарында, басқа мемлекеттегі мұсылман анклавтарына өз ықпалын кеңейтетіні туралы мәлімдеді

«Лашкар-е-Тайба» әр түрлі лаңкестік ұйымдарға қаржылық және басқада көмек көрсетеді.

«Лашкар-е-Тайба» Пәкістанда тыйым салынған, Ресей мен Өзбекстанда лаңкестік ұйым ретінде танылған.

«Әлеуметтік реформалар қоғамы» (бұдан әрі ӘРҚ) жәрдем беруге арналған мәртебесі бар үкіметтік емес ұйым, штаб-пәтері Эль-Кувейт (Кувейт) қаласында орналасқан. Әлеуметтік бағдарламаны бүркене отырып, «Мұсылман бауырлар» лаңкестік ұйымының алдына қойған мақсатын іске асыруға көмек көрсетеді және мұсылман емес үкіметті жойып, ислам басқармасы қағидаларының жолымен

дүниежүзілік көлемде, ТМД елдерінде ислам халифатын орнатуды көздейді.

Қызметтің негізгі формалары – исламдық емес конфессияларға шыдамсыздық таныта отырып лаңкестік актілерді және қарулы жихадты астыртын қаржыландыруды көздейді. Осы тұста ӘРҚ өз белсенділігін Солтүстік Кавказда айқындады. Ресей Федерациясы Жоғарғы сотының шешімімен «Әлеуметтік реформалар қоғамы» лаңкестік және экстремистік ұйым тізіміне алынып, тыйым салынды.

«Хизб-ут-Тахрир» («Хизб-ут-Тахрир аль-Ислами», «Исламның азаттық партиясы») – халықаралық экстремистік саяси-діни ұйым.

Исламның азаттық партиясы (мұсылман бауырлар) ағымынан бөлініп шығып, палестиналық Тақиюддин Набхани деген адамның басшылығымен 1953 жылы Сирияда алғаш рет пайда болды.

Бірінші кезекте партия Палестинаны азат ету және сионизммен күресуді өз алдына мақсат етіп қояды. «Хизб-ут-Тахрир» мүшелері санының өсуіне байланысты партияның көсемі халықты жаппай исламдандыру жолымен халықаралық көлемде мұсылман мемлекеттері халифатын құру идеясына келді.

Аталған партияның идеясы әлемнің 40-тан астам елдерінде таралған, көптеген мұсылман елдерінде бұл партияның әрекетіне ресми түрде тыйым салынған.

«АУМ Синрике» («Алеф») 1984 жылы ақпан айында құрылған Жапондық діни секта.

1989 жылы «АУМ Шиприкио Культ» діни корпорация ретінде Жапонияда ресми түрде тіркелген.

Әлеуметтікке қарсы идеяларды, тіпті кісі өлтіруді іске асыруды насихаттайтын идеологиялық базасы кертартпа табынушылық болып табылады.

Жапонияда «АУМ Синрикё» мүшелерімен бұрынғы осы дінді жақтаушыларын өлтірілуі туралы біршама деректер дәлелденген. «АУМ Синрикёнің» қоғамдық қауіптілігі, адамдардың денсаулығына физикалық және психологиялық зақымдар келтіруімен ерекшеленеді.

Сектаға жаңадан кірген мүшелерін қатарда ұстауға және бақылауға және де өздерінің қатарына жаңа жақтаушыларды тарту үшін ұйымның жасырын лабораторияларында есірткілер (ЛСД, амфетамин және мескалин) өндіріп, діни жоралар жүргізу барысында жиі қолданып отырған.

«АУМ Синрикёнің» бірінші террорлық актісі 1994 жылы шілде айында Мацумото қаласында (Ногано префектурасында) секта лабораториясында жасалған «зарин заман» зәрлі улы затты қолданумен жасаған.

Бұдан басқа, осы террорлық құрылымның басшылығы шетелден автоматты винтовкалардың контрабандылық жабдықтауын ұйымдастырып, олардың түпнұсқаларын үлгі ретінде қолданып, оқпен атылатын қарудың сериялық өндірісін заңсыз жолға қоюды жоспарлады.

«АУМ Синрикё» идеологтарымен жалған әдісті (йога-клубтар немесе «кездесуге арналған веб-сайттар») қолдану арқылы жаңа жақтаушыларды тарту үшін «агитпункттер» құрылады, сонымен қатар қызметті жалғастыру мақсатымен қажетті қаржы құралдары жинақталады.

Жапондық құқық қорғау органдарының мәліметтері бойынша елде секта мүшелерінің саны 1650 адамды құрайды.

«АУМ Синрикё» Еуропалық одақта және АҚШ-та **террорлық ұйымдар** тізіміне енгізілді.

«Шығыс Түркістанды азат ету ұйымы», («Шарки Туркестан озатлик ташхилаты», ШАТ) 1994 жылы қолбасшы Маметин Азлет (Хазрет, Казрат) құрды.

Аталған ұйым ҚХР Синьцзян-Уйгур автономды ауданының аумағында дербес мемлекеттің білімін қолдау мақсатында құрылды.

ШАТ-тың шын мәнісіндегі қызметі, Орталық-Азия аумағында тараған, атап айтсақ, СУАР-ға, қару сатып алумен және контрабандалық жолмен жіберумен, шетелде сепаратист идеяларын насихаттау және шетел лагерьлеріне ұйымның жаңа мүшелерін тартып, диверсантты-террорлық бағыттарда дайындау.

«Түркістанның ислам партиясы» (ары қарай - ТИП) сонымен қатар «Түркістанның жамағаты» деген атауы бар.

2004-2005 жылдары Пәкістанның Вазиристан провинциясында «Шығыс Түркістанның Ислам қозғалысы» халықаралық террорлық ұйымның орнына қайта жасақталған.

2005 жылы ТИП «Аль-Каида» ұйымының жарғысын қабылдап, «әлемдік» жихадқа қатысты. Ұйым мүшелері ислам дінінің радикалды бағытын ұстанады және «Аль-Каидамен» бірлесе «ислам жауы» болған АҚШ және оның одақтастарына қарулы қақтығыс ашу. Сонымен қатар ТИП ҚХР Шыңжан Ұйғыр автономды ауданы және Орталық Азия елдерінде ислам мемлекетін құру жоспарын жүзеге асыруға талпынды.

«Сенім. Білім. Өмір» – Рухани көсем Ысматулла Абдуғаппар бастаған діни радикалды ағым.

Топ Қазақстан аумағында 10 жылға жуық әрекет етіп, ел ішінде 200 тарта өз өкілдігін ашты.

Ысматулла Абдуғаппар Қазақстанға алғаш 1996 жылы Пешавар қаласында біліктілігін арттырған шығыстанушы-студент Ғалым Боқашевтың шақыруымен келген.

Исматулла елімізде «шынайы ислам» келбетін жамылған өз ілімін таратуға әрі оны нығайтуға дереу кірісті. Шын мәнінде оның зікір салған, яғни топ болып кейбір әрекеттер арқылы Құдай атын қайталаған ілімі – Қазақстандық дәстүрлі суфизм іліміне жат еді.

Ысматулла Абдуғаппар харизматты адам ретінде, өзінің жолын ұстанушыларға IX ғасырда бес жасында жасырынған және алдағы уақытта келуін уәде еткен 12 имам – Махди екендігіне сендірмек болды. Ислам миссиясын арқалаған ол өзіне «Мақсұм Тақсыр» - «Құдай қорғаған әмірші» атауын иемденді.

2012 жылдың 7 маусымында Шығыс-Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты облыс прокурорының талап арызы бойынша «Сенім. Білім. Өмір» Республикалық қоғамдық бірлестігін экстремистік ұйым деп тану, оның қызметіне тыйым салу және мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылдады.

«Таблиғи Джамаат» (ТДж) – «таблиғ» сөзінің мағынасы араб тілінен аударғанда «жеткізу, хабарландыру, ескерту», ал «жамағат» сөзі – «топ», «құрылым» деген мағыналарды білдіретін халықаралық ұйым.

«Таблиғи Джамаат» діни ұйымын 1927 жылы Үндістанның Мевате провинциясынан шыққан Моулан Мұхаммед Ильяс (Мұхаммед Рияз Мұхаммед Исмаил Ал-Ханафи Ад-Дайлубанди Ал-Джашти Ал-Кондехлави) құрды.

Діни ұйымның мақсаты «жалған мұсылмандарды», яғни өзін мұсылман санаған, бірақ діни құлшылықтарды орындамайтын мұсылмандарды шынайы ислам дініне шақыру болып табылады.

«Таблиғи Джамаат» ұйымы діни ұстанымға байланысты қоғамды жікке бөлетін, конституциялық құқық, білім алу және отбасылық міндеттерге қарсы шығатын деструктивті сипатқа ие.

Ұйымның қызметі зайырлы конституциялық, демократиялық, құқықтық мемлекеттік орналастыруды өзгертуге ыңғайлы жағдай тудырады.

§6.5 Қазақстан Республикасының аумағында сот шешімімен тыйым салынған оккульттік-мистикалық ұйымдар.

1. Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2008 жылдың 22 желтоқсандағы және 2009 жылы 12 қаңтардағы Астана қаласының сот шешімдеріне сәйкес «Алля-Аят»

әдісімен емшілік жүргізген Фархад Абдуллаевтың қызметіне республика аумағында тыйым салынды.

Бұндай шешім қабылдауға, медицина саласы мамандарының азаматтар денсаулығына зақым келтіру туралы дәлелдері және заңды түрде мұндай әрекеттер мемлекеттің қауіпсіздігіне кері әсерін тигізу себептері негіз болды.

«АЛЛЯ-АЯТ»

«Алла Аят» ағымның негізін салушы – Алматы облысының Шоңжы ұйғыр ауданының тұрғыны, тракторшы болған Фархат Мухамедұлы Абдуллаев, оны соңынан ерушілер Фархат-ата немесе Фархат-дада дейтін.

Ағымның негізін қалаған оның сөзі бойынша, Алла аят – бұл өмір сүру салты арқылы емделу. Ол көптеген тыңдарманды жинап алып, емшілік сеанстарын жұбайы Нинамен бірге өткізетін.

Негізгі кілтті сөз «алля (элля)» (сәби) деген сөздер болды. Сеанс барысында Фархат өзінің жер бетіндегі барлық адамдардың ауруынан хабардар екенін жеткізетін. Және ол Күн энергиясын пайдаланған кез келген адамды емдеп жазатындығын айтатын.

Ағым басшысы дәрі-дәрмектерді пайдалануға қарсы болып, медицинаны жоққа шығаратын. Оның емдік формуласы – күнге қарау және эткен-шәй ішу.

Код сөзінің негізгі мағынасы: Алля – сәби, аят – Жаратушы басқарған өсиет және күннің қуатты сәулесі, Селенная – Сананың таза бөлігі, Ұйғұр – Жаңа ми, Жаңа өркениет дегенді білдіреді.

Жылына үш рет – қаңтар, мамыр және қыркүйек айларының алғашқы күндерінде – ағымды құрушылар тарапынан көп күнге созылған Аяттарды оқитын. Сенім бойынша ұстаздың шәкірттері арқылы басқа емделушілердің аурулары отқа жағылып кетеді.

Фархат Абдуллаев өзіне «Селенной Жаратушысы» (Әлемдік деген мағынада емес) рөлін алып, кез келген дінді тәрк етті. Әсіресе ислам дініне қатты өш болатын. Ол өз жолын ұстанушыларға Құранды үйде ұстамай мешітке апаруына, қайтыс болған адамның жаназасына және 40 күндігіне бармауға үгіттейтін.

Әсіресе ағымды күшейту жолында жалған ғылыми мақалалар жариялаған «Селенная жұлдызы» журналына үлкен мән берілетін.

ҚР Денсаулық сақтау министрілігінің ведомствоаралық комиссиясы тарапынан жүргізілген анықтама жұмыстары бойынша төмендегідей жағдайлар анықталды:

– «Алля аят» қозғалысы біртіндеп харизматикалық сипаттағы псевдодіни оккультті-мистикалық діни ұйымға айналуға;

– «Алля аяттың» емдік сеанстары тұлғаның физикалық және психикалық жай-күйіне зиян келтіріп, деструктивті өзгерістерге ұшыратады;

– «Алля аяттың» қолданыстағы әдістері ғылыми-тәжірибелік негізде қызмет ететін дәстүрлі медицинаға қарсы, оккульттік сипатқа ие.

– діни ұйым негізін қалаушы мен оның соңынан еруші шәкірттер нейролингвистикалық бағдарлау әдісін қолданады.

Комиссияның арнайы зерттеу жұмысы негізінде «Алля аят» ағымының әрекетін ҚР азаматтарының еркіндігі мен өміріне қауіп төндіруші деп танылды.

2. Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2009 жылдың 5 ақпанында 22 желтоқсандағы шешіміне сәйкес «Ата-жолы» ЖШС және «Ата жол» (Ақ жол) қозғалысына мемлекеттің қауіпсіздігі мен адам денсаулығы арқылы қоғамға зиян келтіргендігі үшін тыйым салынды.

Сот шешіміне сәйкес БАҚ арқылы аталмыш ұйымның іс-әрекетіне қолдау көрсетуге тыйым салынады.

«АТА ЖОЛЫ»

Ілімнің негізгі ұстанымдары және оның қоғам үшін қауіптілігі.

Ұйымның әрекетіне әуел бастан секталық сипат тән болды.

«Ата жолы» оккультті-мистикалық ілімі Қазақстанда 1990 жылдардың аяғында пайда болды. Аталмыш қозғалыс ұстанушыларын ата-баба аруағының емдік қасиетіне сену арқылы барлық аурудан айығу деген сенімі біріктірді. Ұйымға әуел бастан ағымдық сипат тән.

Ұйымның негізін салушы Қыдырәлі Тарыбаевтың Қазақстан бойынша көптеген шәкірттері болды және ол «Ата жол» атты рухани-танымдық журналын, «Ата жолы әліппесі» және т.б. басылымдарды шығарды.

Медициналық және психологиялық білімдері жоқ азаматтар емдік сеанстар өткізіп, көпшілікпен бірге құлшылық жасап, ұйым соңынан ерушілерді қасиетті жер Түркістанға апаратын.

Шын мәнінде «Ата жолындағы» «емдеу» тәсілдері дәстүрлі медицина мен халық емінің қағидаттарына сәйкес келмейді.

Сектаға өткен адамдардың психологиялық, рухани және тәндік қысымдарға ұшырып, қайғылы оқиғаларға тап болғандығы жайлы мәліметтер тіркелді. Адамдардың өздеріне қол салу оқиғалары орын алғандығы анықталған.

Құқық қорғау органдары «Ата жолының» негізгі қаржы көздері оның соңынан ерушілердің ақшалай өтемдері екенін, анықтаған. Ем алу үшін ұйымға жаңа мүше болғандар ең соңғы мүлкінен де айырылған.

Ұйым құрылымы жағынан «ақша пирамидасына» өте ұқсас. Әр мүше ұйымға өз беделі мен дәрежесін көтеру үшін өзімен бірге бірнеше адамдарды әкелуге міндетті болған.

2009 жылы Алматы қаласының сот шешіміне сәйкес «Ата жолы» ұйымының әрекетіне Қазақстан аумағында тыйым салында. Тыйымға қарамастан, оккульттік ағым Қазақстанның көптеген аймақтарында алдамшылық арқылы өз әрекетін жүзеге асырып, елімізден тыс жерлерден де мүшелер табуда.

Әсіресе жалған емшілер «Орда» атымен Ресей елінде белсенділігін көрсете бастады. Культ ұстанушылары кезкелген ақаудан тазару және «әулие» дәрежесіне көтерілу адептісіне қайта оралды. Емдеу әдістері дәл сондай: ата-баба рухына сыйыну, «қасиетті жерлерді» аралау, «қасиетті суды» пайдалану және қамшымен ұру. Тазару рәсімінен кейін аз ақша төленбейді және бұдан кейін ордалықтар дұға оқылған қамшыдан таяқ алатын.

Ресейлік басылымның біреуі емшілік тәжірибесін ұйымдастыруды былай суреттеген «Бірінші емдік кезеңнен кейін одан да маңызды – Қазақстан мен Ресейде орналасқан мазарларға, «киелі» жерлерге сапар ізінше ерді. Бұдан бас тартқан ұйым мүшелерін түрлі аурулармен, туыс-туғандармен болатын жазатайым уақиғалармен және де өліммен қорқытқан. Әрине, көбісі өз өміріне және жақындарына төнген қауіптен қорыққаннан келісті. Жолай ешкімге ұйқы бермей, жалықпай дұға етуге мәжбүрлеген. «Киелі» жерде құрбандық шалу рәсімі өткізіліп, міндетті түрде «садақа»-ақша салынатын».

Ресейлік сарапшылар, қазақстандық әріптестерінің соңынан, «Ордаға» кіргендердің көбісінде психикасы бұзылған, оларға дәрігер-психиатрдың көмегі қажет екендігін растайды.

2011 жылы Башкирияда бұл ұйымға тыйым салынған болатын. 2013 жылдың ақпан айында Челябинск облысының Кизил ауданында «Орда» жабылған болатын. Шілдеде осыған ұқсас тыйым салу Челябинск қаласының өзінде де күшіне енді.

Мәлім болғандай, бұл секта өз экспансиясын жалғастырып, қызметін Оралдың, Поволждың және Сібірдің өзге де аймақтарына таратуда.

* * * * *

VII БӨЛІМ

РАДИКАЛДЫҚ, ЖАЛҒАН ДІНИ ЖӘНЕ ТЕРІС ПИҒЫЛДЫ АҒЫМДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАУІПТІЛІГІ ЖӘНЕ КӨРІНУ ФОРМАЛАРЫ

§7.1 Қазақстандағы исламдық радикалды діни ағымдар.

Оңтүстік аймақтан басталған Ислам дінінің қазіргі Қазақстан территориясына енуі бірнеше ғасырларға созылды. Кейбір дерек көздері бойынша, ислам дінінің таралуына Түргеш қағанатының Аббасид халифатымен одақтас болып, Қытайдың Таң империясы әскерін 751 жылы Талас шайқасында жеңді. Шайқастағы жеңіс Таң империясының батысқа деген экспансиясын тоқтатып, X ғасырдың соңына таман отырықшы мекен болған Жетісу мен Сырдария аймағында ислам дінінің таралуына жол ашты.

Ислам X ғасырдың аяғына таман Қараханид мемлекетінің мемлекеттік діні ретінде жарияланды. Шыңғысхан билігінің кеңеюі ислам дінінің ақырын таралуына біршама әсерін тигізді, себебі түріктердің дәстүрлі діні «Тәңіршілдік» болатын. Дегенмен ислам діні одан кейінгі ғасырларда кең тарала бастады. Алтын Орда хандары Берке (1255-1266) мен Өзбек (1312-1340) ислам дінін қабылдады. Бұл дәуірде түркілер арасына сопы дінбасыларының беделі жоғары болатын. 1166 жылы Түркістан қаласында дүние салған, Орта Азия аймағында суфизм ілімінің негізін қалаған Қожа Ахмет Яссауи түркі халықтары арасында ислам дінінің таралуына үлкен үлес қосты.

Бүгінгі таңда қазақ халқы өзін мұсылманға жатқызады және белгілі бір деңгейде ислам дінінің талаптары мен шарттарын орындайды. Мысалы: сүндеттеу дәстүрі мен мұсылманша жерлеу рәсімін барша қазақ ұстанады. Ислам дінімен қатар қазақтар арасында Ислам канонына қайшы келмейтін исламға дейінгі дәуірлерде қалыптасқан кейбір салт пен ырымдар сақталған.

Жоғарыда аталған мәселелерге байланысты «дәстүр» түсінігіне тоқталсақ.

Белгілі болғандай, «дәстүр – атадан балаға мұра ретінде жалғасып келе жатқан, сол қоғамда қарым-қатынас негізінде қалыптасқан тәжірибелік дағды мен әдет және салттардың жиынтығы». Біз және үмметтің басым бөлігі ұстанған ислам діні Мұхаммед Пайғамбардан бастап, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын табуда.

Ресейлік дінтанушы ғалым А.Сидоров *«Живом журнале» атты журналында жарық көрген мақаласында «дәстүрлі Ислам ол тарих сахнасында мұсылман әлемінің көпшілігі ұстанған ислам діні, оның ішінде бірінше кезекте ислам ғұлама ғалымдары мен үкімет билеушілерінің жолы. Бұл феномен бірнеше қасиеттерге, (өркениеттік, әлеуметтік, саяси және т.б.) бір жарым мың жылдық ислам оқымыстыларының тарапынан жиналған өзіндік теологиялық сипатқа ие»* екендігіне баса назар аударады.

Бұл атау, ең алдымен, адамдарды адастыруға жол бастаушы әлдебір «таза ислам» діни ілімімен байланысты. Сол себепті мұсылмандар өздері ұстанатын Исламдық діни ілімді «дәстүрлі», яғни жалған исламнан таза деп атай бастады. «Дәстүрлі емес ислам» түсінігіне келер болсақ, бұл топқа бейбітшілікті сақтау, келісім және бірлік, сонымен қатар құрмет, басқа конфессияларға деген діни төзімділік пен толеранттылықты насихаттаушы Исламның принциптеріне қайшы келетін «Ваххабизм», «Хизб-ут-Тахрир», «Таблиғи Джамаат» және «Құраниттер» сынды кейбір ислам ағымдары жатады.

Жоғарыда аталған жалған ислам ағымдарының таралуы себепті шынайы Исламды олардың идеологиясынан ажырату үшін мұсылмандар қауымы оларға анықтама беруге мәжбүр болды.

Жоғарыда аталған ислам бағытындағы ағымдар бүгінгі таңда Ислам дінінің дамуына үлкен зиян келтіруде. Ағымдардың радикалды көзқарастары және ұрандары бұқара халықты Ислам діні мен мұсылман әлеміне деген жеккөрініш пен қорқынышқа итермелеуде.

Олардың сипаттамасына тоқталсақ.

Уаххабизм» (араб. аль-вахабият) – XVIII ғасырда пайда болған Ислам ағымдарының бірі.

«Уаххабизм» атауы осы ағымды жақтаушылар тарапынан қолданылады (дәстүрге сай, оның жақтаушылары өздерін салафит деп атайды). Уаххабизм атауы Ибн Таймияның ізбасары болған Мұхаммед ибн Абд аль-Уаххаб ат-Тамимидың құрметіне қойылған.

Мұхаммед ибн Абд аль-Уаххаб ат-Тамими шынайы Ислам діні тек алғашқы үш ғасырда ғана Мұхаммед Пайғамбардың ізбасарлары тарапынан орын алғандығына сендіріп, кейінгі ұстанымдар сырттан келген күпірліктен өзгерген деп қарсылық танытты.

1932 жылы Абд аль-Уаххабтың идеясын жақтаушылар үздіксіз күрес нәтижесінде, тәуелсіз араб мемлекеті – Сауд Арабиясын құрды. Уаххабиттер әулиелердің қабірін зиярат етуді тиым деп санап, олар бұл әрекетті – өлі адамдарға табыну деп түсінді.

Сонымен қатар аталмыш ағымның адептісі бойынша тавассул, Мұхаммед Пайғамбардың туылған күнін тойлау дұрыс емес болып табылады. Олар дінге сенбеушілер (кәпір) мен мұсылмандар арасынан екіжүзді-діннен шыққандарға (мұнафиқ) қарсы қарулы күрестің (ғазуат) қажеттілігін насихаттайды.

Уаххабизмнің енуі дәстүрлі дін басылары біліктілігінің жоқтығы мен қатар, 1990 жылдардың басына таман елімізде ислам институттарының пайда болуымен байланысты.

Ресми мәліметтерге бойынша, Қазақстанда уаххабиттер 1997-1999 жылдары пайда болды. Олар еліміздің батыс аймағында тарала бастады. Аталмыш ағым өкілдері Ислам теологиясының көбін жоққа

шығарады. Мысалы, олар өздерінің идеологиясына қайшы келген кез келген шынайы мұсылманды күпірлікке [дінсіздік] бой алдырды деп айыптайды. Оқымысты ғалымдары «кім бізбен бірге болмаса, ол дінсіз (кәпір)» деген заңға сәйкес мұсылмандарды өлтіруге рұқсат береді. Жаратушы мен Оның жаратылысы арасындағы делдалдыққа мүлдем тийым салады.

«Құраниттер» – бұл ағым Хадистерді, яғни Мұхаммед Пайғамбардың сөзі мен әрекетін жоққа шығарып, олар өздерінің көзқарасының жиынтығы бойынша Сүннетті – консервативті дінбасылары тарапынан өзгеріске ұшыраған және бастапқы түріне мүлдем сәйкес келмейді деп түсінеді.

Діни ортада құраниттер қауымы «Ахли Құран» деген атаумен танымал.

«Құраниттер» ағымының негізін қалаушы мысырлық оқымысты ғалым Ахмед Мансұр өзінің сүннетті ұстамауы салдарынан, Каир қаласында мұсылман әлеміне кең танымал «Аль-Азхар» жоғарғы оқу орнында дәріс беру міндетінен шеттетілген болатын.

Құраниттердің негізгі бағыттары олар:

- Ислам дінінің сүнниттік және шииттік ұстанымдарына деген қарсылық.
- Құранды мойындау, Ислам дінінің қайнар көздерін, соның ішінде Сүннетті жоққа шығару.
- Ислам дінін адамдар тарапынан тигізген барлық «зияндықтардан» тазарту.
- Дінбасылары рөлін жоққа шығару.

Құраниттер ағымының мүшелері теологиялық тұрғыдан тек Қасиетті Құранды ғана дәріптеп, Мұхаммед Пайғамбардың сүннетін жоққа шығарады.

Аталмыш ағым мүшелері Мұхаммед Пайғамбардың сүннетін жоққа шығаруымен, шын мәнінде, өздері негізге алатын Құранға қарсы келеді. Сонымен қатар олар ислам шарифатында мүлдем құпталмайтын уақытша неке, анаша қабылдау және зина жасауға рұқсат етеді.

Ұйымдастыру және құраниттер қозғалысына идеялық тұрғыдан қолдау көрсету АҚШ-тық жетекшілер тарапынан жүзеге асырылады. Аталмыш мәселенің растығына жанама факт ретінде қозғалыс белсенділерінің АҚШ-та оқуы, сонымен қатар Америкаға жиі сапар шегулерін келтіруге болады.

«Құраниттер» қозғалысы еліміздің әлеуметтік-саяси және қоғам тұрақтылығына үлкен қауіп төндіріп, Қазақстандағы мұсылмандардың тұтастығы мен бірлігінің ыдырауына алып келуі мүмкін.

Бүгінгі қазақстандық қоғамда, әр түрлі жалған ислам ағымдарының кең көлемде таралуы негізінде, Абу Ханифа ілімі және Қазақстан

мемлекетінің конституциялық негізі мен тұтастығын ыдыратуды мақсат еткен дәстүрлі емес ислам ағымдары арасында пайда болған идеологиялық күрестің арту үрдісі байқалады.

Өз мақсаттарына қол жеткізу үшін дәстүрлі емес ағымдардың мүшелері Абу Ханифа жолы мен басқа үш мазхаб ұстанушыларын күпірлік (дінсіздік) және бидғатпен (жаңашылдық) айыптап, ислам халифатын құруға үндейді. Сонымен қатар, ислам атын жамылған кейбір дәстүрлі емес ағымдар, өздерінің ішінен Әмір [Жолкөрсетуші] сайлап, жихадқа [қасиетті соғыс] шақырады.

§7.2 Қазақстандағы жалған діни және деструктивті ағымдар

Жаңа діни ағымдардың жаппай пайда болуы мен кең таралуы «діни серпіліс» кезеңі орын алған ХХ ғасырдың 60-70 жылдарына сай келді.

Дәстүрлі емес діни ағымдардың отаны ретінде АҚШ саналады және сол жерден Еуропа мен Азияға, Латын Америкасы елдеріне жаппай кең таралды. Бұл діннің жаңа тармақтары «дәстүрлі емес дін», «Жаңа дәуір діні», «канондық емес сенім», «альтернативті культтар», «жаңа діндер», «шығыс культі» немесе т.б. атаулармен аталды.

Бұл ағымдардың пайда болу мәселесіне келер болсақ, негізгі алғышарт ол көптеген батыс елдерінде орын алған дәстүрлі әлеуметтік құндылықтар мен діни идеология билігінің дағдарысқа ұшырауынан еді.

Бұл мәселе сонымен қатар, қоғам мен мемлекетте орын алған әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен сұраныстарға жауап бере алмаған христиандық діни құндылықтардың терең дағдарысты бастан кешіруіне байланысты болды.

Бейсаясаттық, қоғамның дәстүрлі құндылықтарынан көңіл қалу, нигилизм сезімі мен адам бойын билеген жалғыздық, өмірге деген жағымды көзқарас пен бағдардың жоғалуы – барлығы әлеуметтік-психологиялық тұрғыда қоғамнан жаңа идеал мен өмір-салтын іздеуге алып келді.

Жаңа діни қозғалыстар көшбасшылары дер уақытында дүниеге деген көзқарас өзгерісі мен жаңа рухани-өнегелік ұстанымға назар аударып, өз уақытында бұл сұраныстарға сай ептілік танытты.

Жаңа ағымдар идеологтары сәтті әрі шеберлікпен өздерінің таңдалғандар қатарынан жиналған діншіл әрі әлемді және барлық адамзатты құтқарушы, сонымен қатар өздерін жоғары деңгейдегі құндылық пен моральға жол бастаушы ретінде жарнамалады.

Жаңа ағымдардың пайда болуының бірнеше себебіне адамзаттың ғаламдық мәселелерін, соның ішінде: экономикалық дағдарыс,

әлеуметтік сүргін, стихиялық апат, термоядролық соғыс қаупі мен түрлі әскери қақтығыстарды т.б. жатқызуға болады.

Сөзсіз, бұл барлық себептер қоғамда жағымсыз көңіл-күйдің орын алуына, нигилизм мен түңілушіліктің пайда болуына, келешек өмірге деген сенім мен өзін осы өмірде көрсете алу қабілетінің жоғалуына жол ашты.

Жаңа культтердің пайда болу көрсеткішінің шыңы өткен ғасырдың 80-90 жылдарына, қайта құрудың «өркендеуіне» сай келеді. Қазақстанда да, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) аймағында харизматтық лидерлерге арқа сүйеген хаббард-колледждер, ассоциациялар, одақтар мен қоғамдар пайда болды.

Жаңа пайда болған діни ағымдардың культтік тәжірибесінде өз тәртібі қалыптасты, соның ішінде: барлық ағым мүшелері діни культтерді орындауда белсенділік танытуы тиіс; адепт бойынша жаңа дін ілімін барынтамен игеру; әсіресе миссионерлік қызмет пен ағымның бюджетін қаржылай толықтыруға үлкен мән берілді.

Сөйтіп, XX ғасыр 90 жылдардың ортасына таман әр түрлі бағыттағы діни бірлестіктердің белгілі бір ортада таралымға ие болған қазақстандық үлгісі пайда болды. Белгілі болғандай, конфессияналдық кеңістікте діни ұйымдардың мынандай түрлері әрекет етеді, олар:

- Басты діни ұйымдар болып табылатын Шіркеулер (Churches, Ecclesia).

- Негізгі конфессиядан бөлініп шығатын ірі көлемдегі бағыттар/деноминациялар (Denominations).

- Секталар (Sects), негізгі конфессиямен сабақтаса отырып, ұйым ішінде өзіндік қарым-қатынас пен құндылықтар жүйесі қалыптасқан топ. Олар ақыр соңында деноминацияға айналуы мүмкін.

- Культтер (Cults, New Religious Movements) – бұл жаңа пайда болған ұғым, ол культ лидері айналасына шоғырланған.

«Деструктивті культ», «деструктивті секта» ұғымы ағылшын тіліндегі – «Destructive cult» сөзінен пайда болған. Аталмыш термин шетелдік және отандық зерттеушілер – әлеуметтанушылар, психологтар, криминалистер, публицистер және теологтар тарапынан қоғамға зиян тигізуші (материалдық, психологиялық және физиологиялық тұрғыда) діни емес топтар мен ұйымдарға қаратып қолданылады.

Секта – буддизм, христиан және ислам діндерінен бөлінген және оларға оппозиция ретінде пайда болған әр түрлі діни ұйымдар мен бірлестіктердің жалпы атауы. Секта қоғамға қарсы және кертараптық сипатқа ие және солай болып қала береді.

Сектаға тән сипатқа келер болсақ, олар: діни фанатизм, өмірден бас тарту және аскеттік өмір салты, психологиялық тұрғыда басқа адамдардан бөлектенген.

Тоталитарлық секта – бұл адамдарды өз қатарларына алдап тарту мен өздерінің залым мақсаттарын жүзеге асыруға пайлану үшін, сектаның доктринасы мен адептiсiне деген бойұсынушылықты қалыптастыру жолында олардың санасын бақылауда ұстауды машық қылатын авторитарлы иерархиялық деструктивті діни ұйым немесе қозғалыс болып табылады.

Деструктивті және жалған дәстүрлі емес діни қозғалыстар әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланады, соның ішінде:

- сана мен іс-әрекетті бақылауға алушы әр түрлі тәсілдер,
- ұйым мен лидерге деген жасырын түрде, яғни психологиялық, физикалық және қаржылай тұрғыда бағыныштылықты пайда қылу,
- адам бойында сектадан алшақтау, яғни одан тәуелсіз түрде күй кешуге деген қорқынышты ұялату, яғни секта мүшелерін қарғыспен қорқыту.

Осы себепті, барлық бұндай әдістердің әсері мен зомбилау әрекеті адамдарды қорқынышта ұстап, олардың бойында өздерін кінәлі санау сезімін пайда қылады; секта мүшелерінің бойында үнемі қысым және т.б. жағдайлардың орын алуы, жүйкежүйе мен психикалық кері кетушілікке, депрессияға, өзіне-өзі қол жұмсау әрекетіне алып келеді.

Өмірлік тәжірибесі аз, жылдам қабылдаушы және барлық ерекше, жаңа нәрсеге тез бейімделгіш, сонымен қатар деструктивті культ алдауына оңай түсетін жастар тобы деструктивті культтердің әрқашан басты назарында.

Жастар өміріне қауіп төндіруші культтерді ескере отырып, жастардың деструктивті ағымдар торына түсуінің негізгі себептеріне тоқталсақ, олар:

- әлеуметтік дағдарыс;
- отбасында орын алатын ұрыс-керіс;
- мәжбүрлі түрде орын алған миграция;
- ажырасу салдары;
- алғашқы оқу жылындағы әлеуметтік тұйықталу;
- жақын адамдардың сырқаты/өмірден өтуі;
- қорқыныш пен болашаққа деген сенімсіздік;
- жеке өмірінде білгірліктің жоқтығы;
- қоршаған ортамен қарым-қатынас орнату әрекетінің үлкен мәселеге айналуы және т.б. жатады.

Деструктивті діни ұйым – бұл жеке тұлғаға, қоғам мен мемлекетке үлкен қауіп төндіруші, яғни діни наным-сенім негізінде адамзатқа қарсы жасалатын қылмысты жүзеге асырушы қатал иерархиялық құрылым.

Деструктивті культ жетекшілері пайдаланатын кейбір әдіс-тәсілдердің түрлері келесідей:

- өмір салтын өзгерту/ереже/идеал/әдет және сонымен қатар қызығушылық/қажеттілік/бейімділік және т.б.;

- отбасы мен достар арасында демалыс барысында жүзеге асатын қарым-қатынасқа деген қызығушылықтың жоғалуы;
- діни тақырыптағы немесе діни сипаттағы әңгіменің көбеюі;
- ата-баба салт-дәстүрі мен мәдениетіне, патриоттық сезімге және үлкендерге деген құрметсіздіктің орын алуы;
- белгісіз танымал адамның жат санасы мен сөздерін қайталау;
- үйде, отбасында, жақын достары мен туыстары арасында жиі болмауы;
- ел іші мен сырт мемлекеттерді көп аралау;
- телефондағы әңгімелері мен хаттардың шамадан тыс көбеюі;
- үй кітапханасында немесе кітап сөрелерінде діни сарынды және жалған діни материалдардың көбеюі (журналдар, таратпа қағаздар мен брошюралар және т.б.);
- күн тәртібі мен тамақ ішу тәрбінің бұзылуы;
- тұйықталушылық;
- қаржыға деген тәуелділіктің артуы, туыстар мен достардан және банктерден қарызға ақша алу;

жылжымайтын дүние мен мүлікке ие болу қызығушылығының артуы;

Деструктивті діни ұйымдарда орын алатын адептерге деген ақпараттық басқару күшейтілген, оларға:

- топтан тыс адамдармен байланыс орнатпау;
- сана мен психиканы жаулау мақсатында жүзеге асырылатын діни кітаптардың оқылуы мен лекциялардың жазылуы;
- культке қатысты белгілі бір ақпараттың «құпия» деп танылуы (мысалға, қай адамның лидер екендігі, қаржының қайда кететіндігі мен құрбандыққа не шалынатынығы жайлы мәліметтер);
- «Біз балалардың қолайсыз жағдайларына арнап ақша жинаймыз», «Біздің мүшелердің ешқайсысы лидерге ақша бермейді» және «Құдай – ол біздің гуру емес» сынды жалған ақпараттардың саналы түрде таратылуы жатады.

Деструктивті діни ағымдардың қауіптілігі сол – олар мақсатты түрде адам санасының өзгеруіне әкеліп соқтырады. Көптеген культке тән нәрселердің бірі оның мүшелерінің жатақханаларда («монастырь», «ашрам» және т.б.) тұруы. Бұндай жерлерде тұру «Гуру өз балаларын жақсы көреді, әсіресе монахтық өмір салтын ұстанғандарды тіпті жақсы көреді» деген сөздер арқылы жүзеге асырылады.

Осындай ақпараттық шабуылдар ұйым мүшелері тарапынан аталмыш секта жайлы объективті немесе сын көзқарастарының айтылуына жол бермеуге алып келеді.

Деструктивті діни ағымдардың қауіптілігі олардың мақсатты түрде әсер етуі мен сананы мүлдем өзгертуінде жатыр. Сонымен, ұйым

мүшелерін культтық құндылықтарға негізделген қатал өмір салтын ұстануға сендіреді.

Ақыр соңында, культті берік ұстану мен оған бас ию культке деген тәуелділік сенімін қалыптастырады. Одан басқа, ұйымның көптеген бағдарламасы бойынша әрекет ету, ағым мүшелері күшінің сарқылуы себепті культтық міндеттен күмәндану ойы жүзеге аса қоймайды.

Білуге тиіс нәрсе ол, трансқа түсуге шақыратын (медитация, дұға тілеу, бірсарынды ізбен ән салу, өзін гипноздау) оқу мен әдіс-тәсілдерді шамадан тыс пайдалану, сөйлеу әрекеттері ойдың, сезім мен күмәннің; интеллектуалды және сыни қабілеттің төмендеуіне; психопатологияның пайда болуына алып келеді.

Әлбетте, бұл тәсілдер мамандар (білікті дәрігерлер мен психологтар) тарапынан, яғни солардың бақылауы арқылы аз орын алар болса, адам өміріне қауіп төнбейді. Бірақ деструктивті ұйымдар бұл әдіс-тәсілдерді шамадан тыс пайдалану арқылы, адамның рухани өркендеуіне емес, керісінше, жасанды жол арқылы адамды дұрыс ойлау қабілетінен ажыратады.

Бұндай әдістерді пайдалану, көпшілік алдында мерекелі түрде өзінің адал әрі басқа (кейбір культтер өз қатарларына адам тартуда жоғары дәреже мен басқа да сыйақыны ұсынады) көп адамдарды культке тартатындығын уәде етеді.

Жалған діни ағымдардың идеологиясы бойынша, сенушілердің культтен кетпеуі үшін тәжірибе жүзінде «Егер сен кетсең, сенің өмірің бөлшектенеді», «Сенің рухың азап тартады», «Сен тозаққа түсесің», «Сенің өмірің қауіпке толы болады» және т.б. сынды бопсалау сөздерін пайдалану болғандықтан, адамдар культті тастап кетуден қорқып мүше болып қала береді.

Культ лидерлері өздерінің әдіс-тәсілдері ретінді тез арада бейбітшілікті орнату, «өздеріңді күштей отырып тырысыңдар» және «сендер кез келген культ уәдесіне қол жеткізе аласыңдар» деген сынды сөздермен адепт мүшелерінің рухын арттыруға ұмтылады. Ақыр соңында ағым мүшелері өздерін жетілдіруге ұмтылып, шамалы талпыныс көрсетпедік деп өздерін кінәлайды.

Культ лидерлері ұйым мүшелерін сыртқы ақпарат көздерінен шамалы немесе мүлдем шектеу әдісін игерген. Осындай әрекет нәтижесінде, мүшелер тарапынан культ жайлы сындық пікір қалыптастыруда қарама-қайшы көзқарас орын алмайды. Керісінше, олардың көзқарасында бұл «таңдаулы» топқа деген күмән, сол күмәнданған адамның өз кемшілігі сынды пікір қалыптасады.

Культтық емес барлық ортамен қарым-қатынасты үзу және лидерлердің эмоционалды түрде культке демеу беруі, ұйым мүшелерінің культпен достығының артуына, жақындық пен эмоционалды қолдау

көрсетуге; өзін бөтен сезіну, культтен тыс әлемге дұшпандық пен түсініспеушілікке қол жеткізеді.

Нәтижесінде жеке тұлғаның санасы мен психикасына жүргізілген жүйелі жұмыстан кейін деструктивті ағымдар лидерлері мен идеологтартары, симбиоздық тәсілді қарқынды пайдалану арқылы, культ қажеттілігі болған тұлғаның мұрасын, банктағы есеп-шотын, төлем чектері мен одан да басқа материалды мүліктерге (үй, машина, аудио мен видеотехника және т.б.), яғни өздерінің мақсаттарына қол жеткізеді.

Деструктивті және жалған діни ағымдар өз қызметтерін атқару арқылы бүгінгі таңда діни экстремизмнің қалыптасуы мен таралуының қайнар көзі болып табылады және олардың табиғи ұстанымы тек өздерінің діни деструктивті ұйымдарының діни доктринасының ғана дұрыс екендігіне қарсы келетін діни, әлеуметтік, мәдени, саяси және т.б. көзқарастарды жарнамалайтын радикалды діни идеологиямен астасып жатады.

Деструктивтілік – ол қоғам өмірін дағдарысқа салушы және мемлекеттің тұрақтылығына қауіп төндіруші факторларының бірі болып табылады. Деструктивті және жалған діни ағымдарға бірнеше исламдық және оккультті-мистикалық ұйымдар жатады.

Мадхализм – бұл қазіргі заман салафизм ағымдарының бірі, Қазақстанға 2000 жылдары тарала бастады.

Салафизм термині араб тіліндегі «саляф» («ата-баба, ізашар»); яғни «саляф-ус-салихун» деп («тақуа ізашарлар немесе ата-бабалар») – Мұхаммед Пайғамбардың серіктері мен кейінгі екі буын өкілдерін атаған. Басқаша айтқанда, «салафит» терминін «алғашқы тақуа адамдардың сенімі мен өмір ұстанымына толықтай еліктеп, ұмтылушы мұсылман» деп түсіндіруге де болады.

Бүгінгі таңдағы салафизм ағымы әлеуметтік-саяси методологиясы мен тарихи көзқарастағы азырақ айырмашылықтарына қарамастан, кейбір ортақ теологиялық ұстанымдарға ие бірнеше бағыттан тұрады. Бұдан басқа, бұл ағым мүшелеріне шииттік дін өкілдері мен суфизмге, сонымен қатар, мұсылман әлемінде кең таралған – қабір салу мен оған зиярат ету, тавассуль (Аллаға біреу арқылы бет бұру) және т.б. түсініктерге деген теріс көзқарастар тән.

Салафизмнің дәл осы ұстанымдары қоғамға кеңінен танымал. Дегенмен де, салафиттік ағымдардың барлығына тән басты ерекшелікке салафиттік ақида – сенім жатады.

Қазақстанда бүгінгі таңда өздерін салафит ағымына жатқызатын екі бағыт әрекет етеді. Бұлар өзгеше «шежіреге» ие, яғни шыққан жері және

әлеуметтік табиғаты мен идеялық-методологиялық негіздері ортақ емес ағымдар болған такфиризм мен мадхализм деп аталады.

Мадхализмнің пайда болу тарихы мен белсенді әрекеті Сауд Арабиясы Корольдығында соңғы жиырма жыл ішінде орын алған жаңа тарихпен тікелей байланысты. 1992 жылы АҚШ-тың экс-президенті Джордж Буш – үлкен сол кездегі Кувейтті басып алған ирактық лидер Саддам Хуссейнге қарсы ұйымдастырған «Буря в пустыне» әскери жоспарын іске асыру барысында, Сауд Арабиясы өз территориясында американдық әскери базаның орналасуына рұқсат етті.

Бұл мәселе Саудиялық тұрғындар арасында қарсылық тудырып, белсенді көзқарас танытқан адамдардың бірі шейх Сурури такфиризм ағымына тартылды. Сол кезеңде Суруриды қолдаушыларға қарсы корольды жақтау мақсатында Мәдиналық ислам университетінің профессоры, шейх Рабиъ аль-Мадхали теологиялық тұрғыда кез келген жағдайда елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін патшаға деген мойынсұнудың қажеттілігін алға тартты.

Назарға алар нәрсе, ол өзінің саяси «ұстамдылығы» мен басшыға бағыну принципіне қарамастан, мадхализм ағымының мұсылман қазақ халқы тәжірибесін және тарихын белсенді түрде жоққа шығаруы қазақтың ұлттық бірлігіне қауіп төндіреді.

Сонымен қатар қазақ этносының саяси одақ ретінде қалыптасуы мен XV ғасырда мұсылмандық бірлігінің пайда болуын мадхалиттер назарға алмайды. Дегенмен салафиттік мадхализм ағымын жақтаушылар жасырын және жария түрде қазақ халқының алғашқы буынын ислам дінін ұстанғандығын мойындамайды.

Нәтижесінде мадхалиттер, ислам діні Қазақстанға өздерінің ұстанымдары арқасында ғана таралды деген тарихқа мүлдем сәйкес келмейтін көзқарасты таратуда. Атап өтетін нәрсе, Қазақстандағы мадхалиттер 15 пен 45 жас аралығын құрайды. Бұл адамдар тобы еліміздің тарихын ғылыми форматта түсінуден бұрын, сыртқы көзрас немесе кеңес дәуірінің социалистік тарихы тұрғысында қабылдайды.

Параллельді түрде өмірдің кез келген жағдайында саудиялық оқымысты-теологтардың ұстанымын ұстануға мәжбүрлеу, діндар адамдардың күнделікті жағдайға байланысты жеке шешім қабылдау ықыласын шектейді. Сондай-ақ жергілікті мадхалиттердің тек кейбірі ғана тікелей оқымысты ғалымдар мен ақпараттарға қол жеткізу мүмкіндігіне ие. Қазақстан үшін мадхалиттер өздерінің әдістеріне қарай, жасырын түрде деструктивті күш-қуатқа ие.

Такфириттер өздерінің бастауын «Ат-такфируаль-хиджра» («Дінсіздік үшін айыптау және өз діндерін сақтау мақсатында сапарға шығу») атауынан алып, көптеген мұсылман елдері мен қатар, Еуроодаққа мүше мемлекеттерде тыйым салынған «Ихвануль-

муслимин» («Мұсылман бауырластығы», «Мұсылман ағайындылар») радикалды партиясының негізінде пайда болған.

«Ат-такфируаль-хиджра» негізін салушы Саид Кутб (1906-1967) және Мұстафа Шукри (1942–1978) – радикалды саяси әдістерді жетілдіруші, дәстүрлі ашғарит ақидасының өкілдері. Қозғалыстың әрекет етуіне үлкен еңбек сіңірген Абдассалам аль-Фараг 1970-1980 жылдары такфир идеясын ары қарай дамытып, салафиттік ақидамен байланыстырды.

Нәтижесінде бүгінгі таңда такфириттер мен жоғарыда сипатталған мадхалиттер ақидалық діни мәселелер мен сақал қою және балақ қысқарту сияқты сыртқы көрініс бойынша ортақ ұқсастықтарға ие. Дегенмен олардың өз араларында идеялық негіз бен методологияны жүзеге асыруында аса айырмашылық жоқ.

Адамдарды қатарларына тарту такфириттер тарапынан үш сатылы психологиялық өңдеу арқылы жүзеге асырылады.

Алғашқы саты бойынша «кім намаз оқымаса – ол кәпір» және «кім Аллаһтың заңы бойынша билемесе – ол кәпір» деген сөздерге сендіреді.

Келесі, екінші сатыда «хиджра» – тікелей мағынасында сапар шегу, немесе сол қоршаған ортадан бас тарту, туыстық және басқа да қатынастардан қол үзу, тар ортада тұйықталады. Аталмыш әдіс барлық дінде ұшырасатын секталарға тән.

Үшінші саты бойынша ағым мүшелерінің бойында өздерінің кемшіліктеріне байланысты, жоспарға шынайы түрде сәйкес келмеу сезімі салдарынан өздерін кінәлі сезіну комплексі қалыптасады. Кінәлі сезінудің пайда болуы – барлық дінде кездесетін секталарға тән құбылыс.

Сонымен қатар, екінші сатыда такфиризм мүшелерінің басым бөлігінде отбасын асырауға деген қажеттіліктен туған мәселелер пайда болады.

Нәтижесінде такфириттердің үшінші сатысында, ендігі екінші сатыда психологиялық дайындықтың өткізілуі жалған жихадқа шақыру болса, бұл өзін жару арқылы билік құрылымдарына немесе қарақшылыққа – жихад жасау мақсатында «кәпірлерді» тонаушылыққа итермелейді.

Жеке алғанда, такфириттер бірінші орында сириялық-ауған үлгісі бойынша жетілдірілген жихад жасау тәжірибесіне сүйенеді, жихад жасаудың алдында ең алдымен билеуші және мемлекет қызметкерлерімен қоса, армия мен құқық қорғау органдары «такфир» (күпірлік жасады деп айыптау) шешімі бойынша айыпталады.

Зайырлы мемлекет пен үкімет басшысы «тағут» – табынатын адам деп айыпталады, яғни құқықтық емес, діни тұрғыда қарастырылады, ислам діні бойынша құлшылық пен табынуға тек бір Құдай ғана лайықты. Дәл осы тезис такфириттер идеологиясында маңызды орынға ие және

кейбір мұсылмандардың діни санасын өзгертуде психологиялық айла қолданылады.

Аса мән берілетін нәрсе, ол такфирлікпен айыптау өткен ғасырларда ислам ғалым-діндарлары тарапынан жетілдірілген такфир шартын шарифат бойынша бұзу болып табылады,

Ең алдымен, жалпы және жеке пайымның араласуы жүзеге асырылады: шарифат шартына сәйкес, белгілі бір әрекетті күпір (дінсіздік) деп тану, кез келген адамның сол әрекетті орындауы – мысалы, намазды тастау – кәпір саналса; белгілі бір адамға айтылатын осы сынды пікірлер бірнеше шартты қажет етеді, ал такфириттер бұл аталмыш шарттарды орындау барысында өрескел қателіктерге жол береді.

Қорыта келе, Қазақстанның заңнамасы бойынша такфириттердің әрекетін діни экстремизмге жатқызуға болады. Жоғарыдағы сипаттамаға сәйкес мақсатты түрде басшыға бағыну идеясын қолдаған мадхалиттер идеясы, әрекет етуші билікті құлату, әсіресе зайырлы, соның ішінде құдайдан бас тартушы елдердің билігін құлату идеясын ұстанған такфириттерге қарама-қарсы құрылған.

* * * * *

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-конфессиялық қатынастар» тақырыбы бойынша мемлекеттік қызметкерлерге арналған семинар БАҒДАРЛАМАСЫ	
I	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ – ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ
	Зайырлылық және зайырлы мемлекет: түсінігі және мағынасы.
	Қазақстан – зайырлы мемлекет: конституциялық құқықтық аспект.
	Мемлекет және дін арасындағы қарым-қатынаста зайырлылық қағидаттарын қадағалау.
II	КОНФЕССИЯРАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ
	Қазақстанның діни әр алуандығы: діни бірлестіктер туралы қысқаша шолу, дәстүрлі діни бірлестіктердің орны және рөлі, жаңа дәстүрлі емес діни қозғалыстар.
	Конфессияаралық келісімнің Қазақстандық моделі.
	Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін өткізу жөнінде Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың жаһандық бастамасы. Тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық және аймақаралық ұйымдардағы Қазақстанның рөлі мен қатысуы.
III	ДІН САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ
	Дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың негізгі қағидаттары.
	Дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға жауапты орталық және жергілікті мемлекеттік органдар.
	«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының заңнамасы.
	Діни саланы реттейтін нормативтік құқықтық актілер (Үкімет қаулылары, жергілікті атқарушы органдардың қаулылары, бірлескен ведомствоаралық бұйрықтар және т.б.).
	Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктердің қызметінің құқықтық негіздері.
	Дін саласындағы заңнамаларды бұзғаны үшін жауапкершілік шаралары.
IV	ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ
	Дін және құндылық жүйесі. Дін – рухани мәдениет феномені.
	Дін және құқық. Зайырлы және діни құқықтық қағидаттардың үндестігі.
	Дін, білім және ғылым. Діндегі өнегелілік тәрбие.

V	ДІН ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ РУХАНИ- ІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР
	Қазақ мемлекеттілігінің дамуы: мемлекет пен дін қарым-қатынасының тарихы.
	Ислам және ұлттық дәстүрлер.
	Дәстүрлі рухани- ізгі құндылықтар және зайырлы қоғам.
VI	ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ ЖӘНЕ ТЕРРОРИЗМ: ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ СИПАТТАРЫ
	Экстремизм және терроризм: түсінігі, мағынасы, көріну формалары.
	Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылда мемлекеттік органдардың өзара әрекеттестігі. ҚР Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру.
	Діни экстремизмнің алдын алу және конфессияаралық келісімді сақтаудағы жергілікті атқарушы органдар мен дін саласындағы уәкілетті органдардың қызметі.
	Қазақстан Республикасының аумағында сот шешімімен тыйым салынған террористік және экстремистік ұйымдар.
	Қазақстан Республикасының аумағында қызметіне тыйым салынған оккульттік-мистикалық ұйымдар.
VII	ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ РАДИКАЛДЫҚ, ЖАЛҒАН ДІНИ ЖӘНЕ ТЕРІС ПИҒЫЛДЫ АҒЫМДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАУІПТІЛІГІ ЖӘНЕ КӨРІНУ ФОРМАЛАРЫ
	Қазақстандағы радикалдық діни ағымдар.
	Жалған діни және теріс пиғылды діни ағымдар.